«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясының рухани-адамгершілік құндылықтарын және саламатты өмір салты мәдениетін нығайту мәселесін жастар арасында өзектендіру, оның қоғамдағы әрбір адам үшін міндетті және тұрақты болуы жоғарыда атап көрсеткен міндеттерді шешудің бір жолы болмақ. Мұнда ұлттық код қызметін атқаруға тұрарлық дәстүрдің орны ерекше. Философия ғылымдарының докторы, профессор Н. Сәрсенбаев өзінің «Әдет-ғұрып, дәстүр және қоғамдық өмір» атты еңбегінде дәстүрдің қоғамдық өмірде алатын орнына, атқаратын қызметіне философиялық тұрғыдан талдау жасап, оған тұрақтылық, көпшілікке ортақтық тән екендігін және ғылым мен әдебиеттегі, көркемөнер мен саясаттағы бағыттары болатындығын анықтап берді [13].

«Қай ұлттың болмасын мәдениетінің дәрежесі сол ұлттың әдет-ғұрпына, салт-санасына байланысты. Егер әдет-ғұрып, салт-сана сол ұлттың мәдени жағдайына күнделікті тұрмыста, әлеуметтік жағдайда көрсете алса, оның ұлттық

психологиясын тәрбиелеуде бағалы сипат алса, мұның қажетті шаруа екендігі даусыз. Онда дәстүр ұлттың мәдениетін көтеруге, өркендетуге, дамытуға аса қажетті іс ретінде танылады. Осыдан барып дәстүрге өте мұқият болу талап етіледі. Дәстүрді сыйлаған, дәстүрі бай, мәдениетті халықтар алдыңғы қатардағы ұлттардың қатарына еніп, көп шаруа тындырды. Қазақ халқы да дәстүрден құр алақан емес. Тамаша әдет-ғұрып, салт-сана жеткілікті. Олардың қай-қайсысы да адамдыққа, иманжүзділікке, мәдениеттілікке, дүниетанымды кеңейтуге тәрбиелейді [14].

Тәрбиенің нәтижелі болуына көптеген факторлар әсер етеді, соның бірі де бірегейі – тәрбие қағидаларының орындалуы. Яғни, жастарды «мәңгілік ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы рухында тәрбиелеуде тұтастық қағидасын ескеру қажет. Тәрбие отбасынан бастау алатын болғандықтан отансүйгіштік, инабаттылық, мейірімділік, ана сүтімен, ана тілімен орныға бастайтыны анық. Сол себепті халық даналығы: «Сүтпен біткен мінез, сүйекпен кетеді» дейді. Әрбір елдің, халықтың бала тәрбиелеудегі халықтық педагогиканың ғасырлар дәуірінен қалған асыл қазынасы бар. Жас ұрпақ сол ата-мұра өнегесінен күш алып қуаттанады, ізгілік негізін бойына дарытады. Олар адамның жас кезеңдеріне сәйкес орнығып, әлеуметтік қызмет арттырады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Олай болса, жоғарыда атап өткен белгілі ғалым, қоғам қайраткері Ғарифолла Есімнің Мәңгілік Ел идеясын жүзеге асыруда, жастарды жаңа қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеуде назар аударатын басты жеті мәселесін іске асырудың кейбір алғышарттарына қол жеткізуді былайша белгілеуді ұсынамыз. Біріншіден, «Адам қай қоғамда да өз еңбегімен қадірлі» [15]. Жастарға ұлттың санасында жазылып, орныққан (коды) еңбекке деген қарым-қатынасты жаһандық бәсекелестіктің өсуі және әлемдегі тұрақсыздық жағдайына қарсы төтеп беруде қисынды пайдалану қажет. Мысалы, халқымыздың еңбекті, адал еңбекті, таза еңбекті, тынымсыз еңбекті тәрбиенің алғышарты етіп қоятын «Еңбек түбі-береке», «Кешке дейінгі өмірің боласа, түске дейін мал жина», «Мал – тапқанға бітеді» және т.б. тәрізді тәлімдік сөздерін өмір қағидасы етіп алу. Екіншіден, «Қазір бой жарыстыратын заман емес, ой жарыстыратын заман», «Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым – білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс» [15]. Қазақ елінің азаматтары, қазақтардың елді Мәңгілік елге айналдыру үшін іскер, креативты болуына ой салатын Көне түркі жазуларындағы өсиетті сөздерді («...Егер сен, түркі халқы, өз қағаныңнан, өз бектеріңнен, өз Отаныңнан жырақ кетпей, бірге жүрсең, сен өзін де бақытты өмір сүресің, өзіңнің де отбасында еш нәрседен мұқтаждық көрмейсің... Ер жүрек халық – күшті

халық... Біз әперген жер-суымыз – Отанымыз деп білу керек») және қазақ даласы ғұламаларының тәлім-тәрбиелік идеяларын («Білім – байлық, азаймас һәм жоғалмас, қарақшы, ұрыға да тоналмас», «Ақыл шырақ-қара түнді ашатын, Білім-жарық, нұрын саған шашатын», «Ер игісі ел жүгін көтереді» – Жүсіп Баласағұн) [5] заманауи жағдайда санада қайта жаңғырту қажет. Үшіншіден, «Дәстүр мен мәдениет – ұлттың генетикалық коды», «Өзіндік ортада туған, бәсекеге қабілетті тұлға, алдымен, өз халқының мәдениеті мен тілін білуі керек» [15]. Жас буын халықтың дәстүрлі мәдениетін тындап, оқып-зерттеп, зерделеп, қолданысқа айналдыру арқылы тіл, тарих, дін, ділді меңгеру және мұнда ұрпақтар сабақтастығына (ата-әке-бала) аса мән беруі абзал. Төртіншіден, «Сапалы мұратсыз, асқақ армансыз өмір сүретін адамдарды ұсақ тоғышарлық мүдде, жеке бастың бір сәттілік материалдық пайдасын ойлау стихиясы сөзсіз арбап алады. Сөйтіп соның салдарынан қоғамдық азғындау басталады» [15]. Жастарға жақсы Қазақ – ел имиджін қалыптастыруда олардың қасиетті Қазақ елінің тәуелсіз азаматтары, патриоттары екендігін санасына сіңірту үшін қазақ ақын-жырауларының тәлімдік идеяларын, мысалы, Асан Қайғының:

«Арғымаққа міндім деп,
Артқы топтан адаспа.
Күнінде өзім болдым деп,
Кең пейілге таласпа.
Ғылымым жұрттан асты деп,
Кенессіз сөз бастама.
Жеңемін деп біреуді

Өтірік сөзбен қостама» – деп келетіндей өсиеттерін өмір сүру қағидасына (принципіне) айналдыру. «Отаншылдық рух бізге ауадай қажет» [15].

Сонымен, салт-санамыздағы уақыт сынынан өткен философиялық тұжырымдардың жастарды қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу мүмкіндіктері әлі де зор дей аламыз. Оларды баршаға тұрақты да ортақ дәстүр ретінде қолданысқа айналдыру заманауи педагогикалық ойлармен ұштасып, жас буын ұлт өкілінің көкірек көзін ашады, санасын сергітеді, қоғамды сауықтырып, дамытуға қызмет етеді.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Назарбаев, Н. Ә. Қазақстан халқына Жолдауы: «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік». – 2017 жыл 31 қаңтар. [Электронный ресурс]. – http://massaget.kz/mangilik_el/43897/

2 Назарбаев, Н. Ә. Қазақстан халқына Жолдауы: «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». – 2014 жыл 17 қаңтар.

3 «Интеллектуалды ұлт-2020» мемлекеттік бағдарламасы. – 2010 жыл 1 ақпан.

4 **Қашқари, М.** Түбі біртүркітілі («Диуанилұғатит-түрк»). – Алматы : «Ана тілі», 1993. – 192 б.

5 **Баласағұни, Ж.** Құтты білік. – Алматы : Жазушы, 1987. – 301 б.

6 **Иүгінеки, А.** Ақиқат сыйы. – Алматы : Ғылым, 1975. – 252 б.

7 **Уәлиханов, Ш.** Таңдамалы. – Алматы : «Жазушы», 1985. – 560 б.

8 **Бурбаев, Т. Қ.** Қазақ менталитетінің қазіргі кездегі даму ерекшеліктері: әлеуметтік-философиялық талдау. Докт. дисс. авторефераты. – Астана, 2004.

9 **Қалиев, С., Изғұттынова, Р., Жексенбаева, Г.** Тәлім-тәрбие хрестоматиясы. – Алматы : «Рауан», 1996. – 104 б.

10 **Жұматаева, Е.** Қазақстан майдангер жазушыларының шығармалары арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беру: пед. ғыл. канд. автореф.: 13.00.01. – Алматы, 1995. – 21-22 б.

11 **Лурдес, Р.** Кисумбинг. Ценности образование для человеческой солидарности. Президент, Азиатско-Тихоокеанской международной образовательной организации. Бывший министр образования, Филиппины. // Интернет-журнал «Науковедение». – № 7. – 2013.

12. **Есім, Ф.** Қазақ елін мәңгілік ететін – Жақсы Қазақ! Вақ.kz. – 22 Қаңтар 2014.

13 **Сәрсенбаев, Н.** Әдет-ғұрып, дәстүр және қоғамдық өмір. – [Электронный ресурс]. – <http://new.kaznpu.kz/docs/tarbie/saltdastyg.doc>

14 **Арын, М.** Бес анық. – Алматы : Арыс, 1996. – 120 б.

15 **Назарбаев, Н. Ә.** Еркін елдің ертеңі. – Назарбаев орталығы көпфункционалы ғылыми-талдамалық және гуманитарлық-ағартушылық мемлекеттік мекемесі. – Астана : Назарбаев орталығы, 2013. – 257 б.

Материал 23.08.17 баспаға түсті.

Н. П. Албытова

Возможности воспитания молодежи в духе казахстанского патриотизма

Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Астана.

Материал поступил в редакцию 23.08.17.

N. P. Albytova

Possibilities of education of the youth in the spirit of Kazakhstan's patriotism

L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana.

Material received on 23.08.17.

Статья посвящена рассмотрению возможности воспитания молодежи в духе нового казахстанского патриотизма в реализации национальной идеи Мәңгілік Ел. А также рассмотрены возможности воспитания молодежи в духе казахстанского патриотизма.

The article is devoted to the possibility of educating young people in the spirit of the new Kazakhstan patriotism in the realization of the national idea Mangilik El. Also, the possibilities of educating young people in the spirit of Kazakhstan's patriotism are considered.

ӘОЖ 378.1

Н. П. Албытова¹, Т. С. Сламбекова²

^{1,2}п.ғ.к., профессор м.а., Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

e-mail: ¹nalbytova@mail.ru, ²tolkyn_1969@mail.ru

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК – ІС-ӘРЕКЕТТІК-ТҰЛҒАЛЫҚ ФЕНОМЕН

Ұсынылған мақалада жоғарғы оқу орны оқытушысының педагогикалық шеберлігі – іс-әрекеттік-тұлғалық феномен ретінде ұсынылған. Педагогикалық шеберліктің мазмұндық ерекшеліктері, құрылымы жан-жақты қарастырылған.

Кілтті сөздер: шеберлік, педагогикалық шеберлік, педагогикалық іскерлік, педагогикалық шығармашылық, кәсіби сапалар.

КІРІСПЕ

Бүгінгі еліміздің басты приоритеті білім беру жүйесін жетілдіру. Аталған приоритетті жүзеге асыру барысында мемлекетімізде білім беру жүйесінің мақсат-міндеттерін реформалау саясаты аясында тағы бір шешімін табуға тиіс, күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселелердің бірі – еліміздің болашағын даярлайтын педагогтардың, оқытушылардың педагогикалық шеберлігі мәселесі. Өйткені бүгінде біздің елімізге әлемдік пен білім беру кеңестігі талабына сәйкес шебер педагог-оқытушы қажет [1].

Жалпы антикалық дәуірде педагог – баланы жетектеуші ғана болса, бүгінде педагогтың атқаратын қызметі өте кең ол – білім алушыны тәрбиелеуші, жеке тұлға ретінде қалыптастырушы; білім беруші, дамытушы;

білім алушы зердесіне білім біліктерін қалай ұялатудың ұтымды жолдарын, әдістерін іздестіруші; білім алушының жасырын, тіпті тым тереңде жатқан қабілеттерінің бой көрсетуіне мүмкіндік беруші, олардың білімге, ғылымға, тіршілік етуге құштарлығын оятушы, арттырушы; адами және әлеуметтік құндылықтарды қалыптастырушы, білім алушыны мәдени дағдыларға машықтандырушы, оның жалпы мәдениетін қалыптастырып, базалық және кәсіби мәдениетінің негізін қалаушы, зерттеуші-ғалым, ғылыми ақиқатты іздеуші, болашаққа жол сілтеуші, маман даярлаушы.

Сондай-ақ, ЖОО оқытушысы – жалпы білім беретін әр түрлі типтердегі білім беру мекемелерінде білім алушылармен оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыратын маман; дүниеге ғылыми шынайы көзқарасты, әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық даярлықты, жоғары адамгершілік сапасын, қоғамдық белсенділікті, білім алушыға және мамандыққа деген сүйіспеншілікті, дербес білім алу мен өзін-өзі тәрбиелеу жолдарын, қажеттілігін игерген біздің заманымыздың алдыңғы қатарлы мүшесі.

ЖОО оқытушысы – арнайы даярлығы бар және педагогикалық іс-әрекетпен айналысатын кәсіп иесі, маман; ол – қоғамдық жаңалықтарды қабылдап, оқыту мен тәрбиелеу үрдісіне ғылым жетістіктерін игеріп, енгізуші, білім алушылармен үйлесімді қатынаста болатын белсенді әрекет иесі.

Олай болса, бүгінгі заманауи оқытушы қызметін төрт жағынан қарастыруға болады:

Білім беруші (білімді тасымалдаушы, студенттердің белсенділігін арттырушы, дағды мен іскерлікті қалыптастырушы);

Тәрбиеші (студент тұлғасының қалыптасуына қамқорлық жасаушы, кәсіби және психологиялық сапаларды қалыптастырушы);

Ғалым-зерттеуші (пән аумағындағы мәселелерді зерттеумен айналысушы);

Менеджер (аудиториядағы сабақты ұйымдастырушы, студенттердің өздік жұмыстарды орындауын ынталандырушы және бақылаушы) [2].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Ғылыми айналымда педагогикалық мамандықтың ерекшеліктері, ондағы педагогтың этикасы, тұлғалық және кәсіби қасиеттері көптеген ғалымдардың зерттеу нысанына айналған: В. И. Писаренко, И. Я. Писаренко, А. Н. Иванова, Э. Г. Костяшкин, Ю. П. Азаров, Г. И. Белякова, В. А. Сухомлинский, А. С. Макаренко, Ш. А. Амонашвили, Э. И. Шыныбекова, И. Е. Сеница, т.б. [3; 4; 5; 6; 7]. Д. А. Белухин, И. Исаев, И. А. Зимняя, В. А. Кан-Калик, И. Б. Котов, Н. В. Кузьмина, А. А. Леонтьев, Б. Ф. Ломов, В. Я. Ляудис, А. К. Маркова,

Л. М. Митина, А. В. Мудрик, В. А. Сластенин, С. А. Смирнов, И. Ф. Харламов және т.б. ғалымдар зерттеулерінде педагогикалық іс-әрекеттің күрделілігі мен көпқырлылығын, соның ішінде педагогикалық шеберлік туралы көптеген ойларды өрбіткен [8; 9; 10; 11; 12; 13; 14].

Бүгінде педагогикалық шеберліктің негізі инновациялық іс-әрекет деп тұжырымдалған. Тек жанашылдыққа деген талпыныс, үздіксіз ізденіс педагогты өз ісінің биік шыңына жетелейді. Аталған терең тұжырым әдіскер педагогтар К. Нұргалиев, К. Бітібаева, Ж. Шайжунусов, Р. Нұртазина, А. Ысқақов, Э. А. Урунбасарова еңбектерінде мазмұндаған [15].

Олай болса, педагогикалық шеберлік дегеніміз не? Әрине көптеген зерттеулерде аталған ұғымға берілген түсіндірмелер де баршылық болғанымен бұл мәселе әлде де қарастыруды, толықтыруды қажет етеді.

Кең мағынада шеберлік маманның белгілі іс-әрекет барысында оған жұмсалатын уақытты, еңбекті, материалды мөлшерден аз жұмсай отырып ерекше нәтижеге қол жеткізуі ретінде түсіндіріледі. Шеберлік – істі терең меңгерумен және нәтижеге жетумен сипатталады. Шеберлікті тәжірибе мен білімнің деңгейі деп қарастырған еңбектер де жоқ емес. Кейбір ғалымдар шеберліктен – қажырлы еңбекті, күнделікті ізденісті, тоқтаусыз білімді жетілдіруді, дәстүрлі технологияларды жаңа технологияларға ұластыруды көреді. Кей жағдайда шеберлік – өнер арқылы да түсіндіріледі. Мәселен, С. И. Ожегов сөздігінде «шеберлікке – кез-келген аймақтағы жоғарғы өнер» – сынды анықтама берілген [16].

Зерттеуші А. А. Трущева шеберлікті кәсіби іс-әрекеттің шығармашылық тұрғыда жүзеге асырылуы, жеке тұлғаның кәсіби маңызды сапаларының бірлігі мен іс-әрекеттің дербес стилі, кәсіби іс-әрекетіне сәйкес әдістемелер мен технологияларды үнемі жетілдіріп отыру ретінде қарастырады [17, 78 б.]. Д. А. Белухиннің пікірінше, шеберлік – білім мен іскерлік, кәсіби іс-әрекет барысында жинақталған тәжірибе, көзқарас пен сенім жүйесі [18, 118 б.].

Еңбек психологиясында «шеберлік – тәжірибе жинақтау барысында қалыптасқан жеке тұлға қасиеті, белгілі бір аймақта дағды мен шығармашылық бағдар негізінде меңгерілген кәсіби іскерліктің жоғарғы деңгейі» ретінде түсіндірілген. А. С. Макаренко шеберлік туралы: «шеберлік дегеніміз – қол жеткізуге болатын нәрсе, атақты шебер – токарь, тамаша шебер – дәрігер болатыны сияқты, педагог та тамаша шебер бола алады және болуға тиісті... Бәріміздің де бірдей адамдар екенімізге мен көміл сенімдемін. Мен 32 жыл жұмыс істедім, ал азды, көпті ұзақ уақыт бойы жұмыс істеген мұғалім, жалқау болмаса, бұл уақыт аралығында шебер болып алады. Ал сіздердің, жас мұғалімдердің, әрқайсысы өз ісін тастап кетпесе міндетті түрде шебер бола

алады, ал оның шеберлікті қаншалықты меңгеруі, – оның өзінің табандалығына байланысты болмақ» сынды ерекше мазмұнды ой тастаған [4].

Берілген ойлардан біз шеберліктің күрделі кезеңдерден өту арқылы қалыптасатындығын, демек ол жинақталған кәсіби тәжірибенің нәтижесі екендігін байқаймыз. Өйткені шеберлік расында да талмай атқарған еңбектің арқасында қол жеткізілетін іскерлік. Шеберлікті «кәсіби біліктіліктің» (профессионализм) маңызды категориясы ретінде де қарастыруға болады.

Сол сияқты педагогикалық шеберлікке берілген ойлар да жетерлік. Педагогикалық шеберлік – педагог шығармашылығында көрінетін, адамды оқыту, тәрбиелеу және дамытуда үнемі жетілдіруді қажет ететін педагогикалық іс-әрекеттің ең жоғарғы деңгейі.

Педагогикалық энциклопедияда педагогикалық шеберлікке – өз кәсібін жақсы көріп таңдаған және баланы сүйетін әрбір мұғалімнің қолынан келетін тәрбиелеу мен оқытуды жоғары дәрежеде үнемі жетілдіріп отыру өнері - сынды түсінік берілген. Мұндағы «тәрбиелеу мен оқытуды жоғары дәрежеде үнемі жетілдіріп отыру өнері» туралы ой педагогикалық іс-әрекетті сипаттамақ.

Көптеген зерттеушілер педагогикалық шеберлікті оның ішкі құрылымындағы білім, іскерлік, дағды мен тұлғалық сапалар арқылы береді. Мысалы В. А. Слостенин «теориялық білім мен оған негізделген іскерліктер – бұл барлық мұғалімдердегі біріңғай және жалпылама түрдегі педагогикалық шеберліктің объективті мазмұнын құрайды» – десе [13], А. И. Щербаков «Педагогикалық шеберлік – ғылыми білім, іскерлік, дағдылардың, әдістемелік өнердің және мұғалімнің тұлғалық сапаларының синтезі» – деген бір-біріне ұқсас түсініктемелер берген.

Украин халқының педагогтары И. А. Зязюн, И. Ф. Кривонос, Н. Н. Тарасевич және т.б. педагогикалық шеберлікті кәсіби іс-әрекетті өздігінен ұйымдастырудың жоғарғы деңгейін қамтамасыз ететін жеке тұлға қасиеттерінің кешені ретінде қарастыра келіп, педагогтың аталған маңызды сапаларына: оның гуманистік бағыттылығын, кәсіби білімін, педагогикалық қабілетін және педагогикалық техниканы жатқызады [19, 10 б.].

Л. В. Мардахеев, И. А. Скопылатова «Педагогикалық шеберлікке – жоғары деңгейдегі нәтижелі іс-әрекетін қамтамасыз етуші оқытушының кәсіби-педагогикалық тұрғыдағы даярлығы» – сынды түсініктеме береді. Авторлар педагогикалық шеберліктің дербес, бірақ бір-бірімен тығыз байланысты 4 блоктан тұратын құрылымын ұсынады: 1) кәсіби-педагогикалық білім (ғылыми, кәсіби, психологиялық-педагогикалық эрудиция және т.б.); 2) тұлғалық және кәсіби маңызды сапалар (тұлғалық, спецификалық кәсіби-педагогикалық, дамыған педагогикалық ойлау,

тұлғаның бағыттылығы және т.б.); 3) педагогикалық қабілеттер; 4) оқу-тәрбие үдерісін құру іскерлігі мен дағдысы, педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыру өнері (педагогикалық техника, педагогикалық тәжірибе, әдістемелік өнер, педагогикалық іскерліктер мен дағдылар және т.б.).

Педагогикалық шеберлік оқытушының психологиялық-педагогикалық даярлығымен және педагогикалық міндеттерді тиімді шешу қабілетімен түсіндіретін маңызды тұлғалық сапасы, қасиеті деген ойлар да жоқ емес. Педагогикалық шеберлікті педагогикалық шығармашылық пен педагогикалық жаңашылдықтың негізі болып табылатын педагогтың кәсіби іс-әрекетінің жоғарғы деңгейі деп қарастыру туралы ойлар А. К. Маркова, И. Ф. Харламов және т.б. зерттеулерінде кездеседі. А. К. Маркова бойынша «педагогикалық шеберлік – тәжірибеде тексерілген, әдістемелік нұсқаулардағы берілген ұсыныстар бойынша мұғалімнің өз еңбегін үлгі және эталон ретінде орындауы. Ғалым бойынша, педагогтың шеберлігі ғылым мен практикада белгілі тәсілдерді жоғары деңгейде қолдануда көрінеді [11, 51 б.].

И. П. Подласыйдың айтуынша, педагогқа тәрбиелеу және басшылық ете білу, тыңдау және тыңдата білу, дүниетанымның кең болуы, сөйлеу мәдениеті, адам мен қарым-қатынас жасай білу, оған сенім арту, алға ұмтылуға үйрету, байқампаз болу қандай жағдайда болсын шешім қабылдай білу қажетті қасиет болса [20], В. А. Слостенин, И. Исаев өз зерттеулерінде «педагогикалық шеберлік – педагогикалық іс-әрекеттің ең жоғарғы деңгейдегі дамуы, педагогикалық технологияларды меңгеруі, сонымен қатар педагогтың тұтастай алғандағы жеке тұлғасы, оның тәжірибесі, азаматтылығы мен кәсіби позициясы» – сынды тұжырымға келеді. Ғалымдардың түсініктерінше, шеберлік – педагогикалық үдерістің жоғарғы деңгейдегі тиімділігін сипаттайтын тұлғалық-іскерлік сапалар мен жеке тұлғалық қасиеттердің синтезі. Осы тұжырымға ғалым-зерттеушілер «педагогикалық технология» мен «педагогтың шеберлігі» ұғымдарының арасындағы өзара байланысты анықтау барысында келеді де, шеберлік ол – педагогикалық технологияларды жетік меңгеру деген ұғымға келеді [13]. Бірақ, бұл жерде біз тек педагогикалық технологияларды меңгеру ғана – педагогикалық шеберлік деп тұжырым жасай алмаймыз. Өйткені педагогикалық технологиялардың да өзіне тән белгілері, оларды жүзеге асыру кезеңдері бар. Сондықтан педагогикалық шеберліктің көрсеткіштерін жалғыз технология жаба алмақ емес.

Педагогикалық шеберліктің мәнін педагогикалық іс-әрекетті жетілдіру жағынан И. Ф. Харламов қарастырған. «Педагогикалық шеберлік, шығармашылық және жаңашылдық» тақырыбында жазған мақаласында педагогикалық шеберліктің мәнін педагогтың тұлғалық қасиеттері арқылы

емес, педагогикалық іс-әрекет арқылы ашу керек деген тұжырым жасаған. Автор педагогикалық шеберлікті тұтастай алғанда мұғалімнің кәсіби-педагогикалық біліктілігін жетілдіру жүйесінде қарастырудың қажеттілігін айтады. Мұнда мұғалімнің шеберлікті тез арада игеруінің мүмкін еместігін ескерген дұрыс. Ол белгілі бір уақытта оның кәсібилігінің (профессионализм) негізі, фундаменті, педагогикалық шеберліктің өнімі болып табылатын педагогикалық іскерлік деңгейінде жұмыс атқарады. Педагогикалық іскерлік – белгілі жағдайда белгілі іс-әрекетті орындауға мүмкіндік беретін білім мен икемді дағдының жиынтығы. Іскерлік өз қалыптасуында бірнеше кезеңдерден өте отырып, соңында кәсіби сауаттылықтың жоғары деңгейі шеберлік пен шығармашылыққа айналады.

И. Ф. Харламовтың пайымдауынша, педагогтың оқу-тәрбие іс-әрекетінің сапасы тұрғысында педагогикалық шеберлік - психологиялық-педагогикалық теория мен практикада ерекше өңдеуден өткен әдістер мен тәсілдерді қолдануда көрінетін, оқыту-тәрбиелеу үдерісінің жоғарғы деңгейдегі тиімділігін қамтамасыз ететін, нәтижесінде оқыту мен тәрбиелеу іскерлігін жоғарғы деңгейге дейін жетілдіру болып табылады [14, 471 б.].

Осы жерде заманауи педагог И. Ф. Харламов пен кеңестік педагог А. С. Макаренко ойларының түйісетіндігін байқау қиын емес. А. С. Макаренко түсіндірмесінде педагогикалық шеберлікке – педагогикалық үдерістің ерекшеліктері туралы білім, оны құра білу мен қозғалысқа келтіру іскерлігі» – деген құнды ой кездеседі. А. С. Макаренко өз еңбектерінде педагогикалық шеберлікке әрбір мұғалім өзімен мақсатты түрде жұмыс жасаған жағдайда жете алатындығын сөз етеді. Өйткені педагогикалық шеберлік практикалық тәжірибенің негізінде қалыптасады – деп педагогикалық шеберліктің қалыптасуындағы мақсатты іс-әрекет пен оның нәтижесінде пайда болатын тәжірибенің құндылығына аса мән береді [4, 110 б.]. Әйтсе де бұл жерде айта кетпегіміз жинақталған тәжірибенің барлығы шеберлікке апармайды, шеберлікке тек қана оқыту мен тәрбие үдерісін өзінің ізденісімен, шығармашылығымен, тапқырлығымен толықтыратын оқытушы ғана жетеді.

Олай болса, жоғарыда айтылған тұжырымдардан біз педагогикалық іс-әрекет ерекшеліктерін шеберлік деңгейінде зерттеу ол тек қана репродуктивтік қана емес, көбінекей шығармашылық іс-әрекетке жататындығын байқаймыз.

Педагогтың еңбегі тұтастай алғанда «белгісізді» көру тәсілдері арқылы педагогикалық іс-әрекет өнімін болжау, педагогикалық инновациялар мен технологияларды жасақтау және қалыптасқан білім жүйесі аясынан шыға білу, сондай-ақ, стандартсыз ситуацияларда ұтымды шешім қабылдау қабілеттерін қажет ететіндіктен шығармашылық іс-әрекет болып табылады.

Және бір байқайтынымыз, педагогикалық шеберлік құрылымының күрделілігі.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде педагогикалық шеберлік құрылымы төмендегідей берілген:

1 Пәнді терең меңгеруі.

- Кәсіби күзінеттілігі;
- Жоғарғы деңгейдегі арнайы-практикалық даярлығы;
- Оқыту мен тәрбиелеудегі тәжірибесі;
- Ғылыми біліктілігі.

2 Педагогикалық шығармашылық

- Шығармашылық қиял;
- Стандартты емес ойлау;
- Жаңа ақпаратты іздеге деген қажеттілік;
- Өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылыс;
- Форма, құрал, әдіс-тәсілдерді бірлікте тиімді қолдану іскерлігі.

3 Педагогикалық технология

- Сөйлеу техникасы мен экспрессивтілігі;
- Ойдың түсініктілігі, қисындылығы, сенімділігі;
- Мимика мен жесттің түсініктілігі;
- Оқыту мен тәрбиелеудің қажетті де тиімді құралдарын, әдістерін таңдай алу іскерлігі;
- Тәсілдерді, әрекеттерді әріптестеріне жеткізе білу іскерлігі.

4 Педагогикалық стиль

- Педагогикалық бағыттылық пен сенімділік;
- Өзінің және өзгелердің іс-әрекетін адекватты түрде қабылдау мен бағалау іскерлігі;
- Педагогикалық бағыттағы қарым-қатынас пен мінез-құлық (рефлексия, аттракция);

- Педагогикалық такт және этика;

- Білім алушылардың ішкі әлеміне қызығушылық (эмпатия);

- Тыңдай алу және тыңдата білу.

5 Тұлғалық сапалар

- Іскерлік сапалар: адалдық, жауапкершілік, еңбексүйгіштік, төртінгілік, нақтылық, белсенділік;

- Рефлексивті сапалар: ұқыптылық, сыншылдық, ой-өрісінің кеңдігі, эрудиция; рефлексия – өзін, өзінің жағдайын сезіну, өзін «сырттан көру», басқалардың қалай бағалайтынын сезіну қабілеті;

- Коммуникативтік сапалар: зейінділік, сенімділік, әділдік, ұстамдылық, талапшылдық, міндеттілік;

➤ Эмпатиялық сапалар: гумандылық, өзара түсіністік, ізгілік, такт, эмпатия - өзгелердің күйін, жан-дүниесін, қылығын түсіну іскерлігі; аттракция (лат. «тарту») – ашықтық, сүйкімділік, өзіне өзгелерді тарта білу қабілеті;

➤ Идеялық-адамгершілік сапалары: сенімділік, әдептілік, принципшілдік, патриотизм, ұжымшылық, интеллекттілік.

Педагогикалық техника педагогикалық шеберліктің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Педагогикалық техника – оқытушының шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыруына қажетті практикалық іскерлік пен дағдысының бірлігі. Педагогикалық техника құрылымы төмендегідей топтардан тұрады:

1 топ. Өзін басқару іскерлігі.

➤ Әлеуметтік-перцептивтік қабілеттер: зейінділік, қиял, бақылағыштық, есте сақтау.

➤ Өзінің денесін меңгеру: мимика мен жесттерді мақсатты түрде және түсінікті қолдануы;

➤ Сөйлеу мәдениеті техникасы: тыныс алуы, дауысты қоя білу, дикция, орфоэпия (сөйлеу дұрыстығы), қисындылығы, мәнерлілігі.

➤ Эмоциясын, көңіл-күйін, сезімін, әсері, күйзелісті басқару, психикалық қысымды жою.

2 топ. Басқаларды басқару, жеке тұлға мен ұжымға әсер ету іскерлігі. Аталған топқа дидактикалық, тәрбиелік, ұйымдастырушылық, коммуникативтік, уақытқа иелік ету мен шешім қабылдау іскерліктері жатады. Аталған іскерліктер сабақты ұйымдастыруға, қарым-қатынасқа, тәртіпті бақылауға және талап қоюда қажет.

3 топ. Битамәтасстық іскерлігі. Аталған топқа тұлғаны тану, дұрыс қабылдау, оған әсер ету, ынта-ықыласын бақылау, қорғау, өзара әрекеттесу, ақпаратты дұрыс жеткізу іскерліктері жатқызылады.

Ал, нақты ЖОО оқытушысының педагогикалық шеберлігінің құрылымын Н. Н. Палтышев мына тұрғыда береді:

1 Студенттермен қарым-қатынастағы, оларға білім берудегі оқытушының рухы.

2 Пәнді терең меңгеруі.

3 Оқыту мақсаты мен міндеттері туралы білімі.

4 Тақырыпты игеруге қажетті материалдарды іріктеу технологияларын меңгеру іскерлігі. Кейде оқытушының білімі терең болғанымен студенттерді ештеңеге үйрете алмауы да мүмкін. Оның себебі, сабаққа қажетті материалдарды дұрыс тандамауда болса керек.

5 Оқыту әдістері туралы білім және оларды қолдану іскерлігі. Сабақ мақсатына, қолданылатын материалдарға және күтілетін нәтижеге сәйкес қолданылатын әдістер де әр түрлі болмақ.

6 Оқыту формаларын таңдау іскерлігі. Оқытудың бір ғана формасын үнемі қолдану тиімсіз екендігін шебер оқытушылар жақсы біледі. Сондықтан оқыту формаларының да әр түрлі болғаны жөн.

7 Оқыту құралдары.

8 Оқыту нәтижесін алдын-ала болжау іскерлігі.

9 Оқыту мотивациясы.

10 Артистизм.

11 Режиссура. Әрбір оқытушы өз сабағының режиссеры.

12 Импровизация.

13 Студенттердің нақты мүмкіндіктері туралы білім және олардың қабілетін дамыту іскерлігі. Мұнда әрбір студенттің қабілетіне сену маңызды орында. Егер, оқытушы тіпті қабілетсіз деген студентке сенім артса студент міндетті түрде сенімді ақтамақ.

14 Шыдамдылық. Оқытушы нәтижеге жету үшін шыдамдылық қажет [21]. Бұдан біз зерттеушілердің педагогикалық шеберліктің көрсеткішіне көбінекей жоғары мәдениеттілікті, өз пәнін терең меңгеруді, жалпы психология мен жас ерекшеліктері психологиясын, оқыту мен тәрбиелеу әдістемелерін жетік меңгеруді жатқызатындықтарын байқаймыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Педагогикалық шеберлік педагогтың интуициясымен, оның шабытымен, талантымен түсіндіретін педагогикалық шығармашылықпен тікелей байланысты. Тіпті шығармашылықты педагогикалық іс-әрекетті үздіксіз жетілдіруге әсер ететін шеберліктің шындалуының бірден-бір шарты десек те болады. Шеберліктің қалыптасуына оны қоршаған ортаның да әсері мол, атап айтқанда ұжым, ондағы микроклимат пен қалыптасқан дәстүрлер мен педагогтың өзіндік идеясы, соның салдарынан туындайтын позициясы.

Педагогтар педагогикалық іс-әрекет шыңына жаңашылдыққа ұмтылыс негізінде жетеді. Бірақ, әрине инновациялық іс-әрекет, кәсіптік білім мен іскерліктерсіз және тұлғалық қасиеттерсіз жүзеге асуы мүмкін емес. Әсіресе, қазіргі таңда педагог шеберлікке қол жеткізу үшін өзін-өзі басқара алуы керек, бойында оптимизм, лидерлік қасиет, тәуекелге бел буа білу, төзімділік сияқты тұлғалық қасиеттері болуы тиіс. Аталған қасиеттер педагогты жанашылдыққа жетелейді, жаңаны жасауға ынталандырады.

Сонымен, біз жоғарыда айтылғандарды тұжырымдай келе, педагогикалық шеберліктің құрылымын төмендегі суреттегідей ұсынбақпыз (Сурет 1).



Сурет 1 – Педагогикалық шеберлік құрылымы

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде педагогикалық шеберлікті бағалау критерийі әр түрлі болғанымен зерттеуші Ю. И. Турчанинова «педагогтың шеберлігі оның еңбегінің нәтижесіне қарай бағалануы тиіс, демек олар – тәрбиеленушінің білімді жалғастыруға, шығармашылық еңбекке және қоғамдық өмірге белсене араласуға деген дайындық деңгейі» [22, 61 б.].

Олай болса, біздің тұжырымымыз бойынша педагогикалық шеберлік критерийлері мынадай:

Педагог жетістігінің педагогикалық критерийлері: білім алушылардың білім деңгейі; оқу іскерліктері мен дағдыларының қалыптасу деңгейі; зерттеу жұмысының жағдайы, өздігінен білім алу; педагогтардың білімі мен кәсіби біліктілігін жетілдіру; өз жұмысын саралау қабілеті, рефлексия.

Педагог жетістігінің психологиялық критерийлері: қызығушылық тудыру, мотивацияны арттыру іскерлігі, саналы түрде білім беру; «педагог – білім алушы» жүйесіндегі қарым-қатынас; білім алушылардың дербес ерекшеліктерін ескеру.

Мұғалім жетістігінің тұлғалық критерийлері: эмоционалдылық; сөздің түсініктілігі, айқындылығы; шығармашылық; ұйымдастырушылық қабілет; табандылық, тәртіптілік.

Сонымен, жоғарыда берілген түсініктерден әрбір зерттеуші педагогикалық шеберлікті әр қырынан қарастырғанымен, сайып келгенде зерттеушілер ойларының бір жерде тоғысатындығын байқаймыз, ол тоғысу педагогикалық іс-әрекет аясы. Педагогикалық іс-әрекеттегі оқытушының тұлғалық қасиеттері, кәсіби-педагогикалық қасиеттері, педагогикалық іскерлігі мен қабілетінің көрінісі, нәтижесі. Олай болса, педагогикалық шеберлік – күрделі де маңызды іс-әрекеттік-тұлғалық феномен.

Осыдан келе, біз «педагогикалық шеберлік – «субъект-субъект» қатынасында педагогикалық үдерістің барлық компоненттерінің бірлікте жүзеге асырылуын қамтамасыз ету (мақсат, міндет, мазмұн, форма, құрал, әдіс-тәсіл, нәтиже)» деген тұжырымға келеміз.

Педагогикалық шеберліктің тағы бір ерекшелігі, оны бір адамнан келесі адамға тасымалдай салуға болмайды, онда – әрбір оқытушының дербестігі жатыр. Сонымен, педагогикалық шеберліктің қалыптасуы мен дамуы:

- ақиқатты тануға, болжауға, түрлендіруге;
- бүкіл өмір бойында кәсіби күзінеттілікті жетілдіруге;
- жаңа туындаған міндеттерді шешуде бойындағы білімді, іскерлікті, дағдыны жұмылдыруға;
- кәсіби тиімді шешім қабылдауға;
- білім алушының субъективті позициясын қалыптастыруға толықтай мүмкіндік береді.

Педагогикалық шеберліктің қалыптасуы барысында оқытушының бойындағы әлеуметтік тапсырысқа оңтайлы жауап бергізетін тұлғалық даму резервтары «ашылады». Өйткені шеберлік - өмір бойы ізденушілікпен, зерттеушілікпен, табандылықпен келеді. Педагогтың әрбір сөзі мен ісі, қимылы, киімі, аяқ алысы, жүрісі, көзқарасы психологиялық және ізгілік тұрғысынан білім алушы жүрегінен үлкен орын алады. Әрбір педагог үшін оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру терең білімділікті, ақылдылықты, кәсіби іскерліктер мен дағдыларды қолдануды қажет етеді.

Олай болса, білім берудегі педагогикалық шеберлік иесі деп өз мамандығын, пәнін жетік меңгерген, өзінің және өзгелердің кәсіби дамуына жағдай жасай алатын, тұлғалық-ізгілік бағыттылығы жоғары, өзінің кәсіби іс-қимылын басқара алатын, оқу-тәрбие үдерісінің жаңа технологияларын толық меңгерген және білімдік мониторинг негізінде ақпараттарды тауып, оларды таңдап сараптай алатын, отандық және шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін, еңбегінің нәтижесі білімді жалғастыруға, шығармашылық еңбекке және қоғамдық өмірге белсене араласуға даяр шәкірт болып табылатын маман, тұлға.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік». – Астана, 31 қаңтар, 2017 ж.

2 Шалғынбаева, Қ. Қ., Албытова, Н. П., Сламбекова, Т. С. Жоғары мектеп педагогикасы. – Алматы : Эверо, 2014. – 272 б.

- 3 Писаренко, В. И, Писаренко, И. Я. Педагогическая этика. – М., 1986. – 240 б.
- 4 Макаренко, А. С. Педагогикалық дастан. – А., 1995.
- 5 Амонашвили, Ш. А. Размышления о гуманной педагогике. – М. : Изд. Дом, 1995, – 496 с.
- 6 Шыныбекова, Э. И. Педагогическая этика. – А., 1998.
- 7 Сеница, И. Е. Педагогический такт и мастерство учителя. – М., 1982.
- 8 Зимняя, И. А. Педагогическая психология. – М. : Логос, 2000. – 378 с.
- 9 Кан-Калик, В. А. Учителю о педагогическом общении. – М., 1987.
- 10 Кузьмина, Н. В., Кухарев, Н. В. Психологическая структура деятельности учителя: Гомель. – Изд-во Гомельского гос. университета, 1996. – 57 с.
- 11 Маркова, А. К. Психология профессионализма. – М. : Изд-во «Международ. гуманитар. фонда «Знание», 1996. – 197 с.
- 12 Митина, Л. М. Учитель как личность и профессионал. – М., 1994.
- 13 Слостенин, В. А., Исаев, И. Педагогика. – М. : АСАДЕМА, 2002. – 228 с.
- 14 Харламов, И. Ф. Педагогика: Учебник. – 5-е изд., перераб. и доп. – Минск : Университетская, 1998. – 456 с.
- 15 Урунбасарова, Э. А. Этика преподавателя. – Алматы, 2003.
- 16 Ожегов, С. И. Словарь русского языка. Под ред. Н. Ю. Шведовой. – М. : Сов.энцикл., 1973. – 848 с.
- 17 Трущева, А. А. Акмеологические детерминанты развития профессионализма личности учителя. – М. : Наука, 2006. – 223 с.
- 18 Белухин, Д. А. Основы личностно-ориентированной педагогики. Курс лекций. – Москва-Воронеж : Институт практической психологии : Модэк, 1997. – 304 с.
- 19 Основы педагогического мастерства. Под ред. И. А. Зязюна. – М., 1989.
- 20 Подласый, И. П. Педагогика. – М. : ВЛАДОС, 2002.
- 21 Палтышев, Н. Н. Постигание педагогического мастерства. – М. : Изд. Центр АПО, 2002. – 64 с.
- 22 Турчанинова, Ю. И., Гусинский, Э. Н. Введение в философию образования. – М. : Логос, 2000.

Материал 23.08.17 баспаға түсті.

Н. П. Албытова, Т. С. Сламбекова

Педагогическое мастерство – деятельностно-личностный феномен

Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Астана.

Материал поступил в редакцию 23.08.17.

N. P. Albytova, T. S. Slampekova

Pedagogical mastery is an activity-personal phenomenon

L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana.

Material received on 23.08.17.

В статье авторы излагают мысль, что педагогическое мастерство преподавателя вуза есть деятельностно-личностный феномен. А также раскрываются особенности и структура педагогического мастерства.

In the article the authors state the idea that pedagogical mastery of a university teacher is an activity-personal phenomenon. And also features and structure of pedagogical skill.

А. Қ Алпысов¹, Ш. М. Жумагельдинова²

¹п.ғ.к., доцент, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қ.; ²математика мұғалімі, Ақсу қаласының Дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназиясы, Ақсу қ.
e-mail: ¹alpysovak@mail.ru

АЙНАЛУ ДЕНЕЛЕРІ

Мақалада айналу денелері тақырыбы бойынша, яғни конус, цилиндр, шар, сфера және олардың элементтері туралы мағлұматтар мен түсініктемелер берудің әдіс-тәсілдері қарастырылған.

Кілтті сөздер: айналу денелері, конус, цилиндр, шар, сфера, осьтік қима.

КІРІСПЕ

Айналу денелерін мектепте оқытудың маңызы зор. Олар оқушыларды практикалық өмірге таныстырып дайындауда үлкен роль атқарады. Архитектуралық құрылыстарды да, тұрмыс заттарының да, машиналардың көптеген детальдарының да және т.б. формалары айналу денелеріне тәріздес екенін баса айту керек. Әдетте айналу денелері туралы теориялық материалдың көлемі үлкен болмайды, бірақ та мұнда енгізу және оқыту әдістері әр алуан жана ұғымдар баршылық. Айналу осьтері, әсіресе дөңгелек фигураларда – сферада, шарда, цилиндрде, конуста болады. Сондықтан оларды айналу денелері деп атайды. Айналу денесінің осі арқылы өтетін кез келген жазықтық осы денемен қиылысады. Алынған қиманы осьтік қима деп атайды. Ол оське қарағанда симметриялы болады. Дербес жағдайда осьтік қима бір-бірінен бөлек, бірақ оське қарағанда симметриялы екі жазық фигурадан тұруы мүмкін. Айналу денесінің барлық осьтік қималары тең.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Айналу денелерін оқытуда сызбаның мәні зор және сызба кеңістікті түсіндіру үшін негізгі кескіндеу құралы болып табылады. Тақтада сызбаның біртіндеп пайда болуының және оны мұғалімнің сипаттап отыруының педагогикалық маңызы зор. Мұғалім, оны егжей-тегжейлемей-ақ, айналу денелерінің және оның қимасының тақтада қалай кескінделетінін оқушыларға көрсетуі керек. Кейбір есептерді шешу барысында планиметриялық есептерді шешу қажеттілігі туады [1]. Арнайы тандап алынған есептерде

мұғалім кейбір жағдайларда айналу денесін түгел емес, тек оның қимасын ғана кескіндеудің тиімділігіне көз жеткізеді. Екінші бір жағдайларда планиметриялық сызба айналу денелерінің сызбасын толықтырады. Мұғалім жұмысына өртүрлі үлгілер және т.б. айналу денелерін кескіндеуде көмегін тигізеді. Олар оқушылардың өзіндік жұмысын тез дайындауға ыңғайлы. Айналу денелерін оқығанда жазықтықтағы негізгі фигуралар туралы алынған білімдер бекітіледі және дамытылады, әсіресе олар шеңбер, дөңгелек, іштей және сырттай сызылған көпбұрыштар және олардың қасиеттері тақырыптары бойынша жүреді. «Айналу денелері» тақырыбын оқушылар біршама жақсы меңгереді. Бірақта тәжірбие көрсеткендей оқушылардың стереоматериалдық графикалық бөлігін орындаудағы кемшіліктері (қарастырылатын айналу денесінің сызбасын орындай алмау), сонымен қатар есепті шешудің жеке сатыларын теориялық негіздей алмау, теориялық материалдың әрқашанда орынды қолданыла бермеуі, жазулардың дұрыс орындалмауы кездесіп отырады [2]. Жұмыс нәтижесіне оқушылардағы берік есептеу дағдысының болмауы, планиметрия курсы бойынша негізгі білім мен дағдының жоғалуы теріс әсер етеді. Сондықтан бұл материалдар жүйелі түрде қайталанып отыруы керек.

«Айналу денелері» тақырыбы бойынша барлық мәселені екі топқа бөлуге болады:

1 Цилиндр және конус: а) анықтамасы, беті, симметриясы, жанама жазықтығы, осьтік және оське перпендикуляр қима, іштей және сырттай көпжақтар; б) көлем; в) бүйір бетінің ауданы.

2 Шар және сфера: а) анықтама, симметриясы, қимасы, жанама жазықтық; б) шар көлемі; в) сфера ауданы.

Жоспарлағанда цилиндр мен конус бір жоспар бойынша оқылатыны және олардың негізгі ұғымдарын қарастырғанда бірдей тәсіл қолданылады. Мұнда мұғалім цилиндр мен конус қасиеттеріндегі ортақтықты және айырмашылықтарды көрсете отырып оқушылардың материалды саналы меңгеруіне жету керек. Геометрия оқулығында цилиндр параллель екі жазықтық арасындағы, жазықтықтардың бірінде дөңгелек қиып өтетін, барлық параллель түзулердің кескінділерінен қосылған дене ретінде қарастырылады. Цилиндр деп тік төртбұрышты оның қабырғаларының бірінен айналдырғанда шығатын фигураны (денені) атайды. Бізді қоршаған ортада, тұрмыста цилиндр пішіндес заттар, объектілер жиі кездеседі: металдан жасалған бөшкелер, консерві бангалары, хоккейдің шайбасы және т.б. Геометрия курсына алдымен шекара-цилиндрлік бет және осы бетке қарағанда белгілі бір ретпен орналасқан екі дөңгелек (кеңістік облыспен шектелген) енгізіледі, ал одан кейін қарастырылған бетпен шектелген

дене ретінде цилиндр енгізіледі. Бірақ цилиндрді айналу денесі ретінде сипаттау әрқашанда қажет [3]. Цилиндр ұғымы енгізілместен бұрын мұғалім оқушылардың онымен бұрыннан таныс екенін еске түсіреді. Цилиндр анықтамасында тектік «дене» ұғымының мәні үлкен. Себебі екі параллель жазықтықтың және жазықтықты дөңгелекпен қиятын параллель түзулерден тұратын нүктелердің геометриялық орны дене (цилиндр) болмайды; бұл түпсіз цилиндр. Осыған байланысты мұғалім анықтаманың дұрыс берілуіне көңіл аударуы керек.

Осыдан кейін цилиндр элементтері қарастырылып, оларға сәйкес анықтама беріледі (цилиндр жасаушысы, бағытаушысы, беті, табаны, бүйір беті, биіктігі, радиусы, осі).

Цилиндрдің осьтік қимасы ұғымын енгізе отырып оның қасиеттерін тағайындап, ал содан кейін есептерде қолдану керек:

- а) Цилиндрдің осьтік қимасы – тік төртбұрыш.
- б) Цилиндрдің кезектелген екі осьтік қимасы өзара тең.


Цилиндрдің әртүрлі қималарымен оқушыларды таныстырған дұрыс. Цилиндрді сырттай сызылған призмаға арналған есептерде цилиндрге жанама жазықтық ұғымы қолданылады. Бұл ұғымды енгізбестен бұрын планиметрия курсына оқылған шеңберге жанама анықтамасын еске түсірген орынды және осыған сәйкес цилиндрге жанама жазықтық анықталады.

Кесте 1

Шеңбер	Цилиндр
1а. Шеңбердің бір нүктесі арқылы өтіп және осы нүктеге жүргізілген радиусқа перпендикуляр болатын түзу жанама деп аталады.	1б. Цилиндрдің бір жасаушысы арқылы өтетін және сол жасаушы арқылы жүргізілген осьтік қимаға перпендикуляр жазықтық цилиндрге жанама жазықтық деп аталады.
2а. Шеңбермен тек жалғыз ортақ нүктесі бар түзу шеңберге жанама деп аталады.	2б. Цилиндрмен тек жалғыз ортақ жасаушысы бар жазықтық цилиндрге жанама деп аталады.

Мұндағы 1б-анықтаманы беру орынды, себебі онда есептер шығару мен теоремаларды дәлелдеуде тиімді қолдануға болатын қасиет бар.

Анықтама модельде кескінделіп көрсетіледі (1-сурет).



Сурет 1


Мұнда орындаған амалдарын жобамен былайша түсіндіре білулері керек.

- 1) Цилиндрге жанама жүргізілетін AA_1 жасаушысын қарастырамыз.
- 2) AA_1 жасаушысы арқылы AA_1BB_1 осьтік қимасын жүргіземіз.
- 3) AA_1 жасаушысы арқылы AA_1B жазықтығына перпендикуляр жазықтық жүргіземіз. Мұғалім табан жазықтықтарында жататын және табандарындағы шеңберлерді A және A_1 нүктелерінде жанайтын m және n түзулерінің әрқайсысы AA_1 жасаушысы арқылы өтетін цилиндрге жанама жазықтықта жататынына оқушылардың көздерін жеткізу керек. Мұнда $m \perp AB$ және $n \perp A_1B_1$ бұдан $m \parallel n$. Бұл қасиет «цилиндрді сырттай сызылған призма» ұғымын енгізуде пайдаланылады.

Цилиндрді сырттай сызылған призма былайша анықталуы мүмкін:

- 1 Табаны цилиндрдің табанына сырттай сызылған тең көпбұрыштар түріндегі призма;

- 2 Табандары цилиндрдің табан жазықтықтарында жататын, ал оның бүйір жақтарының жазықтықтары цилиндрдің бүйір бетін жанайтын призма ретінде. Мұндағы екінші сөйлемде айналу денелерін сырттай сызылған көпжақтарды сипаттаушы қасиет беріліп тұр.



Сурет 2

Конусты оқытуда цилиндрдегі схема бойынша жүргізіледі (2-сурет). Тікбұрышты үшбұрышты катетінен айналдырғанда шығатын фигура конус деп аталады. Конусты кескіндеуде табанындағы эллипске S нүктесінен SK_1 және SK_2 жанамаларын жүргізу керек. Оқушылар K_1K_2 -ні диаметр, ал SK_1K_2 -ні осьтік қима ретінде алып қателеседі. Осьтік қиманы табу үшін K_1 нүктесінен O -центрі арқылы диаметр жүргізу керек. Сонда пайда болған SK_1M – осьтік қима болады. Осы тәрізді қателер қиық конустың осьтік қимасын табуда да кездеседі. Конус кескінін алғаннан кейін конустың жасаушысы төбесі, табаны, биіктігі ұғымдары енгізіледі.

Конусты жазықтықпен қия отырып мынандай екі жағдайда бөліп қарастыру керек:

- 1 Қиюшы жазықтық конус төбесі арқылы өтеді.
- 2 Қиюшы жазықтық конус табанына параллель.

Бірінші жағдайда қосымша төрт жағдай болады: 1) қиюшы жазықтық ось арқылы өтеді; 2) қиюшы жазықтық конус табанындағы шеңберді кез келген екі нүктеде қияды (тең бүйірлі үшбұрыш алынады); 3) қиюшы жазықтық пен табанындағы шеңбердің жалғыз ғана ортақ нүктесі болады (конусқа жанама). 4) Жазықтық пен конустың жалғыз ортақ нүктесі бар (төбе).

Жанама жазықтық әртүрлі анықталуы мүмкін.

1-анықтама. Конус жасаушысы арқылы өтетін және осы жасаушы арқылы жүргізілген осьтік қимаға перпендикуляр жазықтық.

2-анықтама. Конуспен жалғыз ғана ортақ жасаушысы бар жазықтық.

Мұндағы анықтама цилиндр жанамасы анықтамасына ұқсас болу керек және бір анықтама негізгі ретінде алынса екіншісі қасиеті ретінде қарастырылады. «Конусқа іштей сызылған пирамида», «Конусқа сырттай сызылған пирамида» ұғымдарының мағынасын оқушылардың дұрыс түсінуі маңызы зор. Мұндағы анықтамалар да цилиндр мен призмаға байланысты анықтамаларға сәйкес келуі керек. Конусқа іштей және сырттай сызылған пирамида ұғымдары жазықтыққа көлбеудің бұрышы, екі жағының арасындағы бұрышы, екі түзудің арасындағы бұрыш т.б. ұғымдары қолданылатын есептерді шығаруға мүмкіндік жасайды.

Конус осіне перпендикуляр қима пирамиданы оның табанына параллель жазықтықпен қиюға ұқсас есептерді шығаруға мүмкіндік жасайды. Қиманың түрі және орны анықталып қиық конус ұғымы енгізіледі. Қиық конусты кескіндеуді алдымен осы қиық конус алынатын конустың өзін кескіндеп алып барып сызған дұрыс.

Конусты табанына параллель жазықтықпен қиюға байланысты теореманы дәлелдегенде мынандай қорытындылар алған дұрыс:

1 Қаралынатын қима – дөңгелек.

2 Конус пен қаралатын қима радиустарын R және r арқылы, берілген және қиылған конус биіктіктерін H және h арқылы белгілеп, $\frac{R}{r} = \frac{H}{h} = K$ аламыз, мұнда K берілген және қиылған конустардың ұқсастық коэффициенті.

Мысал ретінде табандарды тең, ал биіктіктері әртүрлі екі конус алалық (жоғарыда сурет). Әрбір конустың биіктігі үш тең бөліктерге бөлінген және бөлу нүктесі арқылы табандарына параллель жазықтықтар жүргізілген. Сонда алынған қималардың аудандары мынандай болады екен:

а) $\frac{1}{3}\pi R^2$ – жоғары қима үшін; б) $\frac{2}{3}\pi R^2$ – төменгі қима үшін, мұнда R конус табандарының радиусы. Басқаша айтқанда нәтиже қарастырылатын конустардың биіктіктеріне байланысты емес.

«Қиық конус» тақырыбы бойынша мынандай жоспар ұсынылады:

- 1) конустық бет;
- 2) конустық қималар: а) эллипс; б) парабола; в) гипербола;
- 3) табиғаттағы, ғылымдағы және техникадағы конустық қималар;
- 4) тарихи мәліметтер.

Айналу денелерінің ішінде шар (сфера) ерекше орын алады. Шар және оның бөліктерін оқыған кезде ғана оқушылар шеңбер мен дөңгелек туралы планиметрия курсынан және мектептегі басқа да пәндерден (сызу, география,

астрономия т.б.) алған білімдерін пайдалануға толық мүмкіндік алады. Осыған байланысты мұғалімнің негізгі міндетті, қажетті тұжырымдарды оқушылардың өздері айтатындай оқу процесін ұйымдастыру болып табылады. Шар мен сфераның цилиндр және конус ұғымдарынан ерекшелігі олардың дөңгелек пен шеңбердің кеңістіктегі түрі ретінде баяндалуында. *Шар* берілген нүктеден берілген қашықтықтан артық емес қашықтықта жататын кеңістіктің барлық нүктелерінен тұратын дене ретінде анықталады. Сфера шар беті ретінде анықталады. Шардың (сфераның) негізгі элементтерін кескіндеуге бірнеше жаттығу орындап жіберу керек. Шардың жарты дөңгелектің диаметрінен осі ретінде айналғанда шығатынын оқушылар қиындықсыз меңгереді. Шардың жазықтықпен қимасының формасын және өлшемдерін қарастырылатын бұрын түзу мен дөңгелектің (шеңбердің) өзара орналасуын шармен (сферамен) жазықтықтың өзара орналасуына сәйкес еске түсіру керек [2].

Шардың жазықтықпен қимасын қарастырғанда алдымен жазықтықтың шар бетімен (сферамен) қиылысуын қарастырған орынды. Бұл қиылысудың шеңбер болатындығын және оның центрі сфера центрінен қиюшы жазықтыққа жүргізілген перпендикулярда болатындығын, ал радиусы $r = \sqrt{R^2 - H^2}$ анықтау қиынға соқпайды, мұны R – сфера радиусы, H – сфера центрінен қиюшы жазықтыққа дейінгі қашықтық. Осыдан кейін шар мен қиюшы жазықтықтың ортақ нүктелері ретінде дөңгелек, ал оның шекарасы жоғарыда алынған шеңбер болатындығы алынады.

Салдарлар:

1 $H=0$ болса, қима үлкен дөңгелек, қиюшы жазықтық центр арқылы өтеді.

2 Қиюшы жазықтықтар центрінің екі жағында одан бірдей қашықтықта жатса $H_1=H_2$ онда тең дөңгелектер алынады.

3 Қиюшы жазықтық центрден алыстаған сайын қиодан алынған дөңгелектің радиусы кішірейе береді және $H=R$ болғанда ол нөлге тең болады. Сөйтіп шарға жанама жазықтық ұғымына келеміз.

Шарға (сфераға) жанама жазықтық әртүрлі жолмен анықталуы мүмкін:

1) Шар бетінде жалғыз ғана ортақ нүктесі болатын жазықтық ретінде;

2) Шар бетіндегі бір нүкте арқылы өтетін және осы нүктеге жүргізілген радиусы перпендикуляр жазықтық ретінде.

Бұлардың біреуі анықтама ретінде алынса, екіншісі қасиеті ретінде дәлелденіледі. Шарды оқуға аналитикалық әдістерді қолдану оқушыларға қызықты және пайдалы болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Геометрияны оқытудың негізгі мақсаттарының бірі оның теориялық негіздерін білу және оларды практикада қолдану дағдыларын меңгеруде.

Сонымен қатар білім алушылардың логикалық ойлауын, дәлелдеу қабілетін, талқылауды себептеу, ойды дәл және анық тұжырымдай білу мәселелері де маңызды міндеттер болып табылады. Геометрияның мектеп курсы оқытуда оқушылардың кеңістік түсінігі мен елестете білуін дамыту, қоршаған ортаны геометриялық тұрғыдан көре білу және т.б. Геометрия курсының көкейкесті мәселелері ол – бұл курстың мазмұнының ғылыми құндылығын, оқу материалының түсініктілігін арттыру, мазмұнды геометриялық есептердің ролін күшейту және т.б. Баяндау қатандылығы білім алушылардың логикалық ойлауын дамытудың, олардағы толыққандай логикалық себептерді көрсете білудің табиғи құралы ретінде қарастырылды.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Алпысов, А. Қ.** Математиканы оқыту әдістемесі. Оқу құралы. – Павлодар, 2015. – 181 б.

2 Методика преподавания математики в средней школе. Частная методика. Сост. В. И. Мишин, – М. : Просвещение, 1997.

3 **Алпысов, А. Қ.** Есептерді шығару практикумы. – Павлодар, 2015. – 220 б.

Материал 23.08.17 баспаға түсті.

А. Қ. Алпысов¹, Ш. М. Жумагельдинова²

Тела вращения

¹Павлодарский государственный педагогический институт, г. Павлодар;

²Специализированная гимназия для одаренных детей, г. Аксу.

Материал поступил в редакцию 23.08.17.

A. K. Alpysov¹, Sh. Zhumageldinova²

The bodies of rotation

¹Pavlodar State Pedagogical Institute, Pavlodar;

²Specialized gymnasium for gifted children, Aksu.

Material received on 23.08.17.

В статье представлена информация о телах вращения.

The article presents information on the bodies of rotation.

А. Қ. Алпысов¹, Б. Қ. Мұқанова²

¹п.ғ.к., доцент, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қ.; ²математика мұғалімі, Ақсу қаласының дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназиясы, Ақсу қ.
e-mail: ¹alpysovak@mail.ru

«КӨПЖАҚТАР» ТАҚЫРЫБЫН ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақалада «Көпжақтар» тақырыбын оқытудың дидактикалық-әдістемелік ерекшеліктері қарастырылған.

Кілтті сөздер: көпжақтар, кеңістік, стереометрия.

КІРІСПЕ

Германияның жоғары оқу орындары заңды түрде тәуелсіз, өзін-өзі басқарады, оқытудың құрылымын, әдістері мен мазмұнын, ғылыми-зерттеудің бағытын өздері анықтайды. Бұл елде академиялар, университеттер, техникалық университеттер, жоғары техникалық және басқа да арнаулы біріктірілген жоғары мектептер, теологиялық, педагогикалық, өнер және т.с.с жоғары оқу орындар аз емес. Әр қайсында жоғары академиялық дайындық, кең ауқымды зерттеушілік жұмыс, автономия, дәреже беру құқығы тән.

Басты ерекшеліктерінің бірі – Германияда мектеп түлектері аттестаттың орта балына сай емтихансыз қалаған жоғары оқу орнына түседі.

Әрине, талапкерлердің саны көп болуына байланысты кейбір шектеулер де бар. Екінші мамандық алғысы келетін шет ел азаматтарына, оқуын бітірген соң нақты бір жерде жұмыс істеу міндеттелгендерге квота (жеңілдік) бар, ал қалған орындар аттестаттың орташа балына, жоғары оқу орындадағы босаған орынды күту мерзіміне орай үлестіріледі.

Көптеген зерттеушілердің мойындауынша дүниежүзіндегі ең тиімді жоғарғы білім беру жүйесі АҚШ-та, сонымен қатар, АҚШ-тың бастауыш және орта мектебіндегі білім жүйесін халықаралық салыстыру бұл деңгейлердің әлсіздіктерін көрсетеді.

АҚШ-тың жоғары білімі қалыптасу құрылымы диверсификациялануымен сипатталады: курстар, оқу бағдарламалары біртұтас әлеуметтік институт

болып табылады; олар маңызды әлеуметтік және идеологиялық қызметтерді орындайды. АҚШ президенті Дж. Буштың білімдендіру реформалары бағдарламасында барлық балаларға теңдей мүмкіндік жасау керек деп есептеген.

Тарихы мол Ұлыбританияның ең әйгілі екі университеті – Оксфорд және Кембридж болып есептеледі. Алғашқыда екі университетте де студенттер саны аз болды және ХVІІІ ғасырдың ортасына қарай олардың саны азайғаны соншалықты тіпті ол университеттер қиын жағдайда жұмыс жасады. Бұл жылдары университеттердегі оқытушылардың бейнесіне де ағылшындықтардың көңіл толмаушылығы болды [50]. ХІХ-ғасырдың басында оқыту деңгейі Европа университеттерінен айтарлықтай қалып отырды – ол аймақтық колледж деңгейіне сай болды, бұл мекемелерде ғылыми зерттеулер жүргізілді. Екі университетте де оқу-ғылыми және тәрбиелік іс-әрекетердің ұқсас болуы салдарынан екі университетке ортақ Oxbridge (Оксбридж) атауы пайда болды.

Ұлыбританиядағы Оксбриджден басқа ХVІІІ-ХІХ ғасырларда оқу орындары қарқынды дами бастады. Шотландияның (St. Andrews, Glasgow, Aberdeen, Edinburgh) 4 ежелгі университеттері жұмыс жасады. Аудиторияда профессорлар дәріс оқи бастады. Лекторлар қандайда бір сала бойынша маманданды, ол профессорлардың ғылыми деңгейінің көтерілуіне әкеледі, сөйтіп өз саласының білгіріне айналды, ғылыммен айналысты, ойшыл болды. Ұлыбритания университеттері ХІХ-ғасырдың соңына қарай шіркеуліктен аристократиялыққа өтті, профессорлар ғылыммен айналыса бастады, бірақ Германиямен салыстырғанда ғылыми зерттеулер олардың басты міндеттері бола қойған жоқ. Студенттерді жүйелі ғылыми дайындау әлі қолға алынған жоқ.

Қазіргі кезде Ұлыбританияда жүзге жақын университеттер жұмыс жасайды. Оқу үдерісі қазаннан маусымға созылады, 3 семестрге бөлініп 8-10 апта оқиды. Университеттерде аптасына орташа 14-сағат аудиториялық болса, 23-сағат студенттердің өзіндік жұмысына беріледі, политехникалық институттарда сәйкесінше 22-17 сағат беріледі. Аудиториялық уақыттың 50 %-ын дәрістер құрайды. 2-ден 10 студент жұмыс жасайтын оқытудың жеке дара топтық (тьюториал) әдісі кең тараған. Ол аптасына бір рет болады. Жаратылыстану және қолданбалы ғылымдар үшін лабораториялық жұмыстар оқу мерзімінің 30-40 %-ын алады, сондай-ақ семинарлар мен практикалық сабақтар да өтіледі. Университеттердегі сабақтар өздерінің академиялығымен ерекшеленеді, сол себептен де өндірістік практикаға аз уақыт бөлінеді. Университеттердегі оқу мазмұны әдетте тар практикалық іс-әрекетке емес, керісінше студенттердің өз бетінше жаңа мәселені қарастыра алатындай кең ауқымды саланы қамтиды. Бакалавр дәрежесін алу үшін әдетте екі негізгі емтихан – бірінші және екінші жылдан соң, қалғандары аралық тапсырылады. Барлық емтихандар жазбаша өтеді, олардың ойынша бұл объективті болып табылады. Бірінші академиялық

дәреже – бакалавр (оқу мерзімі – 3-4 жыл, медицинада – 5-6 жыл) екі түрлі болып келеді – қарапайым (кең ауқымды пәндерді жалпылай оқу) және кәсіптік (шектелген пәндерді терең оқу) дәрежелер. Қарапайым дәрежелер студенттердің магистр және доктор атағын алуына мүмкіндік бермейді. Ғылым, өнер немесе философия магистрі дәрежесін алу үшін бакалавриаттан соң 1-2 жыл оқиды немесе ғылыми – зерттеу жұмысымен айналысады. Магистр дәрежесі оншалықты тарала қоймаған және ол докторлық дәреженің толық курсынан өте алмағандарға беріледі. Жоғары білімнің екінші дәрежесі, әсіресе, докторлық дәреже Ұлыбританияда кейінірек беріле бастады. 1918 жыл алғаш рет PhD ғылыми дәрежесі АҚШ-тан 50-жыл кейін беріле бастады әрі көп жылдар бойы диссертация қорғау бірегей болып келді. Егер бұл осылай жалғаса бергенде шет ел студенттері Германияға оқуға кетер еді, сол себептен де жоғары мектептің екінші сатысын көтеруге көңіл бөліне бастады. Философия ғылымының докторы атағына ие болу үшін диссертация қорғаумен аяқталатын ғылыми-зерттеу жұмысы орындалады және соңында емтихан тапсырылады. Бұл деңгейде студенттер бакалавриаттан кейін дәрістерге қатыспай-ақ өз бетінше оқиды. Ғылым, әдебиет немесе құқық докторы дәрежесін ғылым мен техника дамуына үлес қосқандығына орай, яғни, жариялаған ғылыми еңбектеріне байланысты береді.

Францияның білім беру жүйесі тікелей елдің дамуымен байланысты. Париждік университет XII ғасырда негізін қалады, ол Европадағы Болоньеден кейінгі ең көне университет болып есептеледі. Франциядағы жоғарғы оқу орындарына жалпы орта білімнің базасында дайындықты 2-6 жыл мерзімінде жүзеге асыратын оқу мекемелерін жатқызады. Орта білімнен кейінгі білімді негізінен екі типке бөлуге болады: университеттік және мамандандырылған. Жоғары оқу орнына түсу үшін бастауыш мектеп, орта білімнің бірінші циклі (4 жыл) ол жалпы білім беретін колледждерде және лицей немесе арнайы училищелердегі орта білімнің екінші циклі (3 жыл) тұратын толық орта білім болуы керек. Жоғары мектептегі оқу үлгерімінің нәтижесіне түлектерге қарай бакалавр дәрежесі беріледі. Бакалавр дәрежесі Франциядағы жоғарғы мектептегі алғашқы баспалдақ болып табылады, сол себептен орта мектептің жоғары сатысы орта және жоғары білімнің арасындағы аралық болып табылады. Егер лицейдің мамандандыру үдерісі университет кәсіптеріне сай келсе, бакалавр дәрежесін алғандар емтихансыз жоғары оқу орнына түседі.

90-жылдарға дейін университеттерде оқыту үш циклден тұрады:

– бірінші цикл (2 жыл) – жалпы ғылыми дайындық, оқу бітірген соң білім аумағын көрсете отырып, жалпы университеттік білім туралы диплом (DEUG – *Diploma d etudes universitaires generales*) беріледі;

– екінші цикл – кәсіби дайындық (1 жыл) – бітірген соң лицензиат дипломы беріледі, тағы бір жылдан соң, екінші циклдің соңында мэтриз (*Maitrise*) дипломы беріледі;

– үшінші цикл (1 жыл) – салада кәсіби мамандық алу үшін қалғандарға берілетін жоғары мамандандырылған білім туралы (*DESS – Diplome d etudes specialises*) диплом беріледі.

1990 жылдан бастап *Licence* мен *Maitrise*-нің баламасы ретінде ғылымға ерекше қабілетті студенттер үшін магистратура енгізілді. Онда түлек арнайы бағдарлама бойынша үш жыл оқыған соң магистр дәрежесіне ие болады.

DEA немесе *Magistere* дипломы бар университет түлектері тағы 3-5 жыл оқу арқылы докторлық дипломға, яғни *Ph.D* ие болады. Сондай-ақ басқалардың ғылыми жұмысына басшылық ету мүмкіндігіне ие болатын докторлықтың екінші сатысы да енгізілуде. Университет оқытушысы болу үшін бірнеше жыл ғылыми зерттеу жұмысымен айналысуы қажет, ғылыми жарияланымдары жарық көруі; доктор дәрежесін иеленуі; алдын ала біліктілер қатарына ілігуі; ғылыми-зерттеу жұмысына басшылық жасау құқығына ие болуы тиіс.

Біздің еліміздегі университеттер Ресейлік үлгіде жасалғандықтан, біздер олардың құрылу мен даму тенденцияларын зерттеп алған тиімді. Ресей университеттерінде дін мәселесі өзекті болмаған, оны бұл елдің жоғары оқу орындарында діни факультеттердің болмағандығы дәлел бола алады. Бұл салыстырмалы түрде оларда кеш пайда болғандығымен түсіндіріледі. XVIII ғасырда Ресейде мемлекет шіркеуге билік жүргізді, сол себептен алғашқы университеттер шіркеудің емес, мемлекеттің қарамағында болды.

Ресейлік университет европалықтардан жеті ғасырға кеш пайда болды, ал оларды ұйымдастыруға деген талпынысты мемлекет жасады.

Статистикалық мәліметтер мен тарихи әдебиеттерді талдаулардың көрсетуінше, XIX ғасырдың алғашқы он жылында қоғам университетке пассивті көзқараста болды, университеттердің өздері де қоғам дамуына оншалықты ықпал ете қойған жоқ. Мәселен, Мәскеу университеті. Осы оқу орнының тарихы мол, 1755 жылы пайда болған, XIX ғасырдың басында жоғары әлеуметтік мәні бар мәдениет пен ғылым орталығына айналды. Университет күнделікті қоғам өмірінен тыс қалып қойған жоқ, қоғамдық ойдың дамуына бағыт қалыптастырды. Ресейлік модельдегі классикалық университеттерде утилитаризмнен алшақ, «таза ғылым храмының» ролі мықты бекіді. Осылайша Ресейдегі классикалық университеттердің бірден бір ажырамас сипаттамасы олардың фундаменталды ғылымды ұстануында болды.

Жоғары оқу орындарының құндылық бағдары мен қызметі, институционалдық табиғаты мәселелерін қарастыру университеттің ұлттық моделін іздестірумен байланысты болды. Бұл үдеріс XIX ғасырдағы көптеген

европалық мемлекеттерге тән болды. Дәл XIX ғасырда университеттік білім беру концепциялары құрастырылды, кейінірек олар классикалық деген атауға ие болды. Университет сипаттамаларының ішінен ең негізгілері алынады, университет алдында тұрған міндеттер түзетіледі. Бірақ мақсаттары өзгермейді: білім беру, ғылым, мәдениет.

Ресейдің замануи жоғары оқу орындарын алатын болсақ, жаңа гуманитарлық парадигмалар орын алуда.

Біздің ойымызша, қазіргі университеттік білім ең алдымен педагогикалық білімнің гуманитаризациялану тұжырымдамасына негізделген, яғни, ол бойынша білім ең алдымен әлемдегі адам болмысын оның әлеммен өзара әрекеттесуі арқылы мәнін ашудан тұрады.

Қазақстандық жоғары білім беру жүйесін сипаттайтын болсақ, онда екі бағытты анықтауға болады: ұлттық білім беру жүйесін жетілдіру мен әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдасу.

Қазақстан Республикасының әлемдік білім беру жүйесіне ену үдерісі 2003 жылдан бастап еліміздің оқу орындарында және магистратурасында кредиттік оқыту технологиясын ендіруден басталды. Қазіргі кездегі кредиттік технологияның ерекшеліктерінің ішінде ең тиімділерін көрсетсек:

- игерген білім сапасының емтиханда бағаланып, сынақтың болмауы;
- оқу мотивациясының артуы;
- шетелде оқу мүмкіндігі, алған білімді басқа елдегі оқу орнының академиялық мойындау кепілдігі;
- оқытуда интерактивті әдістердің кеңінен қолдану мүмкіндігі;
- білім деңгейінің нақтылығы, баға жүйесінде дәстүрлі бағалаудан өзгеше жинақталатын сынақтық жүйенің енгізілуі және дәстүрлі бағалау жүйесіне аудару механизмінің болуы, бағалаудағы ерекшеліктер жатады.

Кредиттік оқыту жүйесі сабақты жекелей жоспарлау негізінде өздігінен білім алудың және жекелендіру арқылы білімді шығармашылықпен игеру арқылы оқу үдерісін ұйымдастырудың ерекше тәсілі болып табылады. Ол әлемдік стандартқа сай білім беруді қамтамасыз етуге, барынша сапалы білім беру арқылы біліктілігі жоғары және еңбек нарығында бәсекелестікке төтеп бере алатын мамандарды даярлауға мүмкіндік береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстанның жоғары оқу орындарындағы кредиттік жүйенің ендірілуі әлемдік білім беру саласындағы беталыстарды ескеруді, шет елдердегі бұл жүйенің тәжірибесін зерттеуді және жинақтауды қажет етеді.

Қазақстан Республикасында ұлттық білім беру ұйымдарында білім алушылардың және профессор-оқытушылар құрамының икемділігін

қамтамасыз ету, сондай-ақ білім беру сапасын арттыру, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім берудің барлық деңгейлері мен сатыларының сабақтастығын қамтамасыз ету үшін мамандарды үш деңгейде даярлау: «бакалавр – магистр – доктор» біртұтас кредиттік оқытудың жүйесі бойынша жүргізіледі.

Дәстүрлі «сызықты оқыту жүйесінен» білім беру үдерісін білім алушының өздігінен жоспарлауына мүмкіндік беретін, «сызықты емес» жүйелердің бірі болып табылатын кредиттік оқыту жүйесіне өту еліміздің жоғары мектеп жүйесінде бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Ляхович, Е. С.** Модель Гумбольдта: университеты-центры эталонного знания // ВВШ, 1994. – № 2. – С. 40-41.

2 **Ладыжец, Н. С.** Развитие идеи западного университета: социально-философский анализ. – Ижевск, 1991. – 83 с.

3 **Пахомов, Н. Н.** Кризис образования в контексте глобальных проблем // Философия образования для 21 века. – М., 1992. – 24-25 бб.

4 **Исаева, З. А., Баширова, Ж. Р.** Развитие университетского образования: общая характеристика (Великобритания, Франция). – Алматы, 2003. – № 2. – С. 13.

5 **Баширова, Ж. Р.** О методологическом базисе новой модели образования // Высшая школа Казахстана, 2004. – № 1. – С. 762-71.

Материал 23.08.17 баспаға түсті.

Г. Аширбекова, С. К. Ксембаева

Развитие университетской образовательной системы: исторический аспект

Павлодарский государственный университет
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 23.08.17.

G. Ashirbekova, S. K. Ksembaeva

The development of the university education system: the historical aspect

S. Toraihyrov Pavlodar State University, Pavlodar.
Material received on 23.08.17.

В статье характеризуется развитие университетского образования с исторической точки зрения. Представлено развитие университетов начиная с древних времен по настоящее время.

The paper is giving a characteristic to the development of university education from a historical perspective. There is presented the development of universities since ancient times to the present.

ӘОЖ 338.242.4:331.5 (574)

**К. М. Әбішева¹, С. Е. Тапанова²,
Қ. М. Нағымжанова³, С. А. Барлыбаева⁴**

¹ф.ғ.д., профессор, «Тұран-Астана» университеті, Астана қ.; ²п.ғ.д., профессор, Л. Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университеті, Астана қ.; ³п.ғ.д., профессор, «Тұран-Астана» университеті, Астана қ.; ⁴магистрант, «Тұран-Астана» университеті, Астана қ.
e-mail: ²tapanova@mail.ru

СТУДЕНТТЕРДІҢ ЗИЯТКЕРЛІК ҚАБІЛЕТТІЛІКТЕРІН АССОЦИАЦИЯЛАУ АРҚЫЛЫ ЖЕТІЛДІРУ ӘДІСТЕМЕСІ

Мақалада оқушылардың зияткерлік қабілеттіліктерін дамыту мәселелері, олардың психикалық қызметтер мен ой-танымдық іс-әрекеттерін жетілдіретін жаттығулар жүйесін енгізу арқылы қарастырылады.

Кілтті сөздер: зияткерлік, ассоциация, ойлау жүйесі, ойлау түрлері, әдістеме.

КІРІСПЕ

Бүгінгі таңда, ғылым мен білім жаңа шыңға шығып, еуропалық деңгейге көтерілгенде оқушылардың құзіреттілігінің сапасын арттыру, парасаттылық ептіліктерін, қабілеттіліктерін дамыту – бастапқы мәселе болып отыр. Оқушылардың парасаттылық қабілеттілігін дамыту барысында бірнеше бағыттар қалыптасты. Бірталай ғалымдар оқушылардың ойлау қабілеттілігін дамыту жолдарын зерделеп, жемісті ат салысты. Ғалымдардың зерттеулерінің нәтижесінде оқушылардың ойлау жүйесінің, парасаттылығын дамытатын ойлау-пайымдаудың бірнеше түрлері анықталып, толық сипатталды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Нәтижелі тәжірибелерімен, ғылыми еңбектерімен көзге түсетін ғалымдардың, мәселен, Ж. Пиаженің, К.Шайидің, А. В. Брушлинскийдің, А. Ф. Эсауловтың, Д. Халперннің, Г. Д. Баубекованың, Р. Стернбергтің, Л. М. Веккердің, Г. Лайбови-Вифтің, Е. С. Поляттың есімдерін атауға болады. Осындай ғалымдар оқушылардың танымдық іс-әрекетін дамытып, олардың ой-пайымдауларының әр түрлерін зерттеумен шұғылданды. Оқушылардың парасаттылық деңгейін дамытуда, ғалымдардың пікірінше, бірнеше ойлау түрлері белсенді рөл атқарды. Олар оқушылардың танымдық іс-әрекетінің жүйесін толыққанды жүйеге салып, дамыта тереңдетеді, парасаттылық ептіліктер мен қабілеттіліктерді дамытуға септігін тигізді. Танымдық іс-әрекет пен парасаттылықтың байланыстары өте тығыз деп санаған ғалымдар танымдық іс-әрекетті оқушылардың интеллектуалдық қабілеттіліктерін жүйесімен байланыстырып, толыққанды жүйе ретінде қарастырды. Сонымен қоса, парасаттылық ептіліктер мен қабілеттіліктерді дамытуға септігін тигізді. Танымдық іс-әрекет пен парасаттылықтың байланыстары тығыз байланыстарын анықтаған ғалымдар танымдық іс-әрекетті оқушылардың интеллектуалдық қабілеттіліктерінің жүйесін дамытатын тиімді әдіске жатқызады. Интеллект, біріншіден, ғалымдардың айтуынша, танымдық іс-әрекеттің шеңберінде дамып, шыңына жеткен ақыл-ой қабілеті [1]; екіншіден, «интеллекті» ұғымын топтастырылған мағынада қарастырып, оны адамды қоршаған ортаға бейімдейтін ақпараттық жүйе ретінде зерделенуі. Р. Стернбергтің пайымдауынша, «интеллекті» ақыл-реттеудің бір түрі ретінде қарастыруға болады. Оның үш элементін көрсетуге болады: қоршаған ортаға бейімдеу; қоршаған ортаның жаңа әсерлерін іріктеу; жеке тұлғамен бірге үйлесімді ортаны таңдамалы түрде іріктеу және қоршаған ортаны қалыптастыруға септігін тигізу [2, 11].

Ғалымдардың назарлары интеллекттің дамуының көрсеткіштерін зерттеумен қоса, сол парасаттылықты дамыту жолдарын, әдістемелерін зерделеуде. Егерде парасаттылықтың негізгі көрсеткіштеріне келесі белгілерді: 1) ойдың сынылығы (Н. Д. Левитов, Н. А. Менчинская); ойдың үнемділігі (Э. Н. Калмыкова, В. А. Крутецкий); баланың шығармашылықтық іс-әрекетінде есептердің әр түрін шешуге ақыл-есінің қабілеттілігінің (Л. Д. Столяренко), жетуі, баланың санасының жетілгенінің көрсеткіші-оның рефлексиялық деңгейінің жете дамуы яғни баланың өз әрекеттерін, өзінің «менін» сезіну қабілеттілігінің артырылуы (В. Г. Ананьев) аталады. Сонымен қоса, интеллекті дамытатын әдіс-тәсілдер қарастырылууда. Парасаттылықты дамытатын жүйелерді зерттеу барысында бірнеше бағыттар анықталды: бірінші бағыт – оқушылардың парасаттылығын

анықтау үшін оның қоршаған ортаға бейімделу жолдарын, деңгейлерін іздестіру талпыныстарын дамыту бағыты.

Бұл бағыттың өкілдері оқушыны қоршаған ортаға ассимиляциялау, яғни қоршаған ортадағы жағдаяттарды өзінің ептіліктері мен құрылымдарына орай бейімдеу, ыңғайлау; 2) аккомодациялау (ескі әдістерін жаңа, өзгерген ортаға сәйкес бейімдеу). Ж. Пиаженің ойынша, осындай екі тетіктің (ассимиляция мен аккомодацияның) жүзеге асырылуы танымдық үдерістердің дамуының үш деңгейінде: а) сенсомоторлық (бір-екі жаста); б) нақты іс-әрекеттерді орындау (2-11 жасқа дейін, бұл кезде баланың субъективтік ойлау дағдысы пайда болады); в) формальдық операцияларды орындау деңгейінде (бұл жағдайда баланың абстрактілік ұғымдық түрде ойлау дағдысы дамитын болады [3]. 2) Екінші бағыттың өкілдері ақыл-естің дамуын оның психикалық қызметтерінің дамуымен байланыстырылады, мәселен, Л. С. Выготскийдің пайымдауынша, баланың ақыл-есінің дамуы психикалық танымдық үдерістерінің өзгеруімен байланысты. Баланың ақыл-естік дамуы екі деңгейде: 1) ақылдылық даму деңгейі (бұл оқушының интеллектуалдық деңгейі ол оның есептерді шешу қабілеттілігімен белгіленеді); 2) бірінші кезектегі сатысы. Ол ересектердің етене қатысуымен өткеріледі [4].

Баланың ақыл-есінің дамуы бүкіл оқу мекемелерінде, солардың ішінде жоғары оқу орнында оқу барысында да дами береді. Бұл кездегі интеллектуалдық дамудың түрі когнитивтік даму сатысымен байланысты. Бұл жағдайда оқушыларда диалектикалық ойлау түрі қалыптасады. Г. Лайбови-Виф студенттік кезеңді «когнитивтік даму кезеңі» деп сипаттайды [5]. Осындай когнитивтік даму кезеңі 25-35 жас аралығында жүзеге асырылады. Ол кезде негізгі психикалық функциялар толыққанды қалыптасады. Олардың дамуы екі негізгі сатыда байқалады: 1) 20-25 жасқа дейін; 2) 25-35 жасқа дейін. 18-25 жас аралығында, Б. В. Ананьевтің пікірінше, жады, ойлану, қабылдау, назар аудару қызметтері бір-бірімен тығыз байланыста болып, 25 жылдың аяғына таман күрделі түрде бұталанған, екі негізгі орталықтардың (мнемологиялық және атенциондық) төңірегінде топтастырылған кешенді құрайды. Егерде 18-25 жас аралығында студенттердің назар аудару қызметі төртінші орында болса, 21 жаста ол екінші орынға шығады. Бір нәрсеге назар аудару қызметінің көлемі өсіп, тұрақтылығы орнықтырылады. Осының бәрі, жиналып, шоғырлану қасиетін арттырады. Көрсетілген жастар аралығында ойлау қызметі де тұрақтанады. Егерде 19-24 жаста мнемологиялық функциялар логикалық функциялардың алдына шығып кетсе, 20, 23, 25 жаста, керісінше, алдыға озып шығады. Ал 30-35 жас аралығында интеллектің құрылымында үш өзек қалыптасады. (мнемологиялық, логикалық, атенциондық). Атенциондық өзектің қалыптасуы адамның санасының бағытталуына және шоғырланып

топтасуына мүмкіншілік тудырады. Ал осындай қасиеттер адамның назарын бір нәрсеге толық аударып, сол туралы ойлануға мүмкіншілік тудырады, себебі оның интеллектуалдық әрекетін дамытуға септігін тигізеді. Бірақ 34-35 жас аралығында Б. В. Ананьевтің ойынша, интеллектің құрамындағы үш өзек қайтадан өзгертіліп, екі өзекке (логикалық және атенциондық) айналады. Бұл жағдайда барлық өзара байланыстырылған торлар осы екі өзектің төңірегінде жүзеге асырыла береді.

Оқушылардың интеллектісінің дамуы тек олардың ойлау қабілетін дамытумен шектелмейді, себебі ойлау қызметі басқа психикалық қызметтерсіз толық қалыптаспайды, жемісті болмайды. Б. Г. Ананьевтің пікірін қолдай отырып, оқушылардың интеллектін психикалық функциялар арқылы жүйелі түрде дамытуға болатынын растаймыз. В. Д. Шадриковтың еңбектерінде «психикалық функциялар» және «қабілеттіліктер» ұғымдары бірге қарастырылып, олар оқушының қабілеттіліктерін дамытудың екі тұғыры ретінде зерттелінеді. Психикалық функциялар қабілеттіліктерден бөлек қарастырылмайды, өйткені әртүрлі тәжірибелі немесе идеалдық түрдегі әрекеттерді түрлі-түсті психикалық функцияларға жіктеуге болады. Әрбір әрекетті жүзеге асырғанда қосымша қабылдау, есте сақтау, көз алдына елестету, ұғыну, шешім қабылдау қызметтері орындалынады. Сондықтан да психикалық қызметтерді іс-әрекеттердің жалпы түрі ретінде сипаттауға болады. Табиғат және жасанды түрде дамытылған қабілеттіліктерді зияткерлердіру арқылы дамытуға болады. Ол үшін интеллектуалдық операцияларды өткізу барысында негізгі психикалық функцияларды да дамытқан жөн. Қабылдауды, жадыны белсендендіру, елестету, көрініс беру, қиялдарды жүзеге асыру, ойлау – бірталай психикалық қызметтерді келесі операциялар арқылы дамытуға болады, мәселен:

Топтастыру – материалды белгілерге, нышаналарға негіздеу арқасында әртүрлі топтарға жіктеу және олардың ара-жіктерін ашу, (мәселен, тірек тармақтарды бөлу, яғни басқа, кең көлемде ақпарат беретін тармақтардың негізін белгілеу (тезистерді, тақырыптарды, мысалдарды, теңеулерді, сандық бөлшектерді, эпитеттерді, таныс не бейтаныс сөздерді топтастыру, көзге түсетін сөйлемдерді, абзацтарды, субъектінің эмоционалдық реакциясын белгілеу;

Мнемикалық жоспар құру – тірек тармақтардың жиынтықтарын сипаттау, сараптау, яғни бір құбылыстарды, заттарды, ұғымдарды кластарға, топтарға, белгілі нышаналар бойынша тарату, бір заттың, құбылыстың құрылымын анықтау, сипаттау, оның орналасуын белгілеу. Жүйелеу – бүтіннің бөлшектерінің арасындағы байланыстарды табу, бүтіннің бөлшектерін бір жүйеге келтіру. Нобайлау – берілген ақпаратты нобай, кесте

ретінде көрсету. Ұқсастықтарды табу – заттарды салыстырып, бір-екі белгі негізінде ұқсастықтарын табу. Кодтарды алмастыру – берілген ақпаратты атау, вербалдау, дыбыстау, бейнелі түрде көрсету. Есте сақайтын материалды толықтыру: бұл жағдайда вербалдық аралық сөздерді пайдалануға болады, солар арқылы жағдаятты көзге түсетін, түспейтін белгілерін атау арқылы сипаттауға болады. Материалды сериялау, яғни сериялар түрінде ұйымдастыру – оны сабақтас-құрмалас түрінде орналастыру, көлемі бойынша бөлу, бөліп тарату, кеңістіктегі белгілі орынға жіберу арқылы орналастыру, уақыттың мезгілімен бөлу.

Ассоциациялау – заттарды, нышаналары, белгілердің ұқсастықтары бойынша бір-бірімен байланыстыру, шектес карама-қайшылықты ассоциациялар бойынша бір топқа біріктіру.

Қайталау – материалды тарау, тараушалар бойынша қайталау.

Осындай интеллектуалдық операциялардың түрлерін қарастырсақ, олар адамның танымдық әрекетін жүзеге асырумен қоса психикалық қызметтерін дамытады, ассоциациялау интеллектуалдық операциясын орындау барысында біз жадының жұмысын, үрдісін, ойлау, назар аудару, қабылдау функцияларын да жүзеге асырамыз.

Ассоциациялау үрдісін екі құбылысты, екі затты, екі нысанды, қос стимулдарды және оларға еретін реакцияларын байланыстыратын тәсіл деп түсінуге болады [7, 13]. Ассоциациялау – интеллектуалдық операциясын екі түрде жүзеге асыруға болады: 1) ассоциативтік экспериментті өткізу негізінде; 2) ассоциативтік кеңістікті құру негізінде. Р. М. Фрумкина ассоциативтік эксперименттің келесі әдістемесін ұсынады: «жеке адамға не топқа стимул-сөздердің терімі беріледі. Нұсқа бойынша стимул-сөздерге реакция сөз ретінде келетін сөздерді жаза беру керек [7]. Ассоциативтік эксперименттің талабы бойынша, сөз-стимулға баға бірінші келетін сөздік реакция қажет. Бұл қатал ұстаным. Бұл жағдайда ойланбау керек. Жауап ойластырылмайды, адам стимул-сөзді ой-елегінен өткізбейді де, мәселен, «гүл» – сөз-стимулына бірінші сөз қағидасы бойынша келтірілген келесі ассоциацияларды көрсетуге болады. Гүл – қызыл, ақ роза гүлдің тікендері бар, мамаларға сыйлауға болады, гүлдерге ара қонады, жапырақтары жасыл, жерде өседі, сатып алады, терезенің алдында өседі.

Г. Т. Гиздатов өзі құрастырған тілдердің иегерлерінің ассоциативтік-вербалдық торларымен қоса олардың ұлттық-мәдени кодпен сәйкесетін мәдени-мағыналы көрсеткіштерін атайды. Ғалымның пайымдауынша, әр мәдениетте сөз – стимулға келтірілетін реакция-сөздер әртүрлі болады екен, мәселен, «қызыл» сөзі қазақ, ағылшын, орыс мәдениетінде әртүрлі ассоциациялармен байланысты.

Психология саласында ассоциативтік әдіс Дж. Беркли, Г. Гартль, Т. Браун, Дж. Лиль, З. Фрейд, К. Г. Юнг және Д. Юмның жұмыстарында қарастырылды. Ассоциациялар әртүрлі ойларды бір-бірімен жақындастырады. Д. Юмның айтуынша, ассоциациялар әртүрлі ойларды байланыстыратын тәсіл ретінде сипатталған. Ассоциациялар ғалымның ойынша біздің жадыда пайда болып, ойларды бір-бірімен жақындастырады, соның арқасында ойлау, пайымдау әрекеттерін белсендіруге септігін тигізеді [10, 29]. Ассоциациялардың психологиялық типологиясы бойынша олардың үш түрін атауға болады: 1) ұқсастық бойынша жүзеге асырылатын ассоциациялар (көгілдір, көк, жасыл); 2) карама-қайшылық бойынша заттарды жақындастыратын ассоциативтік байланыстар (ақ-қара); шектес ұғымдардың жақындасуы негізінде пайда болатын ассоциациялар (адам-бас; фар-фор (материал), фар-фор (ыдыс), т.б.

Ассоциативті әдіс арқылы шетел сөздерін жете меңгеруге болады. Осы тәсіл тіректі бейнелердің жүйесі құрылады. Оны пайдалану барысында біз жанымыздағы нысандарды қабылдау барысында заттардың байланыстарына назар аударамыз. Ең алдымен тірек бейнелердің жүйелерін құрғанымыз жөн. Бұл тәсіл жадымыздың мазмұнын қарастырып, тексеріп, отыруға мүмкіншілікті тудырып отырады. Естіген сөздер біздің жадымызда, қиялымызда әртүрлі бейнелерді тудырып, елестетеді. Осындай бейнелердің реттілігін және бірізділігін, бірінің артынан бірінің тізбектелініп келетінін есте сақтау керек. Жаңа шетел сөзінің дыбысталуын бірнеше тәсілдердің қиындастырылуы арқылы есте сақтауға болады: 1) жаңа шетел сөздерін есте сақтау; 2) шетел сөзінің дыбысталуын бейнелі фонетикалық кодтар арқылы жадыда тұту; 3) жаңа шетел сөздерін еске түсіру арқылы белсендендіру. Осындай тәсілді сөздерді жадыда ұзақ мерзім сақтау үшін қолдану қажет. Осыдан кейін жай ойша жасайтын операциялар арқылы есте сақтайтын шетел сөздерін көз қаперіндегі бейнелерге айналдырған жөн. Бейнені үлкейту – кішірейту ойша операциялар арқылы қолымыздағы бейнелерді қысқарта не үлғайта аламыз. келесі ойша операция – бейнелерді айналдыру. Осы операция арқылы біз әртүрлі бейнелерді көз алдымызға елестетіп, жан-жақтан қарастырып, зерделейміз, өзімізге біресе жақындастыра, біресе алыстата мойны қашықтау жерде ұстау арқылы қиялымызда бейне өзі дөңгеленіп, шыр айналуы керек, ал біз оның айналуын байқап қана отырамыз. Үшінші операция – «Бейнелерді өзгерту». Бұл жағдайда бір сөзді әртүрлі бейнелермен жақындастыра аламыз, мәселен «мәшине» сөзін әртүрлі түрде өзгертіп, әртүсті бейнелерін елестете аламыз, қараңыз: жүк мәшине, кір жуатын машина, т.б. бірақ әр жағдайда әр мәшине деген сөздің мағынасы өзгермейді. Ол «мәшине» болып қала беруге міндетті. Келесі ой операциясы – бейнелерді қиыстырып, бірінің үстіне екіншісін қою. Бұл жағдайда екі

бейне жақындасады, бірақ біреуі алыста, ал біреуі жақында болғандықтан, біз бір бейне арқылы екіншісін көреміз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ассоциациялар әртүрлі ойларды байланыстыратын тәсіл ретінде сипатталады. Ассоциациялар, ғалымдардың ойынша, адамның есінде пайда болып, ойды бір-бірімен жақындастырады, соның арқасында ойлау, пайымдау әрекеттерін белсендіруге өз септігін тигізеді.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Айзенк, Г. Ю.** Интеллект: новый взгляд // Вопросы психология, 1995. – № 1. – С. 111-129.
- 2 **Sternberg, R.** The triarchic mind: A new theory of human intelligence. – N.Y. : Penguin Nooks, 1988. – 130 p.
- 3 **Пиже, Ж.** Избранные психологические труды. – М., 1969. – С. 580-590.
- 4 **Выготский, Л. С.** Собрание сочинений в 6 т. – Т. 3. – М., 1982. – С. 145-147.
- 5 **Ананьев, Б. Г.** О проблемах современного человекознания. – М., 1977. – 150 с.
- 6 **Шадриков, В. Д.** Качество педагогического образования: Монография. – М. : Логос, 2012. – 210 с.
- 7 **Юм, Д.** Исследование о человеческом разумении. – М. : Изд. группа «Прогресс», 1995. – 130 с.
- 8 **Фрумкина, Р. М.** Психолингвистика. – М. : Академия, 2003. – 200 с.
- 9 **Гиздатов, Г. Г.** Когнитивные модели в речевой деятельности. – Алматы : Ғылым, 1997. – 185 с.
- 10 **Кинякина, О. Н.** Мозг. Интеллект. Память. Креатив. Интуиция. Интенсив-тренинг по развитию суперспособностей. – М. : ЭКСМО, 2013. – 230 с.

Материал 23.08.17 баспаға түсті.

К. М. Абишева¹, С. Е. Топанова², Қ. М. Нагимжанова³, С. А. Барлыбаева⁴
О методике развития интеллектуальных способностей студентов через приемы ассоциации

^{1,3,4}Университет «Туран-Астана», г. Астана;

²Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Астана.

Материал поступил в редакцию 23.08.17.

К. М. Abisheva¹, S. E. Tapanova², K. M. Nahimjanova³, S. A. Barlybayeva⁴
On the methodology for developing the intellectual abilities of students through the association techniques

^{1,3,4}University «Turan-Astana», Astana;

²L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana.

Material received on 23.08.17.

В статье рассматриваются проблемы развития интеллектуальных способностей студентов при помощи системы упражнений, развивающих психических функции и умственную деятельность обучаемых.

The article deals with the problems of students' intellectual abilities, development using the system of exercises that develop the mental function and mental activity of students.

М. И. Воробка

к.п.н., доцент, Мелитопольский государственный педагогический университет имени Богдана Хмельницкого, г. Мелитополь, Украина
e-mail: olga_vorovka@ukr.net

**ОТРАЖЕНИЕ УСТАНОВОК ПАТРИАРХАТНОЙ
ГЕНДЕРНОЙ КУЛЬТУРЫ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ
ПРОЕКТАХ ЭПОХИ МОДЕРНА**

В статье проанализированы образовательные проекты просветителей эпохи раннего модерна с целью выявления наличия в них установок патриархатной гендерной культуры. Педагогические концепции названных авторов задали вектор педагогических поисков в последующее столетие, и, вместе с тем, способствовали утверждению патриархатных установок в традиционной системе образования и педагогической мысли Европы.

Ключевые слова: гендерная культура, патриархатная гендерная культура, образовательные проекты модерна, андроцентризм, мизогиния, Дж. Локк, И. Г. Песталоцци, Я. А. Коменский, Ж.-Ж. Руссо.

ВВЕДЕНИЕ

Ведущее место в задачах развития правового демократического общества занимает утверждение ценностей эгалитарной гендерной культуры. Гендерная культура это система представлений, ценностей, знаний, норм, интересов и потребностей, которые формируют социокультурные аспекты пола, устанавливают статусы женщин и мужчин, определяют их роли, взаимоотношения и модели поведения в различных сферах жизни и влияют на формы и результаты творческой деятельности полов, определяя их место в общей картине мира [1] Разделение сфер человеческой деятельности на приватную и публичную, и закрепление ответственности за каждую из них по признаку пола является признаком патриархатной культуры, которая является чрезвычайно стойкой и распространенной даже в современных обществах. Система образования является важнейшим институтом, обеспечивающим формирование, сохранение и воспроизводство культуры как путём создания образовательно-воспитательной, культурной среды, так и путём целенаправленной педагогической деятельности [2]. Поэтому образование в немалой степени способствует как преодолению, так и

закреплению патриархатных традиций в гендерной культуре современности. Педагогические аспекты названной проблемы изучали О. Васильченко, Т. Голованова, Т. Доронина, В. Кравец, О. Петренко и другие. Цель нашей статьи – выявить, как патриархатные традиции гендерной культуры европейских стран воплощались в образовательных проектах эпохи раннего модерна.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Почти три тысячи лет для оправдания социально-культурного разделения по признаку пола дискурсивно воспроизводятся три основные концепции: женщина – это неполноценный мужчина; реальность составляют две противостоящие или дополняющие друг друга основы – женская и мужская; сильные стороны и положительные качества, присущие женщинам, обусловлены мужскими потребностями [3]. Подобные представления о приоритете мужского начала над женским, вместе со всеми присущими им атрибутами и характеристиками, определяют андроцентризм патриархатной традиции. Присущая ей бинарная оппозиция полов оправдывает подчиненное социальное положение женщины, которая предстает несовершенно, болезненным, нерациональным и непокорным созданием, неспособным сознательно управлять своим телом и действиями. Результатом таких представлений является мизогиния патриархатной традиции – установка на нейтрализацию и исключение женского как из системы рационального философского мышления, так и из системы организации общественной жизни [4].

Еще философы античности видели в мужском начале воплощение высшего совершенства и человеческой субъектности (разум, добродетель, красота), а в женском – абсолютное несовершенство (неоформленное тело, хаос, небытие). Восприимница античной антропологии и онтологии, средневековая философия, отождествляла женское с телесным, с бесформенной материей, мужское – с духовным, с идеей, с формой-эйдосом. Даже гуманисты Возрождения, реабилитировав человека, сохранили вполне средневековый тон высказываний о женщине. Женское отождествлялось с извращенной, греховной чувственностью, разрушающей внутреннее единство человеческого и божественного начала, а главным назначением женщины считалось продолжение рода.

Легализация чувственности и телесности как обязательных составляющих познания, а вместе с этим и переосмысление женского, началось в классический период развития науки. В эпоху модернити общепризнанными стали постулат о способности к мышлению, как видовом признаке человеческой природы, а также идея равенства свобод и прав всех

людей. В вопросах отношения полов мыслители Нового времени не только фиксировали половую дифференциацию и иерархию общества и культуры, но стремились к новому ее осмыслению. Попытки обосновать женскую субъектность, объединить онтологические принципы женского / мужского привели к переносу вопроса в плоскость социальных, культурных, правовых и экономических отношений, способствовали обоснованию идеи равенства полов, проблем женских прав и свобод. Европейская наука эпохи модерна, разводя телесную и социальную составляющую пола, достаточно близко подошла к современному пониманию гендера, гендерной роли и гендерного стереотипа. Философы раскрывали влияние социальных институтов на воспроизведение и формирование доминирующей патриархатной гендерной культуры. Все это в конце XX века привело к созданию новых институтов, построенных на принципе приоритета индивидуальных прав человека, в частности внедрению гендерных подходов к образованию и воспитанию.

Анализируя причины и истоки гендерного неравенства, мыслители модернисты прибегали иногда к довольно радикальным заключениям, основанным на философских принципах, оппозиционных культурно-цивилизационным реалиям своего времени. Так, французский философ Ф. П. де ля Бар считал необходимым уравнивать женщин в правах с мужчинами: открыть им все общественные сферы деятельности – от теологии до грамматики, вплоть до осуществления власти, в том числе военной и государственной [5]. Впрочем, такой подход к женскому вопросу был весьма радикальным, и разделялся далеко не всеми современниками.

Обращение классической науки к проблематике человеческой субъектности привело к появлению в логике философского мышления и новой аргументации в пользу поляризации полов. Классическая наука объясняла половое разделение в культуре и обществе неравнозначностью половых ролей, различными моральными и интеллектуальными качествами и возможностями мужчин и женщин, которые выводились из «природы» пола. Даже отстаивая идеи гражданского равноправия, мыслители оставляли открытым вопрос о правах и свободах женщин – в том числе образовательных.

Так, английский либеральный философ Дж. Локк утверждал, что естественным состоянием всех людей есть свобода и равенство, а существа одной породы и вида должны быть равными между собой без всякого подчинения или подавления [6]. В книге «О воспитании» просветитель предложил образовательную систему, цель которой определил как воспитание джентльмена – человека физически крепкого, добродетельного, деятельного, умеющего владеть собой, обладающего ясной мыслью и жизненно необходимыми знаниями, «умеющего вести свои дела толково

и предусмотрительно» в границах различных призваний джентльмена. Среди таких призваний – деловые занятия в реальном мире, коммерческая деятельность, государственное поприще, военное дело [7]. Касательно воспитания девочек, Локк ограничился замечанием, что «различие пола требует применения различных приемов». Примечательно то, что джентльмен как идеал воспитания, представляет пример человека, занимающего публичные сферы жизни и деятельности исключительно в силу элитарности своей гендерной принадлежности. Комплементарный «джентльмену» воспитательный идеал «леди», который Локком не рассматривался, формирует образ стыдливой, скромной, молчаливой, выдержанной и спокойной хранительницы домашнего очага, супруги и матери. Подготовка девочки к такому единственно возможному для нее уделу и составляло основу воспитания «леди». Таким образом, предложенная Локком система воспитания скрыто проецировала андроцентричные и мизогинные установки патриархатной культуры.

Одна из крупнейших фигур в мировой педагогике своего времени – чешский педагог Я. А. Коменский горячо отстаивал в «Великой дидактике» право женщин на знание и образование: «Нельзя представить никакого достаточного основания..., почему бы и слабый пол... нужно было бы совершенно отстранить от научных занятий... Женщины – также образ божий. Равно причастны они благодати и царству будущего века. Одинаково они одарены... быстрым и воспринимающим мудрость умом. Одинаково им открыт доступ к самым высоким положениям, так как часто самим Богом они призывались к управлению народами, к тому, чтобы давать самые спасительные советы царям и князьям, к изучению медицины, к другим делам, полезным для человеческого рода, даже к пророческой деятельности и к тому, чтобы обличать священников и епископов». Однако, указывает Я. А. Коменский, образовывать женщин нужно «не ради пустой любознательности, но для благонравия и счастья, учить особенно тому, что подобает им знать, чем владеть как для достойного устройства своей домашней жизни, так и для попечения о своем собственном благополучии и о благополучии мужа, детей и семьи» [8]. Поскольку для «достойного устройства своей домашней жизни» высшее образование было, видимо, излишним, то академия предназначалась исключительно для юношей. Итак, великий педагог, видел женское предназначение исключительно в сфере приватного – семейный очаг, вынашивания и семейное воспитание детей, забота о семье. В этом он видел не только проявление особой женской природы, но и божественный помысел. Именно такое понимание отражено в его «Материнской школе» – первом в европейской педагогике труде по

проблемам семейного, точнее материнского, воспитания. Примечательно, что при этом в его педагогическом наследии вопросы неравенства женщин и мужчин в культуре и социуме специально не затрагивались, а принцип равных возможностей, как и полярный ему принцип учета половых особенностей в обучении не рассматривался.

Швейцарский педагог-гуманист И. Песталоцци видел в всенародном общем образовании, доступном для лиц обоего пола, основное средство переустройства общества на разумных и справедливых основаниях. Однако, люди разного пола в его педагогической системе представляли неравными и как субъекты, и как объекты воспитательного воздействия. Педагог рассматривал развитие личности как непрерывный процесс, который берет начало в родительской семье и продолжается в школе. Семейное воспитание, направленное преимущественно на моральное и физическое развитие, дело женщины, тогда как школьное воспитание, направленное главным образом на умственное развитие – является делом мужским. В книге «Как Гертруда учит своих детей» он постулирует – «Главный закон этой непрерывности заключается в следующем: первоначальное обучение ребенка никогда не бывает делом головы, никогда не бывает делом разума – оно вечно бывает делом чувств, делом сердца, делом матери. Следующий за ним закон гласит: обучение человека лишь медленно переходит от упражнения чувств к упражнению способности суждения, оно долго остается делом сердца, прежде чем станет делом разума, оно долго остается делом женщины, прежде чем постепенно станет делом мужчины» [9]. Принцип природосообразности, по И. Г. Песталоцци, предусматривал учет в процессе воспитания различной природы полов, что должно было обеспечить в дальнейшем развитие «мужской мудрости и женского прилежания». В «Письмах к учителю Петерсену» он советует приучать мальчика проникать в глубину и постигать сущность изучаемого предмета, размышлять, сомневаться, не спешить с выводами для того, чтобы развить его в соответствии со способностями и предназначениями. В отношении девочки, с той же целью просветитель советует учить ее сдерживать себя, упражнять в терпении, сдержанности, учить преодолевать свои стремления, тщательно прививать навыки поведения, принятые в обществе, приучать со всей серьезностью и строгостью к тому, чтобы все, что она обязана делать, выполнялось хорошо, достойно, разумно безукоризненно [10]. Таким образом, в образовательном проекте И. Г. Песталоцци, в отличие от рассмотренных выше, ясно артикулируется поло-дифференцированный подход: он разделяет мужчин / женщин, мальчиков / девочек по сферам личностной и социальной реализации; отстаивает представление о разных

социальных предназначениях полов, обуславливающих необходимость в поло-специфическом воспитании и образовании; рассматривает учет половых особенностей как педагогический принцип; он разделяет саму систему образования, оставляя семейное воспитание за женщиной, а сферу общественного образования – за мужчиной.

Ярким примером проекции установок патриархатной гендерной культуры модерни в образовательной системе есть концепция свободного воспитания французского философа Ж.-Ж. Руссо. Просветитель отмечал: «Во всем, что не касается пола, женщина есть тот же мужчина: у ней те же органы, те же потребности, те же способности; машина построена по одному и тому же образцу, части в ней одни и те же...». Различия между женщинами и мужчинами вытекают из того, что связано с полом: «Один должен быть активным и сильным, другой пассивным и слабым; необходимо, чтобы одни желал и мог, ...другой оказывал мало сопротивления». Женщина создана специально для того, чтобы нравиться мужчине, достоинство которого заключается в силе. Потому не существует никакого равенства между полами: «самец бывает самцом лишь в известные моменты; самка же остается самкой всю жизнь». Женщине, по убеждению философа, не под силу исследование абстрактных и умозрительных истин, принципов, аксиом науки, обобщение идей, у женщины больше ума, тогда как у мужчины больше гения – женщина наблюдает, а мужчина рассуждает. Единственная сфера размышлений, где женщина может преуспеть – изучение людей и их чувствований [11]. Говоря о воспитании женщины, Руссо настаивал, что слабый женский ум не способен контролировать свое тело, а значит, женщина нуждается в менторе – сначала им является отец, а потом – муж. А потому, призывал мыслитель, «давайте без всякого зазрения совести женщинам женское воспитание; пусть они полюбят заботы, свойственные их полу, пусть будут скромны, пусть умеют смотреть за хозяйством, быть занятыми в своем доме» [11]. Итак, воспитание мальчиков и девочек в концепции Руссо конструировалось как воспитание двух неравноценных и нервных субъектов, одному из которых впоследствии предстоит управлять жизнью другого. Соответственно, именно на первых распространялось свободное воспитание, тогда как воспитание вторых строилось на надзоре и контроле.

ВЫВОДЫ

Мощные культурно-исторических вехи эпохи раннего модерна привели к разработке масштабных либеральных образовательных проектов, среди которых – педагогические системы воспитания джентльмена (Дж. Локк), «естественного» воспитания (Ж. Ж. Руссо), концепция развивающего обучения

(И. Г. Песталоцци), природосообразного воспитания (Я. А. Коменский). При бесспорном неоспоримом новаторском преобразующем потенциале этих проектов, в женском вопросе их авторы оставались приверженцами патриархатных установок господствующей гендерной культуры, с присущими ей андроцентризмом и мизогинией. Их педагогические концепции в половом вопросе, прямо (Ж.-Ж. Руссо, И. Г. Песталоцци) или скрыто (Дж. Локк, Я. А. Коменский) отражали следующие патриархатные установки:

– представления о различной «природе» полов, с последующим выводом об изначальном неравенстве женщин и мужчин в физическом, интеллектуальном и моральном плане;

– убежденность в неизбежности и разумности социальных ролей мужчин и женщин, существующих в буржуазном обществе, с последующим выводом о разумности и естественности ущемления женщин в гражданских и прочих правах;

– вытекающие из двух предшествующих тезисов воспитательные идеалы женщин и мужчин, а также принципы и практические рекомендации, имеющие ясно выраженный поло-дифференцированный характер.

Несмотря общую либеральную направленность и заявленное просветителями равенство мужчин и женщин, их образовательные проекты способствовали закреплению установок патриархатной культуры – вели к усилению дифференциации и иерархии между полами в духовно-ценностной, интеллектуальной, социальной сферах, противопоставлению интересов, сфер жизни и самореализации мужчин и женщин, стереотипизации полоролевого поведения.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 Гендерна абетка для українських медіа: посібник / С. Котова-Олійник, Б. Стельмах, О. Ярош. – Луцьк : Волинська мистецька агенція «Терен», 2013. – 50 с.

2 **Петрученя, А. Г.** Развитие категории «формирование гендерной культуры» в понятийно-терминологическом поле украинской педагогики начала XXI века / Г. Г. Петрученя // Вестник ПГУ им. С. Торайгырова : Серия педагогическая – Павлодар : ПГУ им. С. Торайгырова, 2014. – № 1. – С. 153-159.

3 **Whitbeck, C.** The Other Reality: feminist ontology / Cohen Whitbeck // From Beyond Domination: New Perspectives on Women and Philosophy. – New York : Rowman and Alanheld, 1984. – P. 64-88.

4 **Жеребкин, С.** Гендерная проблематика в философии / С. В. Жеребкин // Введение в гендерные исследования. В 2-х ч. – Ч. 1. – Харьков, СПб. : Алетей, 2001. – С. 390-426.

5 **Головашенко, І.** Вплив картезіанського раціоналізму на філософію гендеру // Гендерна проблематика та антропологічні горизонти: збірник матеріалів III Всеукраїнської науково-практичної конференції. – 4-5 жовтня 2013 р. – С. 48-57.

6 **Локк, Дж.** Два трактата о правлении // Сочинения: В 3 т. – Т. 3. – М. : Мысль, 1988. – С. 135-405.

7 **Локк, Дж.** Мысли о воспитании // Сочинения: В 3 т. – Т. 3. – М. : Мысль, 1988. – С. 407-607.

8 **Коменский, Я. А.** Великая дидактика // Избранные педагогические сочинения: В 2-х т. – Т. 1. – М. : Педагогика, 1982. – С. 242-476.

9 **Песталоцци, И. Г.** Как Гертруда учит своих детей. Попытка дать матерям наставление, как самим обучать своих детей // Избранные педагогические сочинения: В 2-х т. – Т. 1. – М. : Педагогика, 1981. – С. 61-212.

10 **Песталоцци, И. Г.** Письма учителю Петерсену // Избранные педагогические сочинения: В 2-х т. – Т. 2. – М. : Педагогика, 1981. – С. 6-48.

11 **Руссо, Ж. Ж.** Эмиль, или О воспитании : роман // Педагогические сочинения : В 2-х т. – Т. 1. – М. : Педагогика, 1981. – С. 19-592.

Материал поступил в редакцию 23.08.17.

М. И. Воронка

Модерн дәуірінің білім беру жобаларындағы патриархаттық гендерлік мәдениет бағыттарының бейнеленуі

Богдан Хмельницкий атындағы

Мелитополь мемлекеттік педагогикалық университеті, Украина.

Материал 23.08.17 баспаға түсті.

M. I. Vorovka

Reflection of attitudes of the patriarchal gender culture in educational projects of the modern era

Melitopol State Pedagogical University
named after Bogdan Khmelnytsky, Ukraine.

Material received on 23.08.17.

Осы мақалада ерте модерн дәуірі ағартушыларының білім беру жобалары мен құрамында патриархаттық гендерлік мәдениетінің бағыттары болуын анықтау мақсатымен талдау жасалған. Аталған авторлардың педагогикалық тұжырымдамалары келесі гасырға педагогикалық іздестіру нұсқасын ұсынып, сонымен қатар

дәстүрлі білім беру жүйесінде және Еуропа педагогикалық идеясында патриархаттық бағыттарының нығайтуына мүмкіндік тудыған.

The article deals with the educational projects developed by educators of the early modern era to identify the attitudes of patriarchal gender culture in them. The pedagogical concepts of these authors demonstrate the vector of pedagogical searches in the next century, and, at the same time, they contributed to the establishment of patriarchal attitudes in the traditional system of education and pedagogical thought in Europe.

УДК 78 (075.8)

Р. Р. Джердималиева¹, А. К. Ахметова²

Таким образом, сюжетно-ролевая игра является началом творческой жизни ребенка, становится средством самовыражения и является пробой своих собственных сил. В сюжетно-ролевой игре развиваются такие черты характера как толерантность, взаимопонимание, активность, независимость, инициативность, воля, координация и т.д. Эта создаваемая реальность, которая подчиняется действующими законами, принятыми обществом ценностями и нормами. Здесь мы видим, что все эти характеристики очень тесно связаны с приобретением нового опыта у ребенка по школьному процессу, позволяя бережно и наиболее щадяще адаптироваться к новой учебной деятельности.

Использование сюжетно-ролевых игр в учебном процессе может нести на себе ряд функций: образовательная, воспитательная; развивающая; коммуникативная; диагностическая; социализирующая; релаксационная; коррекционная.

В ходе исполнения данных функций дети приобретают роль. Роль, в которой присутствует развернутая ролевая речь, обращенная к другим

участникам игры. При этом ребенок обращается от имени игрового персонажа. Таким образом, через речь раскрывается сущность ролевых отношений. Действия в игре свернутые, короткие, одно действие сменяется другим, образуя динамичный длинный сюжет, и самое главное, общественные сюжеты занимают в игре основное место.

Примером будет сюжетно-ролевая игра «Новости». В ней мы сможем реализовать и задействовать совершенно всех детей, укрепить термин «дисциплина», создать дружеские отношения, позволить увидеть в людях хорошее. Стоит напомнить детям, что добытчик новостей является журналист, который находит интересный сюжет, говорит с участниками и берет у них интервью и готовит лаконичный доклад зрителям. Еще несколько условий, которые необходимо соблюсти – это четко прописанное время очередного ежедневного выпуска новостей (после уроков) и новости должны быть только положительные (Айбек помог учительнице донести учебники, Зарина успела за одну перемену полить все цветы, Саша хорошо выступил на уроке). Таким образом, за день могут заранее обговоренные первоклассники подготовить репортаж и поделится своими наблюдениями за своими одноклассниками.

В ходе этой игры дети познают своих новых знакомых, стараются найти в них хорошие стороны, учатся идти на контакт первыми и четко высказывать своим мысли. Решая эти задачи, мы учим ребенка быть в этом коллективе и, тем самым, помогаем успешно адаптироваться в этом коллективе.

ВЫВОДЫ

Период адаптации всегда останется важнейшим пунктом в перечне проблем у первоклассников. Не зря есть пословица «Как корабль назовешь, так он и поплывет!», таким образом, как ребенок начнет свою жизнь в школе, так она и будет у него складываться в дальнейшем. Для любого будь он взрослый или ребенок очень важно осознавать свою причастность к чему-то большому и великому. Для ребенка в период адаптации это «большое» является школа, ее ученики и учителя, ее праздники и уроки. И ощущения своей неуверенности, что здесь ему место именно в этом коллективе и в этой школе, может повлечь за собой необратимые последствия, которые могут проявляться в физических и психологических отклонениях, снижению желаний посещать уроки и т.д.

Именно поэтому, включая театрализованную деятельность и /или сюжетно – ролевые игры, мы позволяем детям привыкнуть друг к другу, затем проявлять свои способности и таланты, раскрываем творческую сторону личности ребенка, незаметно знакомя при этом с правилами школьной жизни.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

- 1 Головин, С. Ю. Словарь практического психолога. – Мн. : Харвест, 1998. – 800 с.
- 2 Коджаспирова, Г. М., Коджаспиров, А. Ю. Педагогический словарь. – М. : Академия, 2003. – 176 с.
- 3 Концепция воспитания в системе непрерывного образования Республики Казахстан от 16 ноября 2009 года. [Электронный ресурс]. – http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30581046#pos=0;114.
- 4 Луцевич, Л. В. Игра и дети. Программно-методические рекомендации. Белорус. фонд соц. Поддержки детей и подростков «Мы – детям». – Мн., 1996. – 58 с.
- 5 Климко, И. А. Сюжетно-ролевая игра как средство успешной социальной адаптации воспитанников школы-интерната [Электронный ресурс]. – <http://detsky-lektory.ru/work/429648/Syuzhetno-rolivaya-igra-kak>.

Материал поступил в редакцию 23.08.17.

Ж. А. Карманова, Е. В. Тяп, Г. Б. Бейсенбекова, Г. Н. Манашова
Театрландырылған іс-әрекет пен сюжеттік-рольдік ойындарының балаларға мектепке бейімделуіне әсері

Е. А. Бөкетов атындағы
 Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ.
 Материал 23.08.17 баспаға түсті.

Zh. A. Karmanova E. V. Tyap, G. B. Beysenbekova, G. N. Manashova
Influence of the dramatized activity and role-playing games on adaptation of children to school

Е. А. Buketov Karaganda State University of, Karaganda.
 Material received on 23.08.17.

Бұл мақалада баланың мектепке бейімделуіне байланысты кездесетін мәселелер және сол мәселені театрландырылған көріністер, рольдік ойындарды қолдану арқылы шешу жолдары қарастырылған. Қазіргі таңда балалардың көбі мектепке тез бейімделіп кете қоймайды, себебі ХХІ ғасыр балаларының ақпараттық-коммуникациялық кеңістіктікте деген қызығушылықтары оларды оқуға тартуға басты кедергі болып тұр. Балалады бойындағы жат қылықтардан арылту үшін педагогтер оқушыларға оқу барысында оларға қолайлы

жағдай жасап, оқуға деген қызығушылықтарын ояту үшін түрлі ойын әдістерін пайдаланады.

The problem of adaptation of the child to school is considered in this article. As well as solutions through use of the dramatized activity and role-playing games. Nowadays, more and more children can not quickly adapt to school life, for the reason is that the children of the XXI century are excessively active on the Internet and computer games. The teachers use the game techniques for teaching children. These techniques help pupils to spend school hours productively.

ӘОЖ 378.14

Т. Б. Кенжебаева

PhD докторы, доцент, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты,
 Павлодар қ.
 e-mail: tattygyl1977@mail.ru

«ЗИЯТКЕРЛІК ӘЛЕУЕТ» ҰҒЫМЫНЫҢ МӘНІ

Мақалада зият, әлеует (тұлғалық және зияткерлік әлеует) ұғымдарының анықтамаларына талдау жасалып, олардың тұтастығын құраушы элементтер қатары қарастырылған.

Бүгінгі күні өзекті мәселелердің бірі – білім алушылардың зияткерлік әлеуетін дамыту жұмысы тоңірегіндегі зерттеулерге сипаттама бере отыра, зияткерлік әлеует ұғымының психологиялық-педагогикалық тұрғыдан түсінігіне тоқталып, автор өз анықтамасын келтіреді.

Кілтті сөздер: зият, әлеует, тұлғалық әлеует, зияткерлік әлеует, интеллектуалды дамыған тұлға, білім алушылар тұлғасының интеллектуалды әлеуеті.

КІРІСПЕ

Адам зияты ойлауда ғана жүзеге асырылмайды. Біріншіден, күрделі зияткерлік операциялар санадан тыс түбегейлі түйсінбей-ақ жүзеге асырыла береді. Бұл мағынада зият типтік тұрғыдан санадан кең, себебі ол өз бойына санадан тыс ортада орындалатын ақыл-ой қызметтерінің барлық формаларын сініреді, оны іске қосады. Екіншіден, сана зиятқа қарағанда бай, себебі оның

бойында ақиқатты тануда жұмсалатын қабылдау, эмоция, ерік, тағы да басқа рационалды ойлаудан тыс (көркем, діни, т.б.) элементтер бар.

Зият адам миының біртұтас қызметі, бірақ оның жүзеге асырылу деңгейлері мен типтері бірдей дәрежеде қалыптаспауы мүмкін. Дамыған зият – бұл өзінде үйлесімді ұйымдастырылған деңгейлер иерархиясын ықпалдастыратын құрылым, біртұтас бүтіндік ретінде ұйысатын полифониялық әрекет [1].

Н. А. Менчинскаяның зияткерлік даму мәселесінің зерттеулерінде зияткерлік даму құбылыстарының екі категориямен байланыстылығы сипатталады [2]. Біріншісі, жиналған білім қорының болуы, кезінде «Білімсіз адам талқылай алмайды: тәжірибе мен білім көп болған сайын, адам талдауға қабілеттірек болады» деп П. П. Блонский да айтқан еді [3]. Сонымен, білім-ойлаудың, зияткерлік әлеуеттің қажетті шарты деген тұжырым жасауға болады.

Екіншіден, зияткерлік дамуға қажетті, білім жинақтауға ықпал ететін операциялар, зияткерлік әлеуетке, іскерлікке жататын тексерілген және берік бекіген тәсілдерді меңгеру қажет.

Зерттеулерді талдай келе, зият интегралды және жоғары деңгейде дифференциациялайтын қабілет ретінде біртұтас құндылықтарды тудыратын операциялардың жиынтығы, субъект мен объекті арасындағы өзара әрекеттестіктің ерекше формасы және адамның ойлау-танымдық қабілеттерінің жаңа, саналы сапасы екендігін айқындадық.

Зият - зияткерлік әлеуеттің орталық буыны ретінде адамның заттық және тұлғалық сипаттағы әрқашан жаңа мәселелер мен міндеттерді алға қою, іздеу, оның шешімдерін табу қабілеті және сапасы болып табылады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Зерттеуіміздің тірек ұғымы «зияткерлік әлеует» түсінігінің анықтамасын нақтылау үшін, «әлеует» ұғымына тоқталып өтейік.

Әл-Фараби әлеует ұғымын «мүмкіндіктегі сана» ретінде енгізеді және оны жанның бір бөлігі немесе заттардың формаларының мәнін абстракциялауға дайын жанның бір қабілеті ретінде қарастырады. Сана заттардың формаларын қабылдамайынша, ол мүмкіндіктегі сана болып қала береді, ал формалардың санада бейнеленіп, іске асу кезінде ол шынайылықтағы санаға ауысады [4].

С. И. Ожеговпен Н. Ю. Шведованың орыс тілі сөздігінде әлеует сөзіне «белгілі бір қатынастағы қуаттылық деңгейі, қасиеттері мен мүмкіндіктер жиынтығы» деп анықтама берілген. Әлеует үнемі оны жүзеге асыратын саламен тығыз байланыста болады және белгілі бір сипаттамалар мен қасиет элементтерінің жиынтығымен анықталады [5].

Ал жеке алып қарайтын болсақ, А. И. Савенковтың пікірінше, тұлға әлеуеті дегеніміз адамның зияткерлік-шығармашылық және уәжді мінездерінің,

қасиеттерінің кешенді жиынтығы. Жоғары дәрежелі биік жетістіктерге талпындыратын қабілеттер кешені [6].

Д. Н. Ушаковтың редакциясымен орыс тілі түсіндірме сөздігінде «әлеует» ауыспалы мағынада бір нәрсені жүргізуге, қолдауға, сақтауға қажетті амал-шарттардың жиынтығы деген ұғымды білдіреді [7].

Кіші кеңес энциклопедиясында «әлеует» мүмкіндік, қолданыста болатын күш, қор, құрал деген анықтама беріледі [8].

«Әлеует» термині адамның дамуына қатысты 80-нші жылдары «адами фактор» ұғымы идеологияға берік сінген кезде қоғамдық ғылымдар саласында кең қолданысқа ие болды. Адами фактор (әлеуметтік мағынада-тұлғалық) тұлғаның жалпыадамдық қасиеттерінің іс-әрекетке, мінез-құлыққа әсер етуін сипаттайды [9].

Л. И. Иванько бойынша «маманның тұлғалық әлеуеті» ұғымы адамды еңбек үрдісінің тұтас субъектісі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді, ондағы тұтастық мыналарды білдіреді:

– өзіндік өзгеруге және өздігінен дамуға қабілеттілік. Маманның тұлғалық әлеуеті интегралды ұғым ретінде еңбек адамының ішкі рухани қуатын, күшін, қоғамдық өзіндік бекітуге, өздігінен жүзеге асуға, шығармашылық өзіндік көрініске бағытталған әрекеттік позициясын құрайды;

– ішкі элементтердің құрылымдық тұтастығы. Маман әлеуетінің тұлға дамуының деңгейі және оған сәйкес келетін еңбектің тиімділік дәрежесі олардың интеграция амалына, барлық элементтерінің ішкі балансына тәуелді. Тұлғалық әлеуетті қалыптастыру жалпы (психофизиологиялық, зияткерлік), арнайы (кәсіби-біліктілік) және ерекше (ұйымдастырушылық, шығармашылық, т.б.) тұлғалық қабілеттердің диалектикалық бірлігі негізінде жүзеге асады [10].

Сонымен, тұлғалық әлеует құрылымына мынандай элементтер жатады:

– кәсіби күзиреттілікті құрайтын кәсіби білім, білік және дағды (біліктілік әлеует);

– жұмысқа қабілеттілік (психофизиологиялық әлеует);

– зияткерлік, таным қабілеттері (білімдік әлеует);

– креативті қабілеттер (шығармашылық әлеует);

– ынтымақтастыққа, ұжымдық ұйымға және өзара әрекетке қабілеттілік (коммуникативті әлеует);

– құндылықты-мотивациялық сала (идеялық-дүниетанымдық, адамгершілік әлеует).

«Тұлғалық әлеует» интегралды ұғымы маманның өндірістік қабілеттерінің тұтастығын, сонымен қатар оны қалыптастыру шарттарын, тұлғаның дамуы және өздігінен дамуы әлеуметтік перспективаларын қарастыруға мүмкіндік береді.

Көпқырлы тұлға ұғымына әлеуеттегі барлық қабілеттерді дамытумен қатар оларды жүзеге асыру да жатады. Тұлғаның зияткерлік әлеуетінің құндылығы тұлғаның жан-жақты ашылуына, оның қоғамдық мәнінің, барлық байлығының, даралығының дамуына қаншалықты ықпал етуінде, табиғат күштерін меңгеруде адамның мүмкіндіктерін қаншалықты кеңейтетінімен анықталады.

Әлеует кеңістік пен уақыт сипаттамасының бірлігінде байланыстар мен қарым-қатынастардың мынандай екі деңгейін біріктіреді:

Өткеннің көрінісі: әлеует адамның сапаларының, оның қалыптасу үрдісінде жинақталған жүйенің тұрақты жиынтығын, жүйенің оптималды қызмет етуге және дамуға қабілеттілігін білдіреді.

Қазіргі шақты білдіретін: қабілеттердің өзектілігі үдерісі, олардың тәжірибедегі қолданысы. Бұл қызметте әлеует қор ұғымымен сәйкес келеді және жүйенің даму динамикалығын, ортаның өзгермелі жағдайында оның иілгіштігін қамтамасыз етеді.

Сөйтіп, болашаққа бағытталған еңбек үрдісінің барысында бар қабілеттердің ойдағы формадан актуалды формаға ауысып, жүзеге асумен қатар жаңа қабілеттер туындайды.

Б. С. Генкиннің пікірінше адам әлеуетінің негізі болмысынан тума берілген сапалар. Олардың дамуы және жүзеге асуы отбасы, ұжым және қоғам сияқты үш негізгі жүйемен анықталады.

Өз кезегінде әлеует үш түрлі әлеует негізінде көрініс береді:

- гносеологиялық (жаңа идея, ойлардың пайда болу үрдісі);
- аксиологиялық (идеалға қол жеткізу, қажеттіліктер мен қызығушылықтардың қанағаттандыру тұрғысынан туындаған идеялар мен ойларды таңдау және бағалау);
- туындаушы-практикалық (адамның идеяларды іске асыру біліктері және қабілеттерінің жиынтығы, іс-әрекет объектісін өзгерту) [11].

Сонымен, психологиялық-педагогикалық зерттеулерді талдай келе, ғылымда әлеует ұғымына қатысты пікірлер баршылық, бірақ оларда әлеуеттің түрлері мен типтері (экономикалық, ғылыми, мәдени, шығармашылық, аксиологиялық, ғылыми-педагогикалық, мотивациялық кәсіби-тұлғалық, тәрбиелік, білімділік, т.б.) жайлы көзқарастар берілген. Ал біз қарастырып отырған зияткерлік әлеует интегралды ұғым ретінде маңызды орын алады (сурет 1).

Зияткерлік әлеует өзінің субстратты көрінісінде тұлға және қоғам әлеуетінің мәніне жүгініп қажеттіліктер мен қабілеттердің негізгі базалық екі түрі болады. Сонымен қатар мынандай күрделі құрылым ретінде сипатталады:

- әртүрлі іс-әрекеттерді табысты меңгеруді қамтамасыз ететін тұлғаның дамыған қабілеттері;

– адамның рухани құрылым жүйесі, яғни білімдер, икемділіктер, дағдылар, олар даралық деңгейде танымдық және белсенді-өңдеуші іс- әрекеттің нәтижелері;

– рухани құндылықтармен (идеалдар, сенімдер, құнды бағдарлар, тұлғаның қызығушылықтары) [12].

А. А. Деркач, В. Г. Зазыкиннің еңбектерінде зияткерлік әлеует жалпы әлеуеттің (кәсіби, тұлғалық, биологиялық) құрамдас иерархиясы деп қарастырылады. Авторлар тұлғалық әлеуетті ашу, ең біріншіден, қабілеттерді дамытумен тығыз байланысты деп есептейді [13].

Кесте 1 – Зияткерлік әлеует ұғымының психологиялық-педагогикалық тұрғыдан түсінігі

«Зияткерлік әлеует» ұғымының сипаттамасы	Авторлар
Зияткерлік әлеует өзінің субстратты көрінісінде тұлға және қоғам әлеуетінің мәніне жүгініп, яғни қажеттіліктер мен қабілеттердің негізгі базалық екі түрі ретінде болады.	Сохань Л.В. 1984.
Зияткерлік әлеует жалпы (кәсіби, тұлғалық, биологиялық) әлеуеттің құрамдас иерархиясы.	Деркач А.А., Зазыкин В.Г.
Зияткерлік әлеует іс-әрекетте саналы жүзеге асатын тұлғаның зияткерлік қорының біртұтас интегративті жүйесі ретінде нейрофизиологиялық, әлеуметтік-мәдени, тұлғалық, кәсіби-іс-әрекеттік факторлар ықпалымен жүре пайда болған және туа біткен мидың және жүйке жүйесінің анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері негізінде пайда болып қалыптасады.	Седунова А.С.
Білім алушылар тұлғасының интеллектуалды әлеуеті – тұлғаны әлеуметтік-белсенді интеллектуалды шығармашылық әрекетке, өзінің іс-жүзінде көрсетуін және өзінің өзі дамытуын оятатын «туа біткен» және «күре пайда болған» мүмкіндіктерінің өзектілігін қамтамасыз ететін жеке-психологиялық (алдымен ақыл-ой) және тұлғалық ресурстарының (адамның қабілеттері, оның білімі, білігі, сенімі, бағыттылығы және т.б.) жүйесі.	Формирование интеллектуального потенциала нации в условиях высшей школы: Сборник науч. тр. Под ред. Пралнев С.Ж. - Алматы: Издательство «Улагат» КазНПУ имени Абая, 2012.
Зияткерлік әлеует - бұл тұлғаның және қоғамның қажеттіліктері мен қабілеттеріне сүйенетін мәнді әлеуеті.	Краева О.Л. 1999.
Зияткерлік әлеует – мемлекеттің, саланың, тұлғаның зияткерлік, шығармашылық қорының, мүмкіндіктерінің даму деңгейінің көрсеткіші сипаттамасы.	Красноженова Т.Ф. 1998.

Зияткерлік әлеует – бұл тұлғаның қабілеттеріне сәйкес тұрақты теңгерілген деңгейін қамтамасыз ету мақсатында бойындағы бар дайындықтың, мүмкіндіктерінің, қабілеттерінің жиынтығы.	Архангельский С.И. 1978.
Зияткерлік әлеует - бұл тұлғаға тұрақты біржәкі өміртіршілігін қамтамасыз ету мақсатында оған әрекет етуге мүмкіндік беретін дайындығының, мүмкіндігінің және қабілеттерінің жиынтығы.	Зотов В.В.1996.
↓	
Зияткерлік әлеует – болашақ мұғалімнің іс-әрекетінің табыстылығын қамтамасыз ететін ташқылық, қиялыстыру қабілеттілігі, дивергенттік ойлау, ассоциация еркіндігі, мотивация және зияткерлік бағыттылық қорынан құрылатын өзгеріске бейім психологиялық құрылым.	

Зияткерлік даму біліммен толықтырылып, дүниетанымы кеңейтіліп, зиятты іскерлігі қалыптасып әлеуеттің толықтырылатын құрамын іске асырып, жаңа зияткерлік қажеттіліктерді, мақсаттар мен мотивтерді қалыптастыруға ықпал етеді, сонымен даму үрдісі қарқынды сипатта болады. Зияткерлік әлеует тұлғаның танымдық саласымен тығыз байланысты. Әлеуетті қалыптастыруда және ашуда реттеу компонентінің рөлі басым. Зияткерлік әлеует адамның мәнді күштерінің бір формасы болып табылады және организмнің қуаттылық және танымдық сипаттамасымен, тұлғаның жеке қорын құраушы мүмкіндіктерді өзектендіру деңгейімен негізделген зияткерлік белсенділік формасындағы зияткерлік қабілеттердің динамикалық көрсеткіші ретінде көрінеді [14].

Зерттеуші А. С. Седунованың пікірінше, зияткерлік әлеует іс-әрекетте саналы жүзеге асатын тұлғаның зияткерлік қорының біртұтас интегративті жүйесі ретінде нейрофизиологиялық, әлеуметтік-мәдени, тұлғалық, кәсіби-іс-әрекеттік факторлар ықпалымен жүре пайда болған және туа біткен мидың және жүйке жүйесінің анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері негізінде пайда болып қалыптасады [15].

Елімізде креативті қоғамымыздың зияткерлік әлеуетін дамыту, қалыптастыру мәселелерінің ғылыми тұрғыдан құрылуы бастапқы кезеңде деуге болады.

Ж. Ы. Намазбаеваның жетекшілігімен білім беру субъектілерінің даму мәселелері кешенді тұрғыдан жан-жақты зерттелуде. Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің Ғылыми зерттеу институтының қызметкерлері А.Б. Садыкова, З. Ш. Каракулова Ж. Ы. Намазбаеваның басшылығымен Ұлттық жүйе модернизациясының басты мәселесі зияткерлік пен шығармашылықты дамытудың теориялық-әдіснамалық амалдарын зерттеп,

тұлғаның зияткерлік-шығармашылық әлеуетін дамыту бағдарламаларын, әдістерін және инновациялық психотехнологияларды ұсынады [14, 195 б.].

«Шығармашыл зияткер тұлғаны дамытуды психологиялық тұрғыдан қамтамасыз ету» жобасы академик С. Ж. Пірәлиевтің жетекшілігімен табысты жүзеге асырылды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінде ұлттың интеллектуалды әлеуетін дамыту Тұжырымдамасы ұсынылды. Аталмыш Тұжырымдамада негізгі ұғымдар мен интеллектуалды дамыған тұлғаның сипаттамасы беріледі. Интеллектуалды дамыған тұлғаның негізгі сипаттамасы төрт тұлғалық сала (мотивациялық, танымдық, мінез-құлықтық, эмоционалды) бойынша интеллекттің барлық түрлерін (жалпы, әлеуметтік, эмоционалды және тәжірибелік) енгізеді.

Интеллектуалды дамыған тұлға – интеллектуалды қабілеттің жоғары деңгейін меңгерген, түйінді құзыреттіліктері, жалпы мәдениеті, патриотизмі мен азаматтығы жоғары қалыптасқан адамның тәрбиелік идеалы деп түсіндіріледі.

Білім алушылар тұлғасының интеллектуалды әлеуеті – тұлғаны әлеуметтік-белсенді интеллектуалды шығармашылық әрекетке, өзін іс-жүзінде көрсетуін және өзін-өзі дамытуын оятатын «туа біткен» және «жүре пайда болған» мүмкіндіктерінің өзектілігін қамтамасыз ететін жеке-психологиялық (алдымен ақыл-ой) және тұлғалық ресурстарының (адамның қабілеттері, оның білімі, білігі, сенімі, бағыттылығы және т.б.) жүйесі.

Білім алушылар тұлғасының интеллектуалды әлеуетін дамыту – бұл тұлғаның интеллектуалды қабілетінің сандық және сапалық дамуын, оның бүкіл өмірі бойында рухани-адамгершілік дамуын қалыптастыру және ары қарай дамыту үдерісі.

Білім алушылар тұлғасының интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру-білім берушілер мен білімалушылардың интеллектуалды білім, білік және қоғамның сұранысына сәйкес құзыреттіліктерін меңгеру бойынша мақсатқа бағытталған үдерісі [16].

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан Мемлекеттік университетінің бірқатар ғалымдары (псих.ғ.к. М. Д. Ауренова, псих.ғ.д., профессор А. Р. Ерментаева, п.ғ.к. С. С. Хасенов, т.б.) псих.ғ.к, доцент Ж. К. Аубакированың жетекшілігімен тұлғаның зияткерлік әлеуетін дамыту мақсатындағы университет жағдайындағы психологиялық-педагогикалық даярлық жүйесін теориялық негіздеу және ғылыми-әдіснамалық қамтамасыз ету бағытында жұмыстар жүргізген. Ғылыми зерттеу жұмысы барысында университет жағдайында студенттерді психологиялық-педагогикалық даярлау жүйесінің әдіснамалық және теориялық сипаттамасын, сонымен қатар студенттердің зияткерлік әлеуетінің тиімді қызмет атқару мен жетілдіру мақсатында дамытудың шарттарын анықтайды [17].

ҚОРЫТЫНДЫ

Ғылыми зерттеулерді теориялық-әдіснамалық талдау негізінде басты зерттеу категорияларын басшылыққа ала отырып зияткерлік әлеуеттің төменде келтірілген баламасын ұсынамыз:

Зияткерлік әлеует – бұл тұлғаның және қоғамның қажеттіліктері мен қабілеттеріне сүйенетін мәнді әлеуеті [18].

Зияткерлік әлеует – мемлекеттің, бір саланың, тұлғаның зияткерлік, шығармашылық қорының, мүмкіндіктерінің және даму деңгейінің кешенді сипаттамасы [19].

Зияткерлік әлеует – бұл тұлғаның қабілеттеріне сәйкес тұрақты теңгерілген деңгейін қамтамасыз ету мақсатында бойындағы бар дайындықтың, мүмкіндіктердің, қабілеттерінің жиынтығы [20].

Зияткерлік әлеует – бұл тұлғаға тұрақты біркелкі өміртіршілігін қамтамасыз ету мақсатында оған әрекет етуге мүмкіндік беретін дайындығының, мүмкіндігінің және қабілеттерінің жиынтығы [21].

Зияткерлік әлеует ұғымының төңірегіндегі барлық зерттеулердегі жоғарыда келтірілген анықтамаларындағы ортақ мән-мағына: тұлғаның жалпы және жеке ресурсы, яғни жеке-психологиялық және тұлғалық қор жүйесі.

Сонымен, зияткерлік әлеует – болашақ мұғалімнің іс-әрекетінің табыстылығын қамтамасыз ететін тапқырлық, қиылыстыру қабілеттілігі, дивергенттік ойлау, ассоциация еркіндігі, мотивация және зияткерлік бағыттылық қорынан құрылатын өзгеріске бейім психологиялық құрылым.

Ұсынылған анықтаманы іске асыруда зияткерлік әлеует адамның білімі, дәйектеуі, психологиялық және моральдық қабілеттері саласымен ғана шектеліп қоймай, сондай-ақ:

- білім жүйесінің болуын;
- жиналған ақпараттардың негізінде міндетті шешу қабілетін;
- дәстүрлі емес жағдайларда мәселені шешуде моральді-психологиялық төзімділігін, табандылығын;
- ақпараттар ағымынан қажетті білімді таңдауын, оқу мен тәрбие ісіне қатысты тұжырымдарды дәйектеу қабілеттілігін, оларды жүзеге асыру тәртібін анықтау дағдысын талап етеді.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Холодная, М. А.** Существует ли интеллект как психическая реальность? // Вопросы психологии. – 1990. – № 5. – С. 121-128.

2 **Менчинская, Н. А.** Проблема учения и умственного развития школьника // Избр. психол. труды. – М. : Педагогика, 1989. – 278 с.

3 **Блонский, П. П.** Избранные психологические произведения. – М., 1964. – 313 с.

4 Аль-Фараби // Историко-философские трактаты. Философия Аристотеля. – Алма-ата : Наука, 1973. – 223 с.

5 **Ожегов, С. И., Шведова, Н. Ю.** Толковый словарь русского языка. – М. : Азбуковник, 1999. – 944 с.

6 **Савенков, А. И.** Потенциал личности // Новые ценности образования New Educational Values Антропологический, деятельностный и культурологический подходы // Тезаурус Anthropological, Activities and Iturological Approaches. – 2005. – № 5 (24). – С. 107-110.

7 Толковый словарь русского языка / под ред. Д. Н. Ушакова. – М., 1939. – Т. 3. – 652 с.

8 Малая советская энциклопедия. – 3-е изд. – М. : Большая советская энциклопедия, 1959. – 466 с.

9 **Грехнев, В. С.** Социально-психологический фактор в системе общественных отношений. – М., 1985. – 160 с.

10 Личностный потенциал работника: проблемы формирования и развития / под ред. : Л. И. Иванько, В. Г. Нестеров. – М. : Наука, 1987. – 225 с.

11 **Генкин, Б. С.** Экономика и социология труда. – М. : НОРМА, 2002. – 416 с.

12 **Демченко, Е. А., Сохань, Л. В., Тихонович, В. А.** Формирование радужных потребностей личности: социальный и психологический аспекты. – Киев, 1984. – 94 с.

13 **Деркач, А. А., Зазыкин, В. Г.** Акмеология: учебное пособие. – СПб. : Питер, 2003. – 256 с.

14 **Пралиев, С. Ж., Намазбаева, Ж. И., Каракулова, З. Ш., Садыкова, А. Б.** Психологические основы развития творческой интеллектуальной личности в образовательной среде. – Алматы : Ұлағат, 2012. – 232 с.

15 **Седунова, А. С.** Профессиональное мышление: феномен атрибуции. Сананьевские чтения. Психология образования в современном мире. – 2012. – С. 28-36.

16 Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінде ұлттың интеллектуалды әлеуетін дамыту Тұжырымдамасы // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы. «Педагогика ғылымдары» сериясы. – 2012. – № 4 (36). – Б. 3-12.

17 **Аубакирова, Ж. К.** Научно-теоретические основы повышения интеллектуального потенциала студентов университета: отчет МОН РК. – Усть-Каменогорск : ВКГУ имени С. Аманжолова, 2012. – № 3. – 51 с.

18 Краева, О. Л. Диалектика потенциала человека. – М. : Н. Новгород, 1999. – 217 с.

19 Красноженова, Т. Ф. Высшая школа России: проблемы сохранения интеллектуального потенциала. – М. : Мысль, 1998. – 215 с.

20 Архангельский, С. И. Учебный процесс в высшей школе, его закономерные основы и методы. – М., 1978. – 197 с.

21 Зотов, В. В., Лоханько, А. В. Соотношение интеллектуального и творческого потенциалов в структуре целостной личности // Личность: развитие и реализация в творчестве: сб. научных трудов / под ред. П. Ф. Кравчука. – Курск, 1996. – С. 64-72.

Материал 23.08.17 баспаға түсті.

T. B. Kenzhebayeva

Значение понятия «Интеллектуальный потенциал»

Павлодарский государственный педагогический институт, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 23.08.17.

T. B. Kenzhebayeva

The meaning of the concept «Intellectual potential»

Pavlodar State Pedagogical Institute, Pavlodar.

Material received on 23.08.17.

В статье приведен анализ определений понятий «интеллект», «потенциал» (личностный, интеллектуальный), рассматриваются их составляющие элементы.

Автор описывает ряд исследований по одной из актуальных проблем на сегодняшний день – развитие интеллектуального потенциала студентов, приводит психолого-педагогическую характеристику интеллектуального потенциала, предлагает свое определение данного понятия.

The article gives an analysis of the definitions to the concepts of «intelligence», «potential» (personal, intellectual) that consider their constituent elements.

The author describes a number of studies on the development of the intellectual potential of students on one of the urgent problems of today, cites the psychological and pedagogical characteristics of intellectual potential, proposes a definition of this concept.

УДК 378.1

А. Ж. Кинтонова¹, Б. З. Андасова², М. А. Ермаганбетова³

¹к.т.н., и.о. доцента, кафедра «Информатики и информационной безопасности», ²к.п.н., и.о. доцента, кафедра «Информатики и информационной безопасности», ³к.п.н., и.о. доцента, кафедра

«Информатики», Евразийский национальный университет имени

Л. Н. Гумилева, г. Астана

e-mail: ¹Aliya_kint@mail.ru; ²bak_andas@mail.ru; ³ermaganbetova_ma@enu.kz

ВОПРОСЫ СТАНДАРТИЗАЦИИ ЭЛЕКТРОННОГО ОБУЧЕНИЯ

Работа посвящена проблеме стандартизации электронного обучения, актуальности разработки стандартов для систем дистанционного обучения, разработки требований к организации учебного материала и всей системы дистанционного обучения. Стандарты позволяют обеспечить совместимость компонентов обучающих систем и возможность их многократного использования.

Ключевые слова: Информатизации образования, технологии e-learning системы дистанционного обучения, системы управления обучением, стандарты для систем дистанционного обучения.

ВВЕДЕНИЕ

Одним из направлений повышения эффективности обучения, усвоения информации и сокращения затрат на сам процесс обучения является разработка и использование автоматизированных обучающих систем (АОС).

В настоящее время применяется множество терминов, обозначающих автоматизированную обучающую систему, которые, по сути, являются аналогичными.

Разрабатываемые технологии e-learning займут весомую долю на рынке образовательных услуг.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Системы дистанционного обучения:

- IBM Learning Space;
- IBM Lotus Workplace Collaborative Learning;
- Oracle iLearning;
- WebSoft WebTutor и WebTutor Lite;

- SAP eLearning Solution;
- Униар Доцент;
- Moodle.

Выбор конкретного решения определяется различными факторами: стоимость системы дистанционного обучения (СДО) и стоимость внедрения; платформа на которой должна работать СДО (Windows, Linux и т.п.), функциональность системы.

LMS (Learning Management System) – Система управления обучением. Также иногда употребляется понятие E-learning. Пример такой LMS-системы Moodle. Русский синоним LMS – СДО (система дистанционного обучения).

В результате развития рынка электронного образования широкого внедряются системы дистанционного обучения возникла потребность в стандартизации обмена учебными материалами. Отсутствие стандартов приводило к высокой стоимости их переноса в каждую конкретную систему дистанционного обучения, что сужало рынок и затрудняло его развитие.

подавляющее большинство современных систем дистанционного обучения (СДО) поддерживают различные версии спецификации SCORM.

SCORM (Sharable Content Object Reference Model) – стандарт, разработанный для систем дистанционного обучения. Данный стандарт содержит требования к организации учебного материала и всей системы дистанционного обучения. SCORM позволяет обеспечить совместимость компонентов и возможность их многократного использования: учебный материал представлен отдельными небольшими блоками, которые могут включаться в разные учебные курсы и использоваться системой дистанционного обучения независимо от того, кем, где и с помощью каких средств были созданы. SCORM основан на стандарте XML.

Поддержка этой спецификации в СДО обеспечивает возможность передачи учебного контента из одной системы в другую (конечно же при условии, что все эти системы поддерживают SCORM). Помимо этого, если СДО поддерживает SCORM, Вы можете использовать множество готовых учебных курсов и модулей, которые были разработаны в соответствии с требованиями данной спецификации. LMS (Learning Management System) – Система управления обучением. Также иногда употребляется понятие E-learning. Синонимом LMS является СДО (система дистанционного обучения).

Примерами СДО, которые поддерживают работу с учебным контентом (модулями, курсами) в формате SCORM являются:

- Moodle (бесплатная СДО, поддерживает SCORM 1.2);
- SharePointLMS (СДО на базе Microsoft SharePoint, совместима со SCORM 1.2 и SCORM 2004);

- WebTutor (коммерческая СДО, совместима со SCORM 1.2 и SCORM 2004);
- ILIAS 4 (бесплатная СДО, поддерживает SCORM 1.2 и SCORM 2004);
- ATutor (бесплатная СДО, поддерживает SCORM 1.2);
- REDCLASS Learning (коммерческая СДО, поддерживает спецификации SCORM 1.2 и SCORM 2004) и многие другие. Первые версии SCORM (1.0, 1.1, 1.2) были тестовыми, сейчас они не поддерживаются ADL. На их основе была разработана версия SCORM 2004.

Полное внедрение SCORM позволяет:

- создавать курсы, комбинируя учебные объекты многократного использования.
- искать определенные курсы, учебные объекты или активы с помощью тегов метаданных.

Недостатком можно считать тот факт, что SCORM пока еще не законченный стандарт.

SCORM основан на стандарте XML. Средства платформы XML используются в разработках электронных библиотек, главным образом, для представления электронных коллекций информационных ресурсов и метаданных, описывающих их свойства, обеспечения навигационного доступа к информационным ресурсам библиотек и доступа с высоким уровнем гранулярности с помощью интерфейсов языков запросов XML, обеспечения стандартных форматов обмена данными между различными компонентами распределенных электронных библиотек или различными взаимодействующими электронными библиотеками.

XML поддерживает Java, поскольку предполагает свободу выбора, Java обеспечивает независимую от платформы среду программирования, а XML предлагает аналогичную универсальность в представлении и форматировании данных. По существу XML предоставляет грамматику, которая может быть использована для создания самоопределяющихся форматов файлов данных. XML – структурированный, самоопределяющийся, расширяемый, адаптирующийся к средству просмотра.

В языке XML могут быть созданы различные форматы метаданных, в том числе: RDF (Resource Description Format) – обеспечивает широкие возможности для автоматического описания предлагаемой информации; CDF (Channel Data Format) – формат для публикации Web-информации на настольной системе; PICS (Platform for Internet Content Selection) – формат, изначально предназначенный для помощи в создании «рейтинговой» системы в Internet, позволяющей защитить детей от материалов, рассчитанных на взрослых; WIDL (Web Interface Definition Language) – обеспечивает автоматизацию

всех взаимодействий с документами и формами Web, предлагая общий метод представления взаимодействий запрос/ответ через стандартный протокол Web, и позволяя использовать Web в качестве универсальной интеграционной платформы.

Стандарты XML могут быть объединены в три категории или уровня. Первый уровень – XML-грамматика – относится к ядру технологии XML, определенной W3C (Консорциум Всемирной паутины (англ. World Wide Web Consortium)). Она включает правила синтаксиса XML, DTDs и XML Schema, листы стилей XSL и преобразования XSLT, а также пространства имен XML Namespaces и XPath. Эти стандарты определяют грамматику XML, связанные с ней метаданные (DTDs/XML Schema) и языки представления (XSL).

Второй уровень – XML-поддерживающие протоколы – являются расширением ядра стандартов W3C. Эти протоколы устанавливают стандартный способ определения и структурирования XML-сообщений, обмен которыми производится между приложениями. Примерами XML-поддерживающих протоколов являются RosettaNet, OASIS-ebXML, OAGIS, W3C XML протокол и SOAP. Некоторые из этих протоколов, такие как RosettaNet, являются узкоспециализированными, тогда как другие, например, OASIS-ebXML, более универсальны. Все они имеют общий шаблон для описания заголовка, тела и конца сообщения XML. Все эти протоколы быстро развиваются.

Третий уровень – XML-словари – определяют, как использовать XML в специальных или отраслевых приложениях. Например, Chemical Markup Language (CML), который произошел от базового языка разметки XML, определяет, как использовать XML для описания данных, свойственных химической промышленности. Подобно XML-поддерживающим протоколам, XML-словари также быстро эволюционируют. Каждый день анонсируются новые, так как поставщики и разработчики ПО пытаются стандартизировать способы описания данных электронного бизнеса, таких как заказы, счета и информация о клиентах.

Суть использования XML. Электронный пакет учебных материалов, различных файлов с графикой, аудио, видео, текстами, *css, *js и т.п. Формат XML позволяет связать электронный пакет учебных материалов в единое целое. В корневой папке находится файл `imsmanifest.xml` с метаданными, описанием порядка компонентов, ссылками на конкретные файлы etc. Если учебный пакет нужно переслать по сети, то содержимое упаковывается в ZIP-архив, в корне которого должен лежать файл `imsmanifest.xml`. Блоки материалов делятся на два типа: и Sharable Content Object (сокращенно SCO) и Asset. Asset — это «пассивные» данные (звук, HTML-страница, картинка, какой-нибудь ролик), которые находятся в папках и предоставляются пользователю только

по вызову. SCO – «активные» данные. Блок материалов, которые получают данные методом `GetValue ()`, передают данные посредством `Set Value ()` – взаимодействуют с управляющим сервером; вызывают стандартные методы `Initialize ()` для запуска чего-либо и используют `Terminate ()` для завершения [1].

Модель контента SCORM описывает компоненты SCORM, использующиеся для построения учебного контента из многократно использующихся учебных объектов (SCO). Модель контента также определяет, как эти учебные объекты связаны между собой для создания курсов. Модель контента SCORM состоит из следующих компонентов: активов (Assests), объектов контента совместного пользования (SCO) и структур контента (Content aggregations).

Вышеописанные стандарты носят рекомендательный характер. Они необходимы при использовании системой различных учебных пакетов из разных источников.

Подавляющее большинство современных систем дистанционного обучения поддерживают различные версии спецификации SCORM.

Указанные стандарты должны стать основой для создания казахстанских стандартов, отражающих требования к системам электронного обучения и проведения их сертификации для обеспечения гарантий качества на национальном и международном уровне.

Разрабатываемые технологии e-learning должны соответствовать национальным и международным стандартам.

В Законе РК «Об образовании» от 7 июня 1999 года дистанционное обучение определялось как одна из форм обучения, однако в новом Законе РК «Об образовании» от 27 июля 2007 года, согласно статье 27 «Формы получения образования», дистанционное обучение как самостоятельная форма исключена. В 11 статье «Задачи системы образования» дистанционное обучение отнесено к технологиям, способствующим быстрой адаптации профессионального образования к изменяющимся потребностям общества и рынка труда.

МОН РК и казахстанские вузы разработали целый комплекс документов, регламентирующих дистанционное обучение в форме Концепций, Программ и Планов мероприятий, например:

– Государственный стандарт РК (СТ РК 34.016-2004). Технические и программные средства дистанционного обучения. Общие требования.

– Государственный общеобязательный стандарт образования Республики Казахстан (ГОСО РК 5.03.004-2006). Организация дистанционного обучения. Основные положения, утвержденный Приказом МОН РК № 461 от 25.08.2006 г., дата введения 01.09.2007 г.;

– Правила организации учебного процесса по дистанционным образовательным технологиям. Приказ МОН РК № 590 от 29.11.2007 г.;

2. СТ РК 34.016-2004 «Технические и программные средства дистанционного обучения. Общие технические требования»;

– КЭУК-КП-26-2008 «Учебно-организационной деятельности заочно-дистанционной технологии»;

– КЭУК-ПП-63-2007 Положение о центре дистанционного обучения;

– КЭУК-ПП-63.1-2007 Положение о службе информационно-технического обеспечения ЦДО;

– КЭУК-ПП-63.2-2007 Положение о службе организации и управления учебным процессом ЦДО;

– КЭУК-ПП-63.3-2007 Положение о службе разработки дидактических средств дистанционного обучения ЦДО;

– КЭУК-ПП-65-2007 Положение об организации дистанционного обучения на заочно-дистанционных факультетах;

– КЭУК-ПРВ-01-2008 Правила организации учебного процесса по дистанционным образовательным технологиям [2].

ВЫВОДЫ

Актуальность стандартизации электронного обучения отражается и на рынке труда – сегодня большим спросом пользуются специалисты, в компетенции которых входит:

– знание принципов работы систем дистанционного обучения, стандарта SCORM;

– упаковка учебного контента в стандарт SCORM;

– проектирование и разработка заданий и структуры мультимедийных пособий в сотрудничестве с преподавателями и/или корпоративными клиентами (е-тренажеры);

– управление взаимоотношениями с внешними подрядчиками и коллегами (дизайнерами, внешними SCORM-упаковщиками, видеомонтажерами и т.д.);

– выкладка и тестирование в системе дистанционного обучения тестовых массивов (QTI) [3].

Таким образом, дальнейшее развитие электронного обучения на вузовском, межвузовском, региональном уровнях обуславливает необходимость разработки национальных стандартов, нормативно-технических документов технологий e-Learning и соблюдения международных стандартов в этой быстроразвивающейся области.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 **Тарабанько, Ю.** (Tarabanko@competentum.ru), директор по информационным системам компании Competentum (Москва). [Электронный ресурс]. – <http://www.osp.ru/os/2009/07/10456963/>

2 **Нурғалиева, Г. К.** доктор педагогических наук, профессор, эксперт ИИТО ЮНЕСКО. Президент Национального Центра Информатизации. Применение икт в высшем образовании Республики Казахстан: текущее состояние, проблемы и перспективы развития. [Электронный ресурс]. – <http://www.nci.kz/en/node/156>

3 <http://www.elearningpro.ru>.

Материал поступил в редакцию 23.08.17.

А. Ж. Кинтонова, Б. З. Андасова, М. А. Ермаганбетова

Электронды оқытуды стандарттау мәселелері

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Астана қ.

Материал 23.08.17 баспаға түсті.

A. Zh. Kintonova, B. Z. Andasova, M. A. Ermaganbetova

Issues of e-learning standardization

L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana.

Material received on 23.08.17.

Берілген жұмыс электронды оқытудағы стандарттау, қашықтықтан оқыту жүйесінде стандарттарды өңдеу өзектілігі, қашықтықтан оқытудың барлық жүйелерін және оқу материалдарын ұйымдастырудың ережелерін өңдеу мәселесі қарастырылған. Стандарттар оқу жүйесіндегі компоненттердің үйлесімділігі мен оны бірнеше рет қолдану мүмкіндігімен қамтамасыз етеді..

The research is devoted to the problem of standardization of e-learning, the relevance of developing standards for distance learning systems, developing requirements for the organization of teaching material and the entire distance learning system. Standards allow for the compatibility of the teaching systems' components and the possibility of their repeated use.

**О. Н. Қобланова¹, П. А. Абдуразова², Е. Б. Райымбеков³,
Б. Бастамбеков⁴**

¹к.хим.н., доцент, ²PhD докторант, ^{3,4}магистрант, «Сырдария» университеті, Жетісай қ.

e-mail: ¹koblanova.o.n@mail.ru; ²abdurazova-p@mail.ru; ³eplusr@bk.ru

**ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ НЕГІЗІНДЕ ХИМИЯДАН
ОҚУШЫЛАРДА ТӘЖІРИБЕЛІК ДАҒДЫЛАРДЫ САТЫЛАЙ
ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ**

Мақалада жалпы білім беру мектептерінде химия курсын оқыту кезінде оқушыларда тәжірибелік дағдыларды қалыптастырудың сатылай технологиясын жетілдіру және жүзеге асыру мәселелері келтірілген.

Кілтті сөздер: химияны оқыту әдістемесі, проблемалық оқыту, тәжірибелік дағдылар, оқыту технологиясы.

КІРІСПЕ

Қазіргі жағдайдағы орта мектептердегі химия курсында оқушылардың бойында тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру проблемалық оқыту негізінде сатылай түрде жүргізіледі. Технология деген ұғымды белгілі бір күрделі үрдісті адамдар тобы жоғары тиімділікке қол жеткізу мақсатында орындалатын бірнеше әрекеттер мен іс-қимылдардың өзара байланысқан жүйесі деп түсіндіруге болады [1, 2, 3].


Соңғы онжылдықтарда химия пәнінен мектептік оқу бағдарламалары мен білім беру стандарттарында түсіндірмесіз бірнеше ғана тәжірибелік дағдылары келтірілген [4]. Жалпы білім беру мекемесін бітіруші түлекке химиядан келесідей тәжірибелік дағдыларды меңгеру қажеттілігі талап етіледі:

- химиялық ыдыс және зертханалық қондырғылармен жұмыс жасай білу;
- бөлек заттар мен иондарды тәжірибе түрінде ажырата білу.

Нормативтік құжаттамалар жаңа заттар алу секілді тәжірибелік дағдыларды ескермейді, дегенмен химия ғылымының басты мақсаты – ұсынылған қасиеттері бар заттар алу. Сондықтан зерттеу жұмысының басты міндеттерінің бірі ретінде әдістемелік әдебиеттерде келтірілетін пәндік, соның ішінде тәжірибелік дағдыларды жіктеуді жүзеге асыруды жөн деп білеміз.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Жұмыстағы жоспарланған зерттеудің нәтижесі ретінде, 1-суретте келтірілгендей, химиядан оқушылар бойында тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру болып табылады. Сондықтан қойылған мақсаттарға қол жеткізуде ең алдымен олардың түсінікті жіктелуі қажет.



Сурет 1 – Химиядан тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру үрдісін құрастырудың технологиялық сызбасы

Іске асырылатын бағыты негізінде химиядан оқу дағдыларының келесі жіктемесі ұсынылады:

1 Пәндік-ұйымдастырушылық (тәжірибені жоспарлау, шешімдер қабылдау, кітаппен жұмыс дағдылары);

2 Зияткерлік-құрамдас (ішкі және пәнаралық байланыстар негізінде алынған теориялық білім мен біліктерді қабылдау, түрлендіру және қолдану дағдылары);

3 Ақпараттық-коммуникативтік;

4 Тәжірибелік дағдылар (химиялық тәжірибелерді орындау);

5 Есептік дағдылар;

6 Бағалаушылық дағдылары [5].

Көпшілік педагог-ғалымдар тәжірибелік дағдылар ұғымын тәжірибелік жұмыстарды жүзеге асыру деп түсінеді. Біздің көзқарас бойынша, тәжірибелік дағдыларға тек зертханалық жұмыстарды орындау ғана емес, сонымен қатар, химиялық таңбалармен жұмыс жасау, оларды ұғыну, химиялық есептер шығару дағдылары да енгізіледі.

Тәжірибелік дағдыларды химиялық құрамдастары бойынша да жіктеуге болады:

1 Жекелей бір заттың қасиеттерін білу;

2 Заттардың қоспаларымен жұмыс жасай білу дағдысы.

Тәжірибелік дағдылар іс-әрекет түрімен де жіктеледі:

1 Үлгі бойынша, алдын-ала жазылған әдістеме бойынша ретпен жұмыс жасау дағдысы (мысалы, сүзгі қағазын дайындау, зертханалық штативті тұрғызу);

2 Қатысушының өзіндік белгілі бір қабілеттері мен дағдыларын талап ететін күрделі және жеңіл дағдылар (тәжірибелік есептерді шешу);

3 Қондырғылар, моделдер, технологиялық сызбалар құрастыру білу секілді шығармашылық-ізденушілік іс-әрекеттерді қамтитын дағдылар.

Химияны оқу барысында қалыптасатын оқу дағдыларының арасында жалпы білімдік (зияткерлік, алгоритмдік және компьютерлік дағдылар) және жекелей-пәндік (химиялық тілді білу, химиялық есептерді шығару, тәжірибелік жұмыстарды орындай білу) дағдылары деп жіктеледі. Химияға ғана қатысты арнайы нысандарды оқушы нәтижелі және шығармашылық үрдіс кезінде, сонымен қатар тәжірибелік есептерді шығару барысында түрлендіреді. Аталмыш үрдістер де жіктеледі:

1 Заттарды айқындау;

2 Заттарды алу;

3 Заттың химиялық қасиеті мен құрамын зерттеу, оны дәлелдеу;

4 Қоспаларды бөлу және заттарды тазарту;

5 Химиялық үрдістерді, қондырғыларды, технологиялық сызбаларды құрастыру.

Келтірілген жіктеме тәжірибелік дағдылар жіктемесіне сай келеді. Бір жағынан ол тәжірибелік есептердің түрлеріне де сәйкес. Екінші жағынан, ұсынылған қасиеттері бар заттарды алудың негізгі сатылары көрсетілген:

1 Жұмысқа сәйкесінше қондырғыны қолдану;

2 Қажетті затты алу;

3 Алынған затты теңестіру;

4 Затты қажет емес қоспалардан тазарту, қойылған мақсатқа сай келетін қоспа құрамын жасау;

5 Заттың, материалдың құрамы мен құрылымын зерттеу, оны дәлелдеу;

6 Затты алу әдісін жетілдіру, затты алудың оңтайлы, жеңіл әдісін табу.

Келтірілген жіктемелерді ескере отырып, тәжірибелік дағдылардың химия пәні бойынша құрылымын анықтадық (1-кесте).

Кесте 1 – Химия бойынша тәжірибелік дағдылардың құрамы

№	Тәжірибелік дағдылар	Дағдыны құраушы іс-әрекеттер
1	Зертханалық ыдыстамен, құралдармен, реактивтермен дұрыс жұмыс жасай білу, реактивтер және олардың ерітінділерімен жұмыс жасағанда, заттар мен ерітінділерді қыздырғанда қауіпсіздік техника ережелерін сақтау.	Штативте зертханалық ыдыстар мен құралдарды бекіту, металдық штативті құрау, химиялық, шыны немесе фарфор ыдыстарын қолдану мүмкін болатын іс-әрекеттер
2	Заттарды алумен байланысты тәжірибелік дағдылар: катты, сұйық және газтәрізді заттарды аралық өнімдерден өткізу немесе өткізбеу арқылы алу және жинау	Спирт шамын, өлшеуіш ыдыстарды, өлшеуіш қондырғыларды қолдана білу, өлшеуіш ыдыстар арқылы сұйықтарды өлшеу, араластыру, еріту, қыздыру, сүзгілеу, буландыру, сұйықтықтарды айдау, газдарды жинау, кристалдандыру.
3	Заттарды ажырата білу дағдысы: заттардың немесе зат топтарының физикалық немесе химиялық қасиеттеріне сай оларды ажырата білу, олардың қасиеті мен құрамын дәлелдей алу	
4	Қоспаларды бөлу және қоспалардан таза заттарды ала білу: заттардың немесе зат топтарының жекелей қасиеттеріне сай оларды ажырата алу, қоспаларды бөлу, заттарды қоспа заттардан тазарту	
5	Заттардың құрамы мен қасиетін зерттеу, оны дәлелдеу: заттардың сандық және сапалық құрамын анықтау, оны дәлелдеу	
6	Химиялық үрдістерді, қондырғыларды, технологиялық сызбаларды құрастыра білу	Қондырғыларды жинауға, қондырғылардың тораптарын жалғай білу

7	Тәжірибелік есептерді шығара білу	Есептің шарттарын талдау, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтау, қажетті құралдар мен реактивтерді тандау, химиялық заттардың өзгерістері жүзеге асырылатын іс-әрекеттерді орындау, реактивтерді үнемді жұмсау.
---	-----------------------------------	---

Дағдыларды жетілдіру танымдық іс-әрекеттердің сипатын анықтайды және химиядан келесі дағдылардың қалыптасуына ықпал етеді: зертханалық қондырғылармен, ыдыстармен және реактивтермен жұмыс жасау барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтау; заттарды өлшеу; заттардың ерітінділерін құя білу; зат ерітінділерінің белгілі көлемін өлшей білу; заттарды алу және жинауға қажетті қарапайым зертханалық қондырғыларды жинақтау білу; қоспаларды сүзу арқылы бөлу; заттарды және олардың ерітінділерін қыздыру; заттарды олардың ерітінділерінде еріту және буландыру; ауаны немесе суды ығыстырып шығару әдісі бойынша газдарды жинау.

Ұсынылып отырған технология оқу үрдісін бірқатар сатыларға бөлу және сол сатыларда белгілі бір нәтижелерге жетуге бағытталған әдістер мен тәсілдерді нақты қолданылуы секілді мәселелері шешілетін мақсатты бағытталған іс-әрекеттерді қамтиды [6].

Сондықтан, проблемалық оқыту негізінде оқушыларда тиімді түрде тәжірибелік дағдыларды қалыптастыруда келесідей даму сатыларын бөліп қарағанды дұрыс деп білеміз:

Социально-психологический климат представляет собой феномен, который в последнее время привлекает к себе внимание ученых разных отраслей науки, таких, как: Б. Д. Парыгин, К. К. Платонов, В. М. Шепель, Л. Н. Коган, А. Г. Ковалев, Н. С. Мансуров, В. Б. Ольшанский и др. Ими наряду с термином «социально-психологический климат» используются и другие, такие, как: морально-психологическая обстановка, морально-психологические условия, морально-психологический климат и др. Наиболее устоявшимся в науке является термин «социально-психологический климат».

В литературе выделяется немало определений, которые характеризуют феномен «социально-психологический климат». Так, понятием «социально-

психологический климат» обозначают систему отношений членов коллектива друг с другом, которые включают не только психические реакции, но и общественные отношения людей. Те и другие составляют содержание межличностных отношений в коллективе [1].

Психологический климат определяется как целостное состояние группы (коллектива), относительно устойчивый и типичный для нее эмоциональный настрой, отражающий реальную ситуацию трудовой деятельности (характер, условия, организация труда) и характер межличностных отношений [2].

В наиболее распространенном определении рассматривается такая эмоциональная характеристика социально-психологического климата, как настроение. Настроение, которое преобладает в группе, включается в групповую деятельность и может оказывать положительное либо отрицательное влияние на результаты этой деятельности в их самом широком понимании.

При описании социально-психологического климата многие авторы делают уклон в сторону межличностных отношений, а также на отношения к трудовой деятельности как на значимых элементах социально-психологического климата [1, с. 25]. Существует два типа взаимоотношений в организации названного климата – формальные и неформальные, и каждому из них соответствует свой тип отношений людей – формальные и неформальные. К первому типу относятся должностные, функциональные отношения, закрепленные законодательством, ко второму – психологические и эмоциональные.

Соответственно, в каждой организации складывается свой тип руководства в системе формальных отношений, и лидерство, порожденное системой неформальных отношений. При этом руководитель знает все свои функции и должностные обязанности, а лидер возникает стихийно, как таковой должности лидера в организациях не бывает. Руководитель имеет право на применение санкций, а лидер выдвигается из числа людей, равных ему по статусу. Руководитель занимает свой пост, независимо от того, нравится это окружающим или нет, в то время как лидером можно стать только в том случае, если окружающие будут воспринимать человека таковым. Лидерство возникает стихийно, руководство не является случайным процессом, руководитель всякой социальной группы либо назначается, либо избирается под контролем различных социальных структур. Основное различие между лидером и руководителем – это то, что лидер – это психологический феномен, а руководитель – социальный. Но у руководителя и лидера есть много общего: лидер и руководитель – «инструменты» регуляции и управления поведением членов социальной группы; оба реализуют процессы создания психологического климата, но лидер делает это неофициально, а руководитель официально [3, с. 63].

Европейский опыт говорит о том, что наука не сталкивалась с руководителями, которые бы одновременно стремились воплотить в жизнь обе ориентации, но стиль руководства, сосредоточенный на человеке, на учете социально-психологического климата в организации способствует повышению эффективности труда. Главный вопрос, ответ на который должен найти руководитель, – «Почему люди ведут себя так, а не иначе?» [3, с. 96]. Таким образом, стиль руководителя – это не только манера управления и совокупность лидерских норм и качеств, которых он придерживается. Стиль руководителя определяется его взаимодействием с подчиненными, умением создать должный социально-психологический климат в организации. Роль руководителя в создании оптимального социально-психологического климата является решающей:

– демократический стиль развивает общительность и доверительность взаимоотношений, дружелюбность. При этом нет ощущения навязанности решений извне, «сверху». Участие членов коллектива в управлении, свойственное этому стилю руководства, способствует оптимизации социально-психологического климата;

– авторитарный стиль порождает враждебность, покорность и заискивание, зависть и недоверие. Но если этот стиль приводит к успеху, который оправдывает его использование в глазах группы, он способствует благоприятному социально-психологическому климату;

– попустительский стиль имеет своим следствием низкую продуктивность и качество работы, неудовлетворенность совместной деятельностью и ведет к формированию неблагоприятного социально-психологического климата. Попустительский стиль может быть приемлем лишь в некоторых творческих коллективах [4].

Система мотивации и стимулирования в организации во многом зависит не только от материальной составляющей. Она также зависит от того, какой социально-психологический климат сложился в коллективе на данный момент. При этом одним из важных компонентов профессиональной мотивации является степень удовлетворенности работника своей профессиональной деятельностью [1].

Сущность и главное содержание управления персоналом – в создании качественной мотивации сотрудников. Речь идет о создании руководителем системы психологических условий, объективных условий организационной деятельности, которые в совокупности с материальными факторами становятся необходимыми для возникновения личных усилий сотрудника по самосовершенствованию и самореализации, создают оптимальный социально-психологический климат.

Сложившиеся в коллективе отношения, выступая в качестве объективных условий трудового взаимодействия и общения, требуют от человека не любого, а вполне определенного стиля поведения. Эмоции одного члена группы определенным образом мотивируют поведение других членов. Здесь важно отметить, что социально-психологический климат влияет не только на эффективность деятельности, но и на психологическое здоровье членов коллектива.

Социально-психологический климат также является важным фактором, который влияет на все составляющие управленческой деятельности: выработки и принятия управленческих решений, организацию их выполнения, учет и контроль.

На этапе организации работы организации социально-психологический климат имеет значение в таких важных аспектах, как: а) коррекционно-регулирующий компонент, когда руководитель доказывает цель и задачи коллектива и каждого исполнителя; б) коммуникативный компонент, для налаживания благоприятных межличностных отношений; в) мотивационный компонент, когда наличие/отсутствие благоприятного социально-психологического климата может стать источником положительной мотивации к профессиональной деятельности или ее отсутствия.

ВЫВОДЫ

Социально-психологический климат является важнейшим показателем уровня социального развития организации и его психологических резервов, способных к более полной реализации. Он связан с перспективой возрастания социальных факторов в структуре производства, с совершенствованием организации, условий труда. От уровня оптимальности социально-психологического климата того или иного коллектива во многом зависит и общая социально-политическая, идеологическая атмосфера общества, страны в целом.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

- 1 **Бойко, В. В. и др.** Социально-психологический климат коллектива / В. В. Бойко, А. Г. Ковалев, В. Н. Панферов. – М. : Мысль, 1983. – 207 с.
- 2 **Андреева, Г. М.** Социальная психология. – М. : Аспект Пресс, 2007. – 180 с.
- 3 **Андрюченко, Е. В.** Социальная психология. – М. : Академия, 2003. – 210 с.

4 **Жданов, О. И.** Социально-психологический климат в коллективе. – [Электронный ресурс]. – URL: http://www.elitarium.ru/2007/11/14/klimat_v_kollektive.html (дата обращения: 25.02.2017).

5 **Гелета, И. В., Коваленко, А. В.** Экономика и социология труда: учебное пособие. – Краснодар : КубГУ, 2013. – 224 с.

Материал поступил в редакцию 23.08.17.

Д. Е. Саудабаева

Ұжымдағы әлеуметтік-психологиялық климат мәселесіне орай

Қазақ еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясы, Алматы қ.
Материал 23.08.17 баспаға түсті.

D. E. Saudabaeva

To the question of socio-psychological climate in the team

Kazakh Academy of Labour and Social Relations, Almaty.
Material received on 23.08.17.

Мақалада әлеуметтік-психологиялық климат мәселесі қарастырылады. Осы климатқа тиетін басқару стилі мен басшының қасиеттерінің әсері талдауға салынады. Әлеуметтік-психологиялық климат тек ғана жұмыс тиімділігіне емес, мотивациялау жүйесіне, тұлғаның психологиялық жағдайына ықпал етеді.

The article considers the issues of socio-psychological climate in the team. Analyzes the impact on the socio-psychological climate, management style, qualities of the leader. Socio-psychological climate not only affects the working efficiency, but also the system of motivation and psychological health of a person.

ӘОЖ 378.147.88

Т. С. Сламбекова

п.ғ.к., профессор м.а., Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.
e-mail: tolkyn_1969@mail

**БОЛАШАҚ МАМАННЫҢ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ МӘДЕНИЕТІ:
ФУНКЦИОНАЛДЫҚ-МАЗМҰНДЫҚ ШОЛУ**

Ұсынылған мақалада болашақ педагогтардың ғылыми зерттеу мәдениетінің функционалдық-мазмұндық ерекшеліктері, даму жолдары мен оның кәсібилікті қалыптастырудағы мүмкіндіктері қарастырылған.

Кілтті сөздер: ғылым, ғылыми-зерттеу іс-әрекеті, ғылыми-зерттеу мәдениеті, зерттеу біліктілігі.

КІРІСПЕ

Еліміздің дамуында маңызды рөл атқаратын Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында [1], «Ғылым туралы» Заңында [2] Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Қазақстан халқына жолдауында [3] және басқа да нормативті құжаттарында мемлекеттік саясаттың басты ұстанымдары ретінде жеке адамның ғылыми-зерттеу іс-әрекетін дамыту жолдарына ерекше назар аударылған.

Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды-машыққа қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде ғылыми-зерттеу мәдениеті жоғары, кәсіби білікті, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеге лайықты өмір сүре алатын тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Осыдан келіп қазіргі педагогикалық қауымдастыққа білім берудің жаңа моделін құру, сынақтан өткізу міндеттеріне сәйкес мемлекетіміздегі білім беру жүйесіне, ондағы дайындалып жатқан болашақ мамандарға нақты талаптар қойылып, мемлекет дамуының негізгі ресурсы ретінде олардың ғылыми-зерттеу мүмкіндіктерін арттыруға әлеуметтік тапсырыс берілген.

Осыған орай, Қазақстандық білім беру жүйесінің жаңартылуы еркіндікке, дербестікке, жаңашылдыққа, ізденіске ұмтылған маман даярлаумен тығыз байланысты. Демек, бүгінде бізге қоғамдық, кәсіби және адами талаптарға жауап бере алатын сыншыл, автор, жаңа идеяны туындатушы, зерттеуші жаңа типтегі маман қажет.

Заманауи қоғамға мәселені тек көріп емес, сонымен қатар оларды тиімді шешетін мамандар қажет. Бұл жағдайда жетекші орынға зерттеушілік мәдениеті дамыған маман тұлғасы шығарылады. Білім беру контексінде педагогтың зерттеушілік мәдениетінің дамуы қолданбалы, практикалық деңгейден негізгі сипаты педагогикалық үдерісті терең де ғылыми тұрғыда сезінуге мүмкіндік беретін теориялық-әдіснамалық деңгейге ығысуы қажет. Осы тұрғыда ғылымға бет бұру кездейсоқ емес, өйткені, ғылым ғана күнделікті қалыптасқан көзқарастарға қарсы тұра алады, кеткен олқылықтарды жоғары деңгейде түзетіп, жөндеуге мүмкіндік береді.

Ғылыми зерттеу іс-әрекетінде болашақ маман өзінің кім екендігін түсінеді, өз позициясында тұру; өзіндік «Менін» қалыптастыру мен өзін және өзгелерден өзгешелігін табу мүмкіндігіне ие болады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Ғылыми зерттеуді педагогикалық мамандықтарда қолдану қажеттілігін көптеген ғалымдар зерттеген. В. Бурцеляның пікірінше, ғылыми-нәтижелі ізденіс белгілеріне: ізденімпаздық, шығармашылық; болашақ мамандығына ғылыми тұрғыдан жақындығы; білімін тереңдетуге және жеке дамуына мән беру және т.б. жатады. Ғылыми қызығушылық көбінесе ғылыми біліктілікке құмарлық, ғылыми еңбекке қанағаттану немесе «жаңалық ашуға ұмтылуға» байланысты [4, 35 б.].

Е. Кагаров педагог жұмысында зерттеушілік бағдарды қолдану педагогтың біліктілігін арттырады, оның «белгілі бір құбылыс туралы өзгелердің пікіріне сүйенбей қорытындыға келу қабілетін дамытады» деп санайды. С. Т. Шацкий осы идеяны қолдай отырып, «педагогтың басты міндеті бала өмірін ұйымдастырушы, сондай-ақ, оны зерттеуші де» десе [5, 48 б.], В. А. Сухомлинский «Егер, педагогикалық еңбек педагогқа қуаныш сыйласын, күнделікті өткізілетін сабақ бір сарындылыққа айналмасын десеңіз, онда әрбір педагогты бақытқа толы зерттеу жолына салу қажет» – деп педагогикалық іс-әрекеттегі зерттеу жұмысының маңызына тоқталған [6, 59 б.].

Ғылыми зерттеу іс-әрекеті мен осы іс-әрекет субъектілерінің арасындағы қарым-қатынасты реттеуші негізгі нормативтік құжат Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» заңында ғылымға – функциясы табиғи байлықтарды ұтымды пайдалану және қоғамды тиімді басқару мақсатында табиғат, қоғам және ойлау заңдарын зерделеу, болмыс туралы объективті білімді тұжырымдау және теориялық жағынан жүйелеу болып табылатын адам қызметінің саласы» деген түсініктеме берілсе, ғылыми зерттеу жұмысына – бар білімді кеңейту және жаңа білім алу, ғылыми гипотезаларды тексеру, табиғат пен қоғам дамуының заңдылықтарын анықтау, жобаларды ғылыми жинақтау, ғылыми негіздеу

мақсатында ғылыми ізденіс пен, зерттеулер, эксперименттер жүргізу мен байланысты жұмыс» деген анықтама берілген [2].

Сондай-ақ, көптеген ғылыми-педагогикалық еңбектерде «ғылым мақсаты мен қызметі адамның өзі және оны қоршаған әлем жөніндегі білімді жасап шығарушы болып табылатын адамзаттың іс-әрекет шеңбері, қоғамдық сананың бір түрі. Ғылым деген атаумен табиғат, қоғам, құбылыстарын түсінуге және олардың дамуын алдын-ала болжауға мүмкіндік беретін бірте-бірте кеңейіп келе жатқан теориялық білім жүйесін белгілейді. Қазіргі кезде ғылым тікелей өндіргіш күшке айналып отыр» – делінген [7, 117 б.]. Кейбір деректерде «ғылым – (латын «science» – білім, ғылым) – адам іс-әрекетінің (қызметінің) саласының бірі; функциясы – табиғат, қоғам және сана туралы білімді жасау әрі жүйелеу» – сынды тұжырымдар да кездеседі.

Педагогикалық ғылымда ғылыми зерттеу іс-әрекеті: 1) әлем, адам және оның қызметі жөнінде шынайы және жүйелі білім көмегімен мәдениет пен өркениетті дамыту және байыту бойынша ғалымдардың жеке және ұжымдық өзара әрекеті; 2) оқу-тәрбие үдерісінен кейінгі ұтымды ұйымдастыруға қажетті алғышарттарды жасайтын, білім беру мен педагогикалық жүйенің әрбір деңгейінде тиімді қызмет ететін оқу-тәрбие жүйелерін негіздеумен айналысатын (жобалау,) педагог-ғалымдардың (теоретиктер мен әдіскерлер) жұмысы деп анықталатынын көрсетеді.

Сонымен қатар ғалымдардың пікіріне сүйенсек, Ю. К. Бабанский «болашақ мамандардың ғылыми зерттеу іс-әрекетінің ішкі мотивациясын қалыптастыру олардың зерттеу сипатындағы болашақ кәсіби қызметіне белсенді енуіне мүмкіндік береді» деп тұжырымдаса, А. А. Вербицкий болашақ мамандар іс-әрекетінің үш негізгі формаларын бөліп көрсете отырып, олардың ғылыми зерттеу әрекетін оқу-кәсіби іс-әрекетке жатқызады [8, 77 б.].

В. А. Слостенин, Л. С. Подымова болашақ мамандардың ғылыми зерттеу іс-әрекетін инновациялық іс-әрекетке даярлаудың ең маңызды нұсқасы ретінде қарастырады [9, 135 б.].

Г. К. Баймукашева болашақ мамандардың, яки студенттердің ғылыми зерттеу әрекетін құбылыстар мен үдерістерді түсіндіруге, олардың қатынастары мен байланыстарын орнатуға, фактілерді теориялық және эксперименттік тұрғыдан негіздеуге, танымның ғылыми әдістері арқылы заңдылықтарды анықтауға бағытталған ғылыми сипаттағы іздену қызметі деп анықтайды [10, 51 б.].

Ғылыми зерттеу іс-әрекеті жаңа білімді алу мен оны қолдануға бағытталған, іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер. Іргелі (фундаментальды) ғылыми зерттеулер адамның, қоғамның, қоршаған табиғи ортаның құрылысы, қызметі, дамуы туралы жаңа білімді алуға бағытталған эксперименталдық немесе

теориялық іс-әрекет. Қолданбалы ғылыми зерттеу практикалық мақсат пен нақты міндетті шешуде жаңа білімді қолдануға бағытталған зерттеулер. Сондай-ақ, технологиялық, инженерлік, экономикалық, әлеуметтік, гуманитарлық және басқа да мәселелерді шешу мен ғылым, техника, өндірістік қызметті қамтамасыз ету үшін жаңа білімді меңгеруге, қолдануға бағытталған интеллектуалды іс-әрекет.

Ғылыми зерттеу іс-әрекеті ғылыми-деректермен жұмыс жасау, оларды сұрыптау, қорытындылау іскерлігін, бақылампаздық, ізденімпаздық, белсенділік және т.б. сынды қасиеттер мен өзін-өзі дамыту дағдыларын қалыптастырады. Ғылыми айналымда жаңа әсер алу, көп білуге құштарлық, қадағалауға және эксперимент жасауға ұмтылу, әлем туралы жаңа мәліметтерді өз бетінше іздеу болашақ маман мінезінің маңызды белгілері ретінде қарастырылады. Болашақ маман зерттеумен айналысу арқылы өзін қызықтырған мәселенің өзектілігін, маңыздылығын, ерекшелігін сезінеді, зерттеу барысында әртүрлі әдіс-тәсілдер қолданылады, өзі болжаған нәтижеге жетуге ұмтылады. Ізденіс барысында болашақ маманға шығармашылық мүмкіндіктер беріледі. Болашақ маман зерттеу жүргізу арқылы білімді «дайын» күйінде емес, өзі іздене жүріп меңгере алады.

Ғылыми зерттеу іс-әрекетінің ерекшелігін философ В. В. Розанов қарастырған. Ғалымның түсінігінше, зерттеу үдерісін жүзеге асыру «ақыл-ой» және «таным» түсініктерімен байланысты. Ол зерттеу жұмысын екі формада жүзеге асырады: зерттеу «бұрыннан таныс мағлұматты қайтадан тексеру» мен «белгісізді жаңадан тану». Ғалым ғылыми зерттеу іс-әрекетін «Космосты, Табиғатты, Адамды және жалпы адамзаттық ой-пікір мен жалпы адамзаттық әрекет тануға бағытталған таза шығармашылық іс-әрекет ретінде анықтаған [11, 71 б.]. Демек, ғылыми зерттеу іс-әрекеті болашақ мамандардың танымын, шығармашылығын, интеллектісін, зерттеу біліктілігін қалыптастырмақ.

Ғылыми зерттеу жұмыстары болашақ мамандардың интеллектуалдық дамуының өсу деңгейін арттырады, ғылыми сипаттама беруді үйренеді, іс-тәжірибеге негізделген материалдарды іздестіріп, танымдық белсенділігін арттырады. Ғылыми еңбектермен жұмыс жасау әдістерін меңгереді, ғылыми жұмыстардың теориялық және тәжірибелік аспектілерін шешуде шығармашылық белсенділік көрсетіп, ғылыми тұжырым жасап, нәтижесін көреді. Жеке тұлғаның өзіндік көзқарасы қалыптасып дамиды. Қоғамдық өмірге бейімделген интеллектуалды жеке тұлға қалыптасады.

Ғылыми іс-әрекет нәтижесі білім, ол адамның белгілі бір жүйедегі ұғымдарының, деректері мен пайымдарының, т.б. жиынтығы, жаңа ой, жаңа идея. Ал, жаңа ой, жаңа идея туралы айтқанда адамзатты қозғаушы күш шығармашылық еске түседі. Ғылыми шығармашылықсыз, ондағы адамның қабілетінсіз социум ғылым мен техника, өнер әдебиеті прогрессивті жолмен

өсіп дамымаған болар еді. Біздің тіршілігімізде іс-әрекет, соның ішінде ғылыми шығармашылық болмаса, онда ешбір жаңа ой, пікір болмай, нәтижелі табыстарға жетпеген болар едік.

Жеке тұлғаның білімді, ғылымды құндылық деп танып, оны меңгеруге, дамытуға оныңөзінің қызығушылығы негіз болады. Психологтардың пікірінше, жеке тұлғаның ғылымға қызығушылығы - оның әлеуметтік деңгейіне, қоршаған ортадағы іс-әрекетке, тұлғаның көңіл-күйіне байланысты. Біздің пікірімізше, жеке тұлғаның ғылыми зерттеу іс-әрекетіне тұрақты қызығушылығы оның өмірлік көзқарастары мен бағыты, өмірлік ұстанымдары, қоғамдағы өз орнын және оның мән-мазмұнын түсіну негіз болады.

Зерттеушілердің басым көпшілігі бойынша, ғылыми-зерттеу мәдениеті дамыған педагог – ғылыми психологиялық-педагогикалық ойлауымен, жоғары деңгейдегі педагогикалық шеберлігімен, нақтыланған ғылыми зерттеу бағытымен, дамыған педагогикалық интуитивтік сезімімен, алдыңғы педагогикалық іс-тәжірибелерді сапалы пайдаланумен, өзін-өзі кәсіптік тұрғыда тәрбиелеуге қажеттілігімен және т.б. ерекшеленеді.

Бұл жерде тағы бір назар аударатынымыз, егер біз болашақ мамандардың ғылыми зерттеу мәдениетін дамытқымыз келсе ғылыми ортаны да қалыптастыруымыз қажет. ЖОО ғылыми орта – болашақ мамандардың қалыптасуының, кәсіби жетілуінің сатылы сипатын айқындайтын, «шығармашылық» феноменімен ерекшеленетін, тұлғаның өзін-өзі дамыту мен жетілдірудегі рөлін күшейтетін, социуммен тиімді қатынастарын орнату үшін өз мүмкіндіктерін пайдалану қабілеттілігін дамытатын көрсеткіштер жиынтығы немесе қауымдастық.

Бүгінде ЖОО ғылыми ортаны қалыптастыруға:

– ЖОО-ның техникалық жабдықталуы: оқу аудиториялары, кітапхана, дәріс залдары, кафедралар, компьютерлік сыныптар, мультимедиялық кабинеттер, конференц-зал және т.б.;

– Болашақ мамандардың зерттеу мәселелеріне сәйкес танымдық-шығармашылық іс-шараға қатысуының жиілігі; білім бағдарламасындағы оқу бағдарламаларының мазмұнын игеру, ғылыми және ғылыми-педагогикалық зерттеулердің мазмұнын дайындау, ғылыми тағылымдамадан өту, ғылыми зерттеу және педагогикалық тәжірибеден өту, ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысу, ғылыми жобалар мен олимпиадаларға және байқауларға қатысу сапалары;

– ЖОО «оқытушы – білім алушы (студент, магистрант, докторант)», «оқытушы – оқытушы», «білім алушы – білім алушы» жүйесіндегі қатынас. Егер, ЖОО оқу іс-әрекеті мен оқудан тыс іс-әрекеттердегі ғылыми зерттеуде аталған

«оқытушы-студент», «оқытушы-оқытушы», «студент-студент» қатынасында өзара үйлесімділік болса, онда өнімді шығармашыл ғылыми орта да қалыптасады.

Біздің зерттеуімізде ғылым, ғылыми-зерттеу іс-әрекеті, ғылыми-зерттеу жұмысы, ғылыми-зерттеу мәдениеті ұғымдарынынара-қатынасын қарастыра отырып, оларды саралау шеңбері және алдын-ала жүргізілген тәжірибелі-эксперменттік жұмыс барысында студенттердің ғылыми-зерттеу мәдениетін дамытудың құрылымдық моделін бейнелейтін компоненттер, өлшемдер, көрсеткіштер анықталды. Осы жүргізілген жұмыстар студенттердің ғылыми-зерттеу мәдениетінің мәнін, орнын анықтауға мүмкіндік берді.

Ғылыми-тәжірибелі-эксперменттік жұмысты ұйымдастыруда компоненттер (эмоционалды-мотивациялық, мазмұндық, бағалау, іс-әрекеттік) туралы жан-жақты мәліметтер алуда анкеталық сауалнамалар жүйесі құрылды.

Мұндағы эмоционалды-мотивациялық компонент болашақ мамандардың ғылыми зерттеу іс-әрекетіне саналы қызығушылығын, құндылық көзқарасын қалыптастыру мен ғылыми зерттеу мәдениетін эмоционалды тұрғыда қабылдауын болжайды.

Эмоционалды-мотивациялық компонент болашақ мамандардың ғылыми зерттеу мәдениетіне позитивті қатынасын қамтамасыз етеді, құндылықкөзқарасын қалыптастыруды болжайтын білімді және іскерлікті меңгеруді көздейді, дербес қажеттілігін қанағаттандыруға белсенділігін арттырады. Шығармашылық іс-әрекетке бейімділігі мен «жананы» табуға тұлғалық қызығушылығын арттырады, зерттеуді нәтижелі орындауға қажетті мотивациясын жоғарлатады.

Сонымен бірге бұл компонент болашақ мамандардың ғылыми зерттеу іс-әрекетіне белсенді түрде енуіне түрткі болады. Демек, ең алдымен ғылыми аймақ туралы мазмұндық және операциялық білімді жүйелеудің негізі қаланады. Кейін болашақ маманды ғылыми зерттеу іс-әрекетіне енгізу арқылы теориялық білімді одан ары тереңдету мен практикалық-ғылыми біліктілікті дамыту жүзеге асырылады.

Болашақ мамандардың эмоционалды-мотивациялық компоненті деңгейін анықтауға арналған сауалдар:

1 Болашақ педагог ретінде ғылыми зерттеу іс-әрекетінің қажеттілігін сезінесіз бе? Ғылыми зерттеу іс-әрекеті туралы білгіңіз келе ме? Білгіңіз келсе, оларды қажет деп есептесеніз, мәліметтерді қандай дерек көздерінен (интернет, ғылыми кітаптар, оқулықтар, әдістемелік нұсқаулар, ғылыми зерттеулер, белгілі ғалымдар өмірінен, газет-журналдардағы мақалалардан) алар едіңіз?

2 Ғылыми зерттеу іс-әрекеті туралы алған біліміңізді жеткілікті деп санайсыз ба? Жеткіліксіз болса, қосымша қандай мәліметтерді білгіңіз келеді?

3 Ғылыми зерттеудің қандай түрін пайдаланасыз (қайсысын толық білесіз, қысқаша тоқталсаңыз)?

4 ЖОО оқу үдерісінде ғылыми зерттеудің қандай түрлерімен айналысасыздар?

6 Ғылыми зерттеу іс-әрекеті педагогикалық қабілет, педагогикалық іскерлік-педагогикалық шығармашылықтың белгісі екендігіне сенесіз бе?

7 Ғылыми зерттеу іс-әрекетінің шегі бар деп ойлайсыз ба?

8 Ғылыми зерттеу мәдениеті педагогикалық әрекеттің түрі деп ойлайсыз ба?

9 Ғылыми зерттеу іс-әрекеті арқылы болашақ мамандардың педагогикалық шығармашылығын қалыптастыруға болады деп есептейсіз бе?

10 Жоғарғы оқу орнында аудиторияда және аудиториядан тыс ұйымдастырылатын ғылыми зерттеу іс-әрекетіне қатысасыз ба (иә, жоқ). Егер қатыспасаңыз, себебі неде (ұйымдастырушылықтың жеткіліксіздігі, қызығушылықтың жоқтығы, т.б.)?

– Мазмұндық компонент болашақ мамандардың ғылыми зерттеу мәдениеті сипатын, ерекшеліктерін, ЖОО оқу үдерісінің білім берушілік механизмін, ғылыми зерттеу іс-әрекеті ерекшеліктерін және оларды тиімді ұйымдастырудың педагогикалық жоспарларын, мүмкіндіктерінің ғылыми негізін білуін қарастырады.

Және ғылыми зерттеу мәдениетін болашақ мамандардың педагогикалық қабілеттері мен іскерліктерін қалыптастырудың тиімді құралы ретінде айқындауға мүмкіндік береді. Ол болашақ мамандардың танымдық іс-әрекетін сипаттауға мүмкіндік беретін «зерттеу іс-әрекеті», «креативтілік», «зерттеу потенциалы», «зерттеу іскерлігі», «зерттеу мәдениеті» және т.б. ұғымдар жөніндегі түсініктері және оларды ғылыми зерттеу іс-әрекетінде жүзеге асыру тәсілдерін меңгеруге бағытталған теориялық дайындығынан тұрады.

Болашақ мамандардың мазмұндық компоненті деңгейін анықтауға арналған сауалдар:

1 «Іс-әрекет», «ғылыми зерттеу іс-әрекеті», «ғылыми зерттеу жұмысы», «ғылыми орта», «зерттеу мәдениеті» деген түсініктер туралы не білесіз? Олардың арақатынасын байқайсыз ба?

2 Зерттеу мәдениеті мен зерттеу күзiретiлiгi туралы не бiлесiз?

3 Педагогикалық қабілет, педагогикалық іскерлік, шығармашылық дербестік туралы не білесіз?

4 Ғылыми зерттеу іс-әрекеті дегеніміз не? Оның қандай ерекшеліктерін білесіз?

5 Ғылыми зерттеу іс-әрекеті қандай мақсатты көздеген? Өзіңіздің зерттеумен айналысудағы мақсатыңыз не?

6 Өзіңіздің зерттеу мәселенің бойынша айналысқан қандай ғалым зерттеушілерді білесіз және олардың қандай еңбектерін атай аласыз?

7 Сапалы маманды даярлау ғылыми зерттеу жұмысыныңындұрыс ұйымдастырылуына байланысты деп ойлайсыз ба?

8 Ғылыми зерттеу мәдениетінің құрылымын, қызметін, компоненттерін атай аласыз ба?

9 Ғылыми зерттеу іс-әрекеті - болашақ мамандардың кәсіби күзiреттiлiгiн қалыптастырудың негiзгi әдiсi, формасы, құралы бола алады деп ойлайсыз ба?

10 Ғылыми зерттеу іс-әрекеті арқылы болашақ мамандардың бойында қалыптасатын қандай тұлғалық-кәсіби сапаларды атай аласыз?

Бағалау компоненті болашақ мамандардың ғылыми зерттеу мәдениеті мазмұнын, спецификалық ерекшеліктерін тұтастай қабылдап, оларға баға бере білуін қарастырады. Бағалау компоненті мәліметтік, аналитикалық, бақылау және бағалау қызметін орындай отырып, оқытушы мен болашақ мамандардың арасындағы кері байланыстың қалыптасуын, ғылыми зерттеу жұмысына болашақ мамандардың қанағаттану деңгейі мен олардың педагогикалық шығармашылығының қалыптасу деңгейі туралы ақпарат алуын қамтамасыз етеді. Мұнда болашақ мамандардың ғылыми зерттеу іс-әрекеті арқылы қалыптасатын кәсіби-педагогикалық ерекшеліктерін тұтастай қабылдап, оларға баға бере білуін, сондай-ақ ғылыми зерттеу іс-әрекетінің педагогикалық шығармашылықты қалыптастырудағы мүмкіндіктерін бағалай білуін қарастырады.

Болашақ мамандардың бағалау компоненті деңгейін анықтауға арналған сауалдар:

1 Сіздіңше, ЖОО-да ғылыми зерттеу іс-әрекеті қалай қабылданады, жоғары сезіммен бе, әлде түсінушілікпен бе?

2 Ғылыми зерттеу іс-әрекетінің құндылығы неде деп ойлайсыз?

3 Болашақ педагогтарды даярлаудағы ғылыми зерттеу іс-әрекетінің мүмкіндіктерін қалай бағалайсыз?

4 Ғылыми зерттеу іс-әрекеті нәтижесін бағалауда нені білу керек?

5 Ғылыми зерттеу іс-әрекетінің қандай түрлерін қабылдау сізге қиындық тудырады?

6 Ғылыми зерттеу іс-әрекеті мазмұнын қалай бағалайсыз?

7 ЖОО оқу үдерісінде ғылыми зерттеу іс-әрекетін қолдануда нені ескеру қажет?

8 Интеллектуалды тұлға – ұлт ерекшеліктерінің көрінісі деген қағидамен келісесіз бе?

9 Ғылыми зерттеушілік іскерлігіңіздің деңгейін бағалай аласыз ба?

10 Өзіңізді ғылыми тұрғыда мәдениетті адам қатарындамын деп есептейсіз бе?

Іс-әрекеттік компоненті болашақ мамандардың ЖОО іс-әрекеттерде көрініс тапқан зерттеу белсенділігін, оқуда және оқудан тыс іс-әрекеттердегі ғылыми зерттеу іскерлігін, мәдениетін қарастырады. Іс-әрекеттік компонент

ғылыми зерттеу іс-әрекетін жүзеге асыру механизмін, ғылыми зерттеу іс-әрекеті арқылы өзінің еңбек объектісін түсінуін қарастырады.

Сонымен аталған компоненттер ғылыми зерттеу іс-әрекеті нәтижелерін, демек, ғылыми өнімдерін талдауға, диагностикалау нәтижелерін қорытындылауға бағдарлайды.

Болашақ мамандардың іс-әрекеттік компоненті деңгейін анықтауға арналған сауалдар:

1 Ғылыми зерттеу іс-әрекеті туралы ЖОО оқытушылары нені білулері керек, нені игерулері керек, нені ескерулері керек деп ойлайсыз?

2 Болашақ маман ретінде ғылыми зерттеу іс-әрекеті оқу үдерісінде қолдануда өзіңізге қандай талаптар қоясыз?

3 Ғылыми зерттеу іс-әрекетінің құрылымын, қызметін, мүмкіндіктерін жете меңгердім деп ойлайсыз ба?

4 Ғылыми зерттеу іс-әрекетін болашақ мамандардың педагогикалық шығармашылығын қалыптастыру мақсатында қолдана аламын деп ойлайсыз ба?

5 Ғылыми зерттеу іс-әрекетін басқа да іс-әрекет түрлерімен бірлікте пайдалануға бола ма?

6 Ғылыми зерттеу іс-әрекетін болашақ мамандарға игертуде қандай қосымша тапсырмалар берер едіңіз?

7 Ғылыми зерттеу іс-әрекетін жүзеге асыру жоспарларын, бағдарламаларын, сценарийлерін құра білесіз бе?

8 Сіздің бойыңыздан ғылыми зерттеу іс-әрекетін ұйымдастыру іскерлігі, оның қажеттілігін өзгелерге жеткізе білу, оларды қызықтыра білу іскерлігі табыла ма?

9 Сіздің іс-әрекетіңіз, басқалармен қарым-қатынасыңыз кәсіби сауаттылығыңыздың көрінісі деп айта аласыз ба?

10 Жеке адамның зерттеу мәдениеті оның жеке ісі деп ойлайсыз ба?

Компоненттерге сипаттама беру негізінде жасалған студенттердің ғылыми зерттеу мәдениетін дамытудың құрылымдық моделі бойынша зерттеп отырған сапаның қалыптасу деңгейі (жоғары, жеткілікті, орта, төмен) анықталды.

Жоғары деңгей: ғылыми-зерттеу мәдениетінің маңызын жете түсінеді, олардың құрылымын, функциясын, мүмкіндіктерін терең меңгерген; болашақ мамандығына қажетті зерттеу бағыттарын нақты өлшемдер арқылы сұрыптай біледі; оқуда және оқудан тыс кезде меңгерген ғылыми зерттеу жұмыстары түрлеріне баға бере біледі; оларды оқу үдерісінде шығармашылық ізденіспен тиімді пайдалана біледі.

Жеткілікті деңгей: ғылыми-зерттеу мәдениетінің маңызын түсінеді, оны қабылдауда қызығушылық танытады, олардың теориялық маңызын меңгерген; оларға оқытушының көмегімен баға береді; оқуда және оқудан тыс кезде меңгерген ғылыми зерттеу жұмыстары түрлерін бағалай білгенімен; оларды оқу үдерісінде оқытушының көмегімен пайдаланады.

Орта деңгей: ғылыми-зерттеу мәдениетінің маңызын онша түсіне бермейді, оған жағымды көзқарас танытады; ғылыми зерттеу іс-әрекеті туралы теориялық білімді ішінара меңгерген, оларға еркін баға бере алмайды; оларды сұрыптауда киналады; өз тәжірибесінде сирек қолданады.

Төмен деңгей: ғылыми-зерттеу мәдениетінің қажеттілігін сезінбейді, қызығушылық танытпайды; ғылыми зерттеу іс-әрекеті туралы теориялық білімі нашар, меңгерген біліміне баға бере алмайды; оларды өз тәжірибесінде пайдаланбайды.

Болашақ педагогтардың ғылыми-зерттеу мәдениетін дамыту үдерісі негізгі үш сала бойынша қамтамасыз етілді: мазмұндық, ұйымдастырушылық, әдістемелік.

Оқу үдерісінің мазмұны жалпы кәсіби мамандықтардың бағдарламаларына және арнайы курстарға ғылыми зерттеу жұмыстарын мақсатты түрде ендірумен анықталады. Ұйымдастырушылық – осы үдерісті мақсатты бағыттылықпен басқарумен, аудиториялық және аудиториядан тыс әртүрлі жұмыс формалары мен әдістерін пайдаланумен айқындалады. Әдістемелік – ғылыми негізделген әдістемелік нұсқаулармен қамтамасыз етіледі.

Болашақ педагогтардың ғылыми-зерттеу мәдениеттілігі компоненттерінің (эмоционалды-мотивациялық, мазмұндық, бағалау, іс-әрекеттік) даму деңгейінің көрсеткіштері (%) (эксперимент басы және соңы), болашақ педагогтардың ғылыми-зерттеу мәдениеттілігін дамытудағы эксперименттік жұмыстың нәтижелері (%), ондағы өзгеріс динамикасы 1,2-кестелерде берілген.

Кесте 1 – Болашақ педагогтардың ғылыми-зерттеу мәдениеттілігі компоненттерінің (эмоционалды-мотивациялық, мазмұндық, бағалау, іс-әрекеттік) даму деңгейінің көрсеткіштері (%) (эксперимент басы және соңы)

Компоненттер	Кезеңдер	Төмен		Орта		Жеткілікті		Жоғары	
		ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ
Эмоционалды-мотивациялық	Эксперимент басы	38,95	49,43	47,36	36,78	13,69	13,79	-	-
	Эксперимент соңы	-	44,83	17,89	39,08	43,16	16,09	38,95	-
Мазмұндық	Эксперимент басы	53,68	67,82	41,05	25,29	5,27	6,89	-	-
	Эксперимент соңы	-	57,47	13,68	32,18,53,7	10,35	32,62	-	-

Бағалау	Эксперимент басы	66,32	62,07	28,42	33,33	5,26	4,6	-	-
	Эксперимент соңы	-	57,47	15,79	34,48	50,53	8,05	33,68	-
Іс-әрекеттік	Эксперимент басы	53,68	60,92	46,32	39,08	-	-	-	-
	Эксперимент соңы	-	52,87	14,74	42,53	44,21	4,6	41,05	-

Кесте 2 – Болашақ педагогтардың ғылыми-зерттеу мәдениеттілігін дамытудағы эксперименттік жұмыстың жалпы нәтижелері эксперимент басы және соңы)

Кезеңдер	Төмен		Орта		Жеткілікті		Жоғары	
	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ
Эксперимент басы	53,16	60,06	40,79	33,62	6,05	6,32	-	-
Эксперимент соңы	0	53,16	15,54	37,07	47,88	9,77	36,58	-

Сонымен, тәжірибелі-эксперименттік жұмыс болашақ педагогтардың ғылыми-зерттеу мәдениеттілігін дамытудың құрылымдық моделінің, оның өлшемдері мен көрсеткіштерінің, деңгейлерінің дұрыстығы мен біздің тарапымыздан қолданылған әдістемелердің тиімділігін дәлелдейді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ең бастысы, біз сөз еткен ғылыми зерттеу іс-әрекеті, одан келіп шығатын ғылыми зерттеу мәдениеті болашақ мамандардың педагогикалық шығармашылығын қалыптастырудың мазмұндық және үдерістік қырлары жаңа, біртұтас білім нәтижесін бағдарлай отырып, жаңа мазмұнды меңгерген тұлға дамуының көрінісі болып табылады.

Педагогикалық зерттеу – жаңа педагогикалық білімдерді қалыптастыру үдерісі, оқыту, тәрбиелеу және дамытудың объективті заңдылықтарын ашуға бағытталған танымдық іс-әрекеттің түрі, ғылыми зерттеу жұмысы. Ғылыми зерттеу жұмысы – ізденіс, таным, жаңа пікір, жаңа көзқарас.

Олай болса, ғылым дегеніміз бұрыннан белгіліден басқа ақпарат жинақтау, жаңалық іздеу болғандықтан ол зерттеу міндеттерін шешудің жаңа жолын іздеу болса, ғылыми зерттеу іс-әрекеті – жаңа білім алуға, оны ғылыми және практикалық міндеттерді шешуде қолдануға бағытталған іс-әрекеті, болашақ мамандардың танымын, шығармашылығын, интеллектісін, зерттеу біліктілігін, зерттеу мәдениетін қалыптастыру жолы. Ғылыми зерттеу жұмысы – бар білімді кеңейту және жаңа білім алу, ғылыми болжамдарды тексеру, табиғат пен қоғам дамуының заңдылықтарын анықтау, жобаларды ғылыми жинақтау, негіздеу мақсатында ғылыми ізденіспен байланысты жұмыс. Іс-әрекет түрі ретінде ғылыми-зерттеу іс-әрекеті аса ыждағаттылықты қажет ететін күрделі еңбек.

Ғылыми зерттеу мәдениеті – ғылыми-зерттеу іс-әрекетімен сауатты түрде айналысу, шынайы нәтижеге жетуге ұмтылу, іздену, шығармашылық мүмкіндіктерін, зерттеу білігін, іскерлігін, дағдысын дамыту. Тіпті ғылыми зерттеу мәдениеттілікке болашақ маманның сөйлеу мәнері, ойын ұтымды, жағымды жеткізе алуы, өзін ұстауы, аудиторияны тартуы; демек ортамен қарым-қатынасы да жатады. Білім алушы бойындағы ізденімпаздық, зеректік, алғырлық, болжағыштық, ыждағаттылық, байқампаздық, жауапкершілік сынды қасиеттер де зерттеу мәдениеттілігінің сындарлы белгілері болмақ.

Болашақ мамандарды ғылыми зерттеу іс-әрекетіне баулу, жалпы мәдениет пен белгілі бір мамандық аясында жетістікке жетуге тәрбиелейтін жол. Осы жолда жетістікке жеткен адам, өз өмірін жаңарту мен жақсартуға қол жеткізеді.

Сондай-ақ, болашақ мамандарды зерттеуге баулу тек жоғарғы оқу орындарының ғана мәселесі болмауы тиіс. Бұл, керісінше қоғамның әрбір құрылымын толғандыратын мәдени ұстанымға айналуы қажет. Қоғамда тек зерттеумен айналысатын ғалымдар мен зерттеушілерді ғана даярлаумен шектелуге болмайды. Өйткені ашылған жаңалық пен соңғы технологияларды өндіріске енгізуге техник мамандар, оны дұрыс бағытта қолдана білетін менеджерлер дайындау маңызды болғанымен, адами құндылықты қалыптастырушы педагог даярлау аса маңызды деп білеміз. Себебі, аталған кешенді іске мемлекеттен бастап қатардағы әрбір азамат мұқтаж деуге болады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасы «Білім туралы заң» (2012.09.01. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен). – Астана : Ақорда, 2007 жылғы шілденің 27-сі. – № 319-III ҚРЗ.

2 Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы заңы» Астана, Ақорда, 2011 жылғы ақпанның 18-і, № 407 – IV.

3 Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан халқына жолдауы // Ақиқат. – 2013. – № 1. – Б. 5-27.

4 **Ибрагимқызы, Ш.** Ғылыми зерттеу іс-әрекеті арқылы болашақ мамандардың педагогикалық шығармашылығын қалыптастыру. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Астана, 2016. – 228 б.

5 **Шацкий, С. Т.** Избранные педагогические сочинения в 2-х томах. – М. : Педагогика, 1980. – Т. 2. – 416 с.

6 **Сухомлинский, В. А.** Избранные педагогические сочинения: В 3-х т. Т. 1 / Составители: О. С. Богданова, В. З. Смаль – М. : изд. «Педагогика», 1979. – 560 с.

7 **Қантарбай, С. Е., Жүсіпова, Ж. А.** Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістемесі: оқулық. – Алматы : ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. – 272 б.

8 **Баймухамбетова, Б. Ш.** Формирование готовности магистрантов к исследовательской деятельности: дис.... канд. пед.наук: 13.00.08. – Челябинск, 2011. – 225 с.

9 **Сластенин, В. А., Подымова, Л. С.** Педагогика: инновационная деятельность. – М. : Магистр, 1997. – 224 с.

10 **Баймукашева, Г. К.** Студенттердің ғылыми зерттеу әрекетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: пед.ғыл.канд. ... автореф. – Атырау, 2010. – 27 б.

11 **Розанов, В. В.** О понимании. – Ленинград, 1994. – 735 с.

Материал 23.08.17 баспаға түсті.

T. C. Slambekova

Научно-исследовательская культура будущего специалиста: функционально-содержательное описание

Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Астана.

Материал поступил в редакцию 23.08.17.

T. S. Slambekova

Research culture of the future specialist: a functional-content description

L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana.

Material received on 23.08.17.

В статье раскрываются функционально-содержательные особенности и пути развития научно-исследовательской культуры будущих педагогов. А также раскрывается роль научно-исследовательской культуры в формировании профессионализма у будущих специалистов.

The article reveals the functional-content features and ways of development of the research culture of future teachers. And also the role of scientific research culture in the formation of professionalism in future specialists is revealed.

О. В. Сухова¹, О. П. Решетова², Д. М. Мергалиев³

¹к.п.н., доцент, ²к.ф.н., доцент, Алтайский государственный институт культуры, г. Барнаул, Российская Федерация; ³к.иск., Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар, Казахстан
e-mail: ¹alt-dissovet@mail.ru; ³mergaliev_d@mail.ru

ФОРМИРОВАНИЕ ПОЛИСОЦИОКУЛЬТУРНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ В ПРОЦЕССЕ ЯЗЫКОВОГО ОБРАЗОВАНИЯ

В данной статье рассматривается актуальность развития полисоциокультурной компетенции в условиях интеграции в мировое образовательное пространство, анализируются ее сущность и содержание; предлагается модель формирования полисоциокультурной компетенции в процессе обучения иностранным языкам.

Ключевые слова: поликультурное общество, полисоциокультурная компетенция, языковое образование, модель.

ВВЕДЕНИЕ

Процессы межкультурной интеграции на национальном и международном уровнях обусловили модернизацию содержания языкового образования. В педагогической практике обозначился всплеск научных теорий по внедрению инновационных моделей языкового образования, методологической основой которого становится социокультурный подход (Н. М. Андронкина, Н. В. Барышников, Р. П. Мильруд, В. В. Сафонова, П. В. Сысоев, Г. Н. Филонов и др.).

Язык выступает как средство познания картины мира, приобщения к ценностям, созданными другими народами. Одновременно язык – это ключ для открытия уникальности и своеобразия собственной народной самобытности и исторических достижений представителей других культур. В связи с этим языковое образование – важный инструмент успешной жизнедеятельности человека в поликультурном и мультилингвальном сообществе людей.

В современном учебном процессе обучающимся необходимо не только научиться общаться на иностранном языке, но и формировать свой

социокультурный опыт в процессе иноязычного общения и развивать себя как поликультурную личность. В этой связи, обучение иностранному языку приобретает все более социокультурный характер, выраженный в формировании у обучающихся межкультурных компетенций личного, локального, регионального и мирового масштаба.

Полилог культур, как предполагаемый результат социокультурной направленности обучения иностранным языкам, считает Н. В. Барышников, ориентирует на усиление культуроведческого аспекта в содержании обучения иностранному языку, не только приобщая студентов к культуре страны изучаемого языка, но и помогая им лучше осознать и понять культуру своей семьи, родного города, края и страны, и развить у них умения представлять ее средствами иностранного языка [1].

Термин межкультурная компетенция появился во второй половине XX века, когда межкультурная коммуникация стала выделяться как отдельная область гуманитарного знания и означал – осознание индивидами этнокультурных различий в нормах социального поведения. Индивид, обладающий достаточным уровнем сформированности межкультурной компетенции, обладает умениями интерпретировать поведение представителей «чужой» культуры. В процессе межкультурной коммуникации коммуниканты проявляют свою межкультурную компетенцию, включающую языковой, культурный и коммуникативный компоненты. И только в процессе коммуникации проявляются уровни развития компонентов межкультурной компетенции, варьируясь от минимального, достаточного для обеспечения «выживания», до максимального, дающего возможность полноценной идентификации в инокультурной социальной среде.

В отечественной педагогической практике существуют различные трактовки понятия «межкультурная компетентность», интегрирующие, в целом, когнитивно-содержательную составляющую, предполагающую наличие у индивида сведений о какой-либо конкретной культуре, и психоэмоциональную – актуализирующую наличие у индивида способности к эмпатийности, толерантности, пониманию, рефлексии при контакте с представителями инокультуры. Индивид, обладающий достаточным уровнем сформированности межкультурной компетенции, обладает умениями интерпретировать поведение представителей «чужой» культуры.

Овладение умениями межкультурной компетенции происходит в процессе социализации, инкультурации и аккультурации, предполагающими осознание всех форм социального взаимодействия в разных культурах. Позитивное отношение к «своей» и «чужой» культурам основано на рефлексии индивида в рамках родной и иностранной культуры. Таким

образом происходит перевод из категории «чужого в «свое», а усвоение новой информации происходит не только на уровне объективных знаний (в отношении человека часто «предрасудочных»), но в первую очередь, в формах теоретического мышления, на уровне лично-прочитанных смыслов.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Изучение иностранного языка предполагает, прежде всего, овладение иностранной культурой. Е. Д. Пассов справедливо считает, что термин «иностранная культура» обозначает культуру страны изучаемого языка, а иноязычная культура – это совокупность языков и иностранной культуры [2]. Индивид познает иноязычную культуру как часть общей культуры в процессе коммуникативного иноязычного образования.

Статус иностранного языка в настоящее время еще более значим в контексте существования следующих факторов: развитие социальных, экономических и культурных связей между странами; доступ к мировому опыту через Интернет и другие средства массовой коммуникации; увеличение миграции населения в мировом масштабе; интеграция в сфере образования и культуры. Современный мир характеризуется новыми формами социальной мобильности, проявляющимися в свободном передвижении и проживании в пределах Евросоюза и возможности получения образования за рубежом. Социальная адаптация к современным условиям может быть достигнута только при способности индивидов преодолевать трудности и конфликты, при контакте с иными культурами, то есть к умению проявлять толерантность, устанавливать контакты, вести плодотворный диалог в межкультурном обществе.

Межкультурная коммуникация может быть представлена как система интериоризации социального контроля общения в виде правил речевого поведения [3]. Речевые нормы ведения диалога, например, предполагают следование правилам, ритуалам, необходимым разъяснениям, избегания навязчивости и излишней эмоциональности. В этой связи некоторые исследователи вводят понятие «нормативно мотивированного коммуникативного образа» как явления, присущего всем культурам и социумам. Эта концепция основана на социально-психологическом исследовании понятия «образ» как сочетания инвариантных социальных характеристик мира с вариантными индивидуально-личностными характеристиками, включающими нормы речевого поведения [4].

Акультурация как процесс развития полисоциокультурной компетентности основан на двух составляющих – личностной коммуникации и социальной, включающих когнитивный, аффективный и поведенческий

аспекты, которые находятся в тесной взаимосвязи и взаимозависимости. Именно сочетание этих сторон и обуславливает успешную адаптацию индивида к принимающей культуре.

Овладение различными нормами речевого поведения невозможно без достижения определенного уровня межкультурной компетенции (совокупности знаний правил межкультурного общения, межкультурного этикета; толерантного отношения к «чужим» культурам, стремления к сотрудничеству для решения общечеловеческих проблем) как залога успешной интеграции в мировое сообщество современной, деятельной, открытой личности, способной к диалогу, сотрудничеству.

Современное индустриальное общество, характеризующееся глобализацией в сфере экономики, политики, культуры, требует расширения контактов между народами, носителями разных языков и культур. Проблема успешной межкультурной коммуникации может быть обеспечена, в большей степени, через знакомство с социокультурной средой других народов через их сравнение со своей, родной культурой. Формирование межкультурной компетенции должно быть основано на гуманистических принципах диалога культур.

Н. К. Иконникова представила этапы формирования межкультурной компетенции в виде шести видов ответных реакций на различные межкультурные ситуативные контакты. Эти стадии отражают различные формы реакции представителей разных культур на межъязыковые контакты в контексте оппозиции «свой»-«чужой». Динамика действий индивида происходит через следующие этапы: отрицание межкультурных различий через сепаратизм и изоляцию; пренебрежение к другим культурам и восхваление достижений своей культуры; сведение культурных различий к минимуму путем подчеркивания психофизиологической и биологической общности; признание существования межкультурных особенностей в виде разных норм и целостных установок; достижение эмпатийного отношения к чужой культуре и осознание наличия общечеловеческих ценностей; вхождение в чужую культуру [5].

Так, по мнению Н. М. Андронкиной, содержание лингвосоциокультурной компетенции относится не только к процессу овладения практическим иностранным языком как средством общения, но и реализуется в освоении специальных теоретических знаний, относящихся к теории языка, и к таким теоретическим дисциплинам, как лингвокультурология, лингвострановедение, психология межкультурного общения, т.е. в процессе получения языкового образования [6].

Можно владеть языком как средством общения, но не ориентироваться в общем межкультурном контексте иноязычного общения, т.е. не иметь

сформированных знаний об истории, культуре, традициях страны изучаемого языка, этнокультурных обычаях, ритуалах, символах, стереотипах. К этим знаниям относятся и понятия речевого и поведенческого этикета, культуры и контекста выполнения различных видов деятельности бытового и профессионального характера. Профессиональное владение иностранным языком предполагает наличие данных знаний. Следовательно, языковое образование в целом, обеспечивающее формирование поликультурной языковой личности, должно охватывать все стороны такой подготовки будущего специалиста по межкультурному общению.

Относительно нашей теории, полисоциокультурная компетенция включает в себе три основных компонента: речевую, языковую и социокультурную

Речевая коммуникативная компетентность предполагает формирование и развитие у обучающихся коммуникативных умений в четырех основных видах речевой деятельности (говорение, аудирование, чтение, письмо). Овладение данными навыками позволяет использовать определенное количество языковых средств для построения высказываний от простейшего выражения чувств до передачи нюансов интеллектуальной информации.

Коммуникативно-речевая компетентность оценивается по следующим характеристикам: коммуникативная активность на иностранном языке; сформированность иноязычно-речевых навыков и умений; беглость речи понимание речи на слух. Некоторые ученые подчеркивают, что именно речевая компетентность является важнейшей составляющей иноязычной коммуникативной компетентности. Это означает, что основным требованием к владению иностранным языком на той или иной стадии обучения является способность обучающегося осуществлять коммуникативный акт, решать коммуникативную задачу. При этом корректность акта коммуникации (уровень сформированности лингвистической компетентности) рассматривается ими как дополнительный критерий.

Языковая (лингвистическая) компетентность подразумевает формирование и развитие языковых знаний (фонетических, грамматических, лексических) и навыков оперирования ими. Она понимается как потенциал лингвистических (языковедческих) знаний человека, совокупность правил анализа и синтеза языка, позволяющих строить и анализировать предложение, пользоваться системой языка для целей коммуникации. Содержание языковой компетенции – это усвоение категорий и единиц языка и их функций постижение закономерностей и правил функционирования.

Социокультурная компетентность обеспечивает учащимся возможность ориентироваться в социокультурных маркерах аутентичной языковой

среды, прогнозировать возможные социокультурные барьеры в условиях поликультурного общения и способы их устранения; адаптироваться к иноязычной среде, умело следуя канонам вежливости в инокультурной среде, проявляя уважение к традициям, ритуалам и стилю жизни представителей другого культурного сообщества.

Таким образом, содержание полисоциокультурной компетенции относится не только к процессу овладения практическим иностранным языком как средством общения, но и реализуется в освоении специальных теоретических знаний, относящихся к культуре и психологии межкультурного общения, страноведению, культурологии, краеведению. К этим знаниям относятся и понятия речевого и поведенческого этикета, культуры и контекста выполнения различных видов деятельности бытового и профессионального характера. Следовательно, языковое образование в целом, обеспечивающее формирование поликультурной языковой личности, должно охватывать все стороны профессиональной подготовки специалиста социокультурной сферы.

На основе анализа научной и учебно-методической литературы нами была предпринята попытка моделирования процесса формирования полисоциокультурной компетентности средствами иноязычного общения. Метод моделирования позволяет осознать и отразить профессиональную деятельность педагога и на основе всестороннего анализа компонентов обучающего процесса способствует переносу полученной в ходе анализа информации в контекст учебно-образовательной деятельности.

Структурно-функциональная модель формирования полисоциокультурной компетенции рассматривается нами как сложная система, т.е. как упорядоченное определенным образом множество элементов: цели, задач, субъектов, принципов, технологий, методов, форм, средств, результата – взаимосвязанных между собой и образующих целостное единство.

Целью в модели является формирование и развитие полисоциокультурной компетенции в процессе обучения иностранным языкам. Для реализации указанной цели был определен комплекс задач: развитие мотивации к восприятию и освоению социокультурных ценностей в поликультурном окружении; формирование системы знаний, умений и навыков, необходимых для ведения межкультурного диалога; создание условий для применения полученных знаний и их реализации в учебной и профессиональной деятельности; развитие культуры межнационального общения.

В качестве субъектов, призванных решать вышеперечисленные задачи, нами определены главные участники учебно-воспитательного процесса педагог и студент. Деятельность субъектов разумно строить с опорой на

принципы, т.е. наиболее общие положения, которые отражают устойчивые связи и отношения, складывающиеся в процессе учебно-образовательной деятельности.

Принцип гуманистической направленности определяет приобщение личности к общественному целому, к нормам и ценностям жизни в поликультурном обществе, что характеризуется наличием позитивных ценностных ориентаций по отношению к культуре своего народа, а также к культуре народов, проживающих рядом; установление в обществе толерантных и бесконфликтных отношений между представителями различных национальностей.

Принцип поликультурности актуализирует интегрирование в содержание учебного процесса гармонично соотношенных национальных, общероссийских и мировых культурных ценностей. Данный принцип отражает многоэтническую, многокультурную природу общества и предполагает, что при моделировании содержания учебного процесса в нем непременно должны найти выражение элементы различных культур и сообществ, включая культуры семьи, города, края, страны и мира.

Принцип культуроведческой направленности обучения обеспечивает речевое и культурное развитие личности средствами иностранного языка и способствует формированию человека культуры, осознающего особенности своей национальной культуры и способного приобщиться к иной культуре, умеющего взаимодействовать с представителями других народов и культур.

Принцип возрастания удельного веса самостоятельности и креативности студентов, что определяет роль преподавателя в учебном процессе как консультанта, помощника, партнера по общению и активизирует участие студентов в коммуникативной и учебно-познавательной деятельности как полноправного субъекта образовательного процесса.

Принцип интенсификации речевого и социокультурного взаимодействия, обеспечивающий корпоративность обучения и ориентирующий на широкое использование таких педагогических технологий, как обучение в сотрудничестве, проектная методика, профессионально-ориентированная ролевая игра. Сравнительно небольшая наполняемость групп, система многочисленных внеаудиторных мероприятий, индивидуальные занятия по иностранному языку обеспечивают преподавателю более длительный контакт со студентами, дают ему преимущество в изучении психологического климата в студенческой группе, а также в изучении личности отдельного студента, его внутренних потребностей, интересов, эмоциональных переживаний, а следовательно, дают возможность повлиять на их развитие.

Принцип систематичности, состоящий в целенаправленном, запланированном использовании материалов поликультурного характера на разных этапах обучения иностранному языку. Для систематичности, прочности и действенности знаний необходимо организовать процесс обучения таким образом, чтобы из содержания учебного предмета не выпадали элементы, важные для понимания основных идей и причинно-следственных связей, а также, чтобы общая система знаний приобретала все большую стройность и логическую соподчиненность и новое знание вытекало из ранее усвоенного и предлагало путь к освоению последующего.

Принцип междисциплинарности, предполагающий использование культурологического материала в связи с другими дисциплинами высшей школы (история, культурология, краеведение и т.д.). Соблюдение данного принципа позволяет «увязать» в единую систему все знания и умения, получаемые из разных дисциплин, а также приобретать новые знания в результате осуществления этих связей. Исходя из приоритета профессионального интереса и мотивации, необходимо организовывать всю учебную и внеучебную деятельность в тесной связи с будущей специальностью студента.

Принцип когнитивности, актуализирующий познание и усвоение в процессе обучения, новых сведений и знаний, а не только уже известных. Научные знания включают в себя факты, понятия, правила, законы, теории, обобщенную картину мира.

Принцип преемственности обеспечивает установление отношений между новым и предыдущим этапами обучения. Каждый новый этап строится с опорой на уже существующий опыт, что облегчает адаптацию к новым условиям обучения.

ВЫВОДЫ

Исходя из поставленных задач, к числу основных педагогических технологий, способствующих формированию полисоциокультурной компетенции, мы отнесли: информационно-образовательную, воспитательную, коммуникативную, креативную. Следует отметить, что в процессе учебно-образовательной деятельности названные технологии не имеют четких границ и временных рамок, а используются интегрировано и взаимообусловлено, что позволяет разнообразить учебный процесс и более эффективно достичь результата.

Реализация средств, форм, методов, ресурсов, составляющих методическое содержание педагогических технологий, предполагает их продуманную организацию, под которой мы понимаем целенаправленные

практические действия, которые ориентируют на постановку целей, задач, принятие решений, подбор учебного материала, его распределение, осуществление контроля. Формирование полисоциокультурной компетентности представляет собой многоуровневый, длительный и многоплановый педагогический процесс, который охватывает весь период изучения иностранного языка (1-ый, 2-ой курсы) и в ходе которого формирование иноязычной полисоциокультурной компетентности связано с расширением профессиональной картины мира будущего специалиста и осуществляется в определенной логической последовательности. В целом, мы рассматриваем технологическую организацию учебно-воспитательного процесса как последовательность определенных этапов: аналитического, организационно-планирующего, содержательно-деятельностного, корректирующего.

Аналитический этап предполагает диагностику уровня знаний студентов о полисоциокультурном окружении. В задачи этого этапа входит: определить степень осведомленности студентов в данном вопросе; степень сформированности позитивного эмоционально-ценностного отношения к поликультурному окружению; выявить наличие или отсутствие личностной потребности изучения культур других народов. В данном контексте преимущество отводится использованию анкет, при этом вопросы анкеты позволяют выявить четыре уровня сформированности полисоциокультурной компетенции: оптимальный, достаточный, недостаточный и критический. Отличия между уровнями состоят в степени владения межкультурными знаниями и умениями, развитости качеств личности, необходимых для достижения взаимопонимания с представителями иноязычной культуры, а также степени обладания опытом межкультурного взаимодействия.

Второй этап – организационно-планирующий предполагает разработку учебной программы по формированию полисоциокультурной компетенции и согласование этой программы с ГОС-ом. Этот этап включает: разработку программ коллективных, групповых, индивидуальных мероприятий; выбор рациональных методов и средств для достижения поставленной цели; разработку учебно-методических пособий, контрольных заданий и тестов.

Третий этап – содержательно-деятельностный направлен на реализацию программы формирования полисоциокультурной компетенции средствами иностранного языка. На данном этапе аккумулируются и реализуются на практике все формы и виды учебно-воспитательной деятельности.

Целью завершающего – корректирующего этапа является совершенствование полученных знаний, умений и навыков на основе рефлексивной позиции преподавателя и студентов. На данном этапе осуществляется контроль сформированности знаний о поликультурном

пространстве. Важным аспектом является также обеспечение профессиональной и личной значимости знаний, полученных в ходе учебных занятий, готовности к их практическому использованию в профессиональных и личных целях.

В целом формирование полисоциокультурной компетентности в процессе языкового образования способствует развитию поликультурной личности, способной психологически, вербально и физически интегрироваться в поликультурном обществе локального, регионального и мирового масштаба; формированию навыков межкультурного общения (на вербальном и невербальном уровне), развитию гуманности, толерантности, эмпатии, необходимых для дальнейшего межличностного и международного сотрудничества. Необходимо подчеркнуть, что данная работа не исчерпывает весь объем вопросов, связанных с формированием и развитием полисоциокультурной компетенции средствами иноязычного обучения. Многогранность проблемы, постоянно возрастающая актуальность темы, динамично изменяющиеся социокультурные условия требуют поиска новых решений проблемы толерантного сосуществования в поликультурном окружении.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

- 1 **Барышников, Н. В.** Преподавание иностранных языков и культур: теоретические и прикладные аспекты / Н. В. Барышников. – М., 2004. – 253 с.
- 2 **Пассов, Е. Д.** Программа-концепция коммуникативного иноязычного образования / Е. Д. Пассов. – М., 2000. – 178 с.
- 3 **Сысоев, П. В.** Культурное самоопределение в условиях языкового поликультурного образования / П. В. Сысоев // Иностранные языки в школе. – 2004. – № 4. – С. 16-18.
- 4 **Леонтьев, А. А.** Язык не должен быть чужим / А. А. Леонтьев // Этнопсихологические аспекты преподавания иностранных языков. – М. : Высшая школа, 1996. – 156 с.
- 5 **Иконникова, Н. К.** Программа курса «Основы межкультурного общения» / Н. К. Иконникова // Социологические исследования, 1995. – № 7. – С. 15-19.
- 6 **Андронкина, Н. М.** Актуальные проблемы формирования межкультурной компетентности в процессе обучения иностранному языку как специальности / Н. М. Андронкина // Горный Алтай : проблемы билингвизма в поликультурном пространстве. Сборник научных трудов. – Горно-Алтайск : РИО ГАГУ. – 2006. – С. 3-9.

Материал поступил в редакцию 23.08.17.

О. В. Сухова¹, О. П. Решетова², Д. М. Мергалиев³

Тілдік білім беру үрдісінде көпмәдениетті құзыреттілігін қалыптастыру

^{1,2}Алтай мемлекеттік мәдениет институты,

Барнаул қ., Ресей Федерациясы;

³С. Торайғыров атындағы

Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., Қазақстан.

Материал 23.08.17 баспаға түсті.

O. V. Sukhova¹, O. P. Reshetova², D. M. Mergaliev³

The formation of polysocial and cultural competence in the process of language education

^{1,2}Altai State Institute of Culture, Barnaul, Russian Federation;

³S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar, Kazakhstan.

Material received on 23.08.17.

Мақалада дамытудың өзектілігі көпмәдениетті қоғам құзыреті жағдайында әлемдік білім беру кеңістігінде талданады, оның мәні мен мазмұны; ұсынылады қалыптастыру моделі көпмәдениетті қоғам құзыреті шетел тілдерін оқыту процесінде қарастырылады.

The article tells about the relevance of polysocial and cultural competence development in the conditions of integration to the world educational area, analyzes its essence and content. The model of polysocial and cultural competence development in the process of language education is offered.

ЭОЖ 159. 9: 377(075)

А. Ш. Тәңірбергенова¹, К. М. Әбішева², С. А. Барлыбаева³

¹п.ғ.к. доцент; ²ф.ғ.д. профессор; ³магистрант, «Тұран-Астана»

университеті, Астана қ.

e-mail: ²abisheva@mail.ru

СЫНИ ОЙЛАУ СТРАТЕГИЯСЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ДАМУ

Сыни ойлау үрдісі бұрынғы кезден бері ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Сыни ойлау үрдісі жаңа білімнің пайда болуына септігін тигізеді. Сыни ойлау үрдісі – әртүрлі ақпаратты ұғынуға, қолдануға, талдауға, бағалауға бағытталған ойлау үрдісі.

Кілтті сөздер: ақпарат, сыни ойлау, шығармашылық, концепт.

КІРІСПЕ

Жаһандану кезінде ақпаратты қауіпсіздендіру мәселесі маңызды сұрақтардың біріне айналып отыр. Ақпараттық қауіпсіздік мәселелесінің білім және ғылым салаларына да қатысы бар, себебі бүгінгі күні интернет-дәліздерде алуан түрлі дайын рефераттар, орындалған үй тапсырмалары, жазылған шығармалар, шешілген есептер, жобалар беріледі. Бәрі де CD де және торларлық варианттарда ұсынылады. Бұндай ақпарат адамның зияткерлік жағынан, танымдық іс-әрекетінің жүзеге асырылуына зиян келтіреді. Сондықтан осындай сапасыз ақпараттарға жол берілмеу үшін оқушылардың өзіндік білімдерін, құзіреттіліктерін өзіндік түрде дамытқан жөн.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Бұл жағдайда сыни ойлау әдісінің тиімділігі сөзсіз. Оған баулау арқылы дамытқан оқушылардың интеллектісін жөн. Сыни-ойлау әдісі деген не? Оның диалектикалық, шығармашылықтық, өнімдік, инверсиондық ойлаудан айырмашылығы бар ма? Көптеген ғалымдар шығармашылықтық ойлау үрдісін келесі түрде сипаттайды: «шығармашылық ойлау үрдісі-ойлаудың бір түрі, ол жаңа субъективтік өнімді шығаруға септігін тигізеді, себебі оқушы ақпаратпен өзіндік түрде жұмыс істей алып, жаңа білімді таба алады» [1, 51]. Шығармашылық ойлау үрдісі А. Б. Брушлинскийдің пайымдауынша, оқушының өзіндік жұмысты орындау барысында келелі мәселелерді шешумен байланысы болады. Келелі мәселені шешу үшін белгісіз нәрсені табу қажет. Ол үшін ойдың пәнін белгілі бір қатынастардың торында қарастырып өзгерткен

жөн. Белгісіз нәрсе жай ғана абсолюттік кәуектік емес, өйткені ол міндетті түрде бір элементтер арасындағы қатынастарға, торларға кіреді, мәселе тек сол белгісіз элементтердің қатынастарын, байланыстарын белгілеп табуда [2]. Шығармашылықтық ойлау үрдісінің қайнар көзі – проблемалық жағдаят. Сондай жағдаятта адам бірталай қиындықтармен кездеседі, себебі, бір жағынан оқушы келелі мәселені шешуге тырысады, ал екінші жағынан, сол мәселені шеше алмайды, себебі білімдері жеткіліксіз болады.

Бұл жерде мәселені шешетін қажетті білімдер мен оқушылардағы жеткіліксіз білімдер арасында қарама-қайшылық пайда болады. Осындай қарама-қайшылық ойлау үрдісінің бастапқы себебін тудырып, қарама-қайшылықты шешуге итермелейді. Ойлану үрдісін жүзеге асыруда оқушы белгісіз мәселенің шешімін іздей бастайды. Ал осындай «белгісіздің» дайын шешімінің үлгісі жоқ, сондай шешудің жөн-жосығы да көрсетілмейді. Сондықтан оқушы жаңа шешімдердің жолын іздей бастайды. Қолында нәтижесі жоқ. Оны да әлі белгісіз жағдайда іздей бастайды. Шығармашылықтық ойлау үрдісінде кейбір ғалымдар креативтік ойлау үрдісі деп қарастырады. Дж. Гильфордтың ойынша, креативтік ойлау үрдісіне интеллектуалдық қабілеттіліктің 16 гипотетикалық белгілері бар екен. Солардың ішінде: ойлаудың шапшаңдығы «яғни бір уақыт мезгілінде пайда болатын ойлардың мөлшері»; ойлаудың, ақылдың алғырлығы «бір ойдан басқа ойға ауысу қабілеттілігі»; «ақыл-естің бірегейлігі»; «көпшілік мойындаған көзқарастардан басқа ойларды өндіру қабілеттілігі»; білуге құмарлық; «қоршаған ортаның мәселелерін сезіну, оларға деген әуестікті көрсету», болжамдарды өндеуге қабілеттілігін көрсету, иррелеванттылық қасиет (қиялдылық) [3]. Дж. Гильфорд аталған факторларды біріктіріп, дивергенттік ойлау үрдісіне жатқызды.

Осындай ойлау үрдісі шығармашылықтық ойлау тәсілімен жақындасады, себебі осындай екі ойлау үрдістері ұқсас; келелі мәселелелері әлі белгіленбеген, шешу үлгісі алдын-ала көрсетілмеген. А. Ф. Эсуалов өнімді ойлау үрдісін инверсиондық ойлау тәсіліне жатқызады. Осындай ойлау үрдісінің келесі белгілерін атауға болады: бастапқы материалды өзгерту, басқа түрге айналдыру, алмастырылған материалдың негізінде жаңа ізденістерді зерделеп, зерттеу [4]. Инверсиялық ойлау үрдісі сабақтасты. Оның бірізді күрделілене беретін деңгейлерінде басқа түрлерге ауыстыру, жаңғырылған конструктивтік-техникалық – трансформациялар (тұтастыру, бірлестіру, орнын басу, басқа затқа, құбылысқа айналдыру) т.б. қолданылады.

Келесі өнімді ойлау үрдісінің түрі – сыни ойлау үрдісі. Бұл қандай ойлау үрдісі? Оның ерекшелігі неде? Сыни ойлау үрдісіне Г. Халперн келесі анықтаманы береді: «Сыни ойлау үрдісі когнитивтік стратегияларды, дағдыларды пайдаланатын ойлау үрдісі» [5]. Ол басқа ойлау тәсілдерден

қиысындылығымен, мақсатының бағыттылығымен, жан-жақты ойланылған үрдістік әрекеттермен бөлектенеді. Сыни ойлау үрдісі – бұл интеллектуалдық түрде ойластырылған, бақылау, тәжірибе барысында жинақталған, рефлексиялау үрдісіне қатысты, пайымдау не коммуникациялық қауышу негізінде алынған әртүрлі ақпаратты ұғынуға, қолдануға, талдауға, топшылдауға, бағалауға бағытталған ойлау үрдісі. Сыни ойлау үрдісі Д. Клаустердің пайымдауынша, басқа ойлау үрдістерінен бес белгілер негізінде жіктелінеді: біріншіден, сыни ойлау үрдісі – өзіндік түрде жүзеге асырылатын ойлау үрдісі; екіншіден, ақпаратты жинап алу сыни ойлаудың негізгі мақсаты емес, ол зерделеуді бағыттайтын мәлімет сынды; үшіншіден, сыни ойлау үрдісі шешілетін келелі мәселелерді анықтайды, солардың ішінен тиімді шешу жөн-жосығын белгілейді, шешу стратегиясын айқындау үшін қойылатын сұрақтарды анықтап қойғызуға мәжбүрлейді; төртіншіден, сыни ойлау үрдісі сендіретін, мақұлдайтын дәйектемелерге негізделінеді; бесіншіден, сыни ойлау тәсілін әлеуметтік-психологиялық тәсіліге жатқызуға болады [6, 94 б.].

Сыни ойлау үрдісі кенттен қалыптасқан ойлау тәсілі емес. Ол бұрынғы кезден бері ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған, мәселен Дж. Дьюидің еңбектерінде конструктивтік ойлау тәсілі зерделенген. Ал Д. Брунердің жұмыстарында рефлексивтік ойлау үрдісі сипатталған болатын. Блум психология туралы жинақталған жұмыстарды талдау негізінде интеллектуалдық ептіліктер, дағдылардың сияғтамасын жасаған. Сыни ойлау үрдісі оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсендетіреді, жаңа білімдерді табуға бағыттайды, оларды белгілі ережелерге, ұстанымдарға сәйкес кәсіптік, іскери жағдаяттарда қолдануға, сыни көзқарастан ғылыми бағалауға, келелі мәселені шешу барысында тұжырымдамаларды жасауға, ұғынуға да қолданылатын білімдерді өзгертіп, қайта алмастыруға итермелейді. Соның негізінде жаңа білімдерді құрастыруға септігін тигізеді. Сыни ойлау үрдісі арқылы білімдерді өсіңкілік түрде қолдануға болады, өйткені солардың ішінен қажеттілерін таңдап алып, ойлау үрдісінде жаңаша пайдалануға септігін тигізеді. Өмірлік жағдаяттарда теліп, қосымша ассоциацияларды, олардың комбинацияларын өзгеше құрамдастырады.

Сыни ойлау үрдісі жүзеге асырылу барысында ұғымдарға сүйеніп, солар негізінде ойлау үрдісін жүзеге асырады, сондықтан осы ойлау тәсілін, ұғымдық ойлау үрдісі деп те атайды. Ұғымдық (концептуалдық) ойлау үрдісі адамның танымдық саласын ұйымдастырудың жоғары деңгейі ретінде қарастырылады. Ұғымдық ойлау үрдісін Л. М. Веккер концептуалдық ойлау үрдісі деп сипаттап, оның ұғымдық ойлау үрдісінен гөрі тиімдіреу екенін ескертеді. Л. М. Веккердің пайымдауынша, ұғым субъектінің білімі ретінде қарастырылады, өйткені ол сол білімді сыртқы білім ретінде меңгереді,

ал концепт болса, ішкі психикалық құрылым ретінде зерделенеді, себебі ол жеке ұғымдық тәжірибенің ішіндегі ментальдық құрылымы ретінде қарастырылады. Ол вербальдық (сөздік) белгілердің ішкі психикалық операндісі болып табылады [9].

Концептуалдық ойлау үрдісі негізінде оқушылардың интеллектуалдық қабілеттіліктерін дамыту үшін бірталай стратегияларды қолдануға болады. Солардың ішінен келесілерді атауға болады: концептуализациялау, категоризациялау, фреймдік модельдеу, когнитивтік сценарийлерді қарастыру, когнитивтік матрицалар бойынша талдау, т.б.

Концептуализациялау стратегиясы. Концептуализациялау, категоризациялаумен қатар негізгі ойлау үрдісінің түрі ретінде қарастырылады, себебі ол адамға әлемді тану барысында әлем туралы ақпаратты жинастырғызып, қалыптастырып, олардың пайдалануын, өндеуін қамтуға септігін тигізеді. Концептуализациялау – адамның танымдық үрдісінің бірі, ол оның мәнісі адамға жеткізілетін ақпаратты ұғынып, талдап, концептілерді құруында көрініс береді. Ол концептіні – білім квантін қалыптастыруға септігін тигізеді.

Концепт-менталды-вербалдық құрылым. Ол дискреттік-ментальдық құрылым ретінде адамның ойлау кодының негізгісі, оның реттелінген, ішкі құрылымы бар. Концепт тұлғаның танымдық әрекетінің нәтижесі ретінде сомдалынатын, зат не құбылыс туралы ақпаратты толымды түрде беретін білім бірлігі. «Интеллект» концептісі – психологиялық ғылымның білім кванті. Ол «Интеллект» ұғымы туралы толық түсінікті қамтиды. «Интеллект» концептін қалыптастыру үшін біз «интеллект» туралы ұғымды құрастыруымыз керек. Ал осындай ұғым концептуализациялау барысында сомдалынады, яғни адам бір зат, құбылыс ақпаратты жинастырады, сонан кейін өзіне түскен ақпаратты жалпылап топшылайды. Соның негізінде білім жүйесін құрады.

«Интеллект» концепті бес құрамдық құрамалардан тұрады. Бірінші құрамы «интеллект» түсімі туралы ұғымды қалыптастырады. Ол үшін заттың негізгі белгілерін айқындаған жөн. Интеллект деген не? Оның ойлау үрдісімен бірдей әрекет пе? Не ол ақылдылықтың, парасаттылықтың шоғырланған шыңы ма? Интеллект түсінігі туралы ұғымды құрастыру үшін оның негізгі белгілерін анықтаған жөн, сондықтан біз интеллекттің келесі нышаналарын айқындаймыз: 1) «интеллект» ойлау үрдісімен бірдей әрекет емес. Ойлау – үрдіс, ал интеллект ақыл естің қасиеті; 2) интеллект – ақыл-естің қабілеттілік; 3) интеллекттің негізгі қасиеті – дарындылық. Парасатты жоғары адам жаңа ойларды тудырады; 4) интеллектуалдық дарындылық бір ұғымды тез ұғыну, жаңаша өзгерту, трансформациялау, басқаға айналдыру

қабілеттіліктермен байланысты; 5) интеллектуалдық – бір нәрсе, құбылыс, зат туралы ұғымды, негізгі нышаналары, көрсеткіштері негізінде құруға, сол зат туралы ұғымды қалыптастыруға себін тигізеді. Ол үшін оқушы логикалық ойлау үрдісінің операцияларын қолданады: 1) заттар туралы ұғымды қалыптастыру үшін алдын-ала заттың нышаналарын, қасиеттерін анықтайды; 2) қарастырылып жатқан заттың қасиеттерін басқа ұқсас заттардың қасиеттерімен салыстырады, екі заттың қасиеттерінің ортақ не ұқсамайтын қасиеттерін анықтап алады. Балалар заттардың ұқсас, ұқсас емес қасиеттерін тауып алғаннан кейін логикалық ойлаудың келесі әрекетін (заттың ұқсас не ұқсас емес нышаналарының маңыздыларын жіктеп алып, солардың негізінде зат туралы ұғымды қалыптастыру) орындайды [11, 279-280 б.].

Л. М. Веккердің пайымдауынша, концептің ұғымдық құрамасы концептінің психикалық құрылымының маңыздысы, себебі концептінің барлық құрамалары ұғымдық ойды қалыптастыруға маңызды рөлді атқарады. «Интеллект» концептінің келесі құрамасы бейнелі компонент. Ол ұғымды бейнелі түрде көрсетуге септігін тигізеді. Бейнелі елестерді, көріністерді ассоциативтік ойлау үрдісі не сенсорлық тәжірибенің нәтижесі арқылы жүзеге асыруға болады. Ассоциативтік бейнелерді тудыруға бейнелі тәсілдер мәселен теңеу септігін тигізеді. Теңеу, аналогия, логикалық ойлау үрдісінің негізгі әрекеттері ретінде ойды көрнекті түрде көрсете алады. «Интеллект» концептін бейнелі түрде көрсету үшін ассоциативтік тәсілді яғни сөздердің арасындағы логикалық байланыстарды табуға болады, мәселен, ащы, тәтті, мамық-ауыр, қой-қозы, жабағы-жүн, қараңғы-іңір, қара, күнгірт, етікші, етік, ұста-жиһаз, ұй, т.б. Д. Векслер интеллекттің деңгейін бейнелі тәсілдер негізінде зерттейтін бірталай тестілерді, субтестілерді ұсынды. Солардың ішінде заттардың ұқсастығын табу: субтест; 2) сөздік қор 42 ұғымнан тұрады. Ол вербалдық дағдыларды қалыптастыруға шоғырланған. Сөздерді жинақтау барысында оқушылар олардың мағыналарын түсіндіреді, ұқсастығын табады. Оқушыға ең алдымен күнделіктегі қолданыстағы 10 сөзді береді, сонан кейін күрделілеу 20 сөзді ұсынды, ақырында 12 абстрактілі-теоретикалық ұғымдарды, терминдерді береді; 3) суреттердің сабақтастығын белгілеу оқушыға реттелінбеген суреттердің сегіз түрі беріледі. Оларды белгілі арқау бойынша орналастыру қажет. Бұл жағдайда оқушының бөлшектерден бүтінді құрастыру қабілеті тексеріледі; 4) суреттерді аяқтау. Оқушыға бір, екі элементтері жоқ суреттер ұсынылады. Оқушыларды тауып, суретті толықтыруы қажет. Тапсырманы орындау уақыты – 20 сек. Дұрыс жауап үшін бір балл беріледі.

Концептінің келесі құрамасы – вербалдық компонент. Л. М. Веккердің айтуынша, «ойлау үрдісі» барысында ақпарат симмулянттық кеңестік

заттық гештальттардан, символикалық операторлық тәсілдерден тілге үздіксіз ауыстырылып отырады, ал ол тіл бірөлшемдік сөздік дабылдардың сукцессивтік құрылымы түрінде жүзеге асырылады [9, 247 б.]. Яғни интеллект туралы түсінікті сөздік құрылымдар арқылы түсіндіруге болады. Бұл жағдайда біз интеллект концептісінің коммуникативтік сөздік кеңістігін құрамыз. Сонымен қоса «интеллект» ұғымына байланысты мақал-мәтелдерді, фразеологизмдерді де келтіреміз, қараңыз. «интеллект» ұғымының коммуникативтік кеңістігі: синонимдер: интеллект, ақыл-ес, парасат, ақылды, ақылшы, ақылгөй, данагөй, данышпан, кемеңгер, ойшыл, ұлы, есті, ақылман, интеллектуалды, зерде, т.б.; антонимдер: ақымақ, ессіз, парасатсыз, ақылсыз, ақылгөйсiген, ойсыз, зерделілігі жоқ, ақымақ, бассыз, дәлду, дәлдір, қауқабас, есер, т.б.; мақал-мәтелдер: ақсақ қой түстен кейін манырайды, ақылды ойланғанша, ақымақ суға кетеді; ақымаққа айтқан сөз, айдалаға айтқан оқпен тең; ақылы аздың ашуы көп; есерге ақыл айтамын, есінді тауыспа; ақымаққа айтқан сөз ағып жатқан сумен тең, ақылдыға айтқан сөз қолға ұстаған сумен тең; ақымақ бас екі аяққа таным бермес; ақылсыз адам менмен келер, ақылды адам теңмен келер; ақымақпен ас ішкенше, ақылдымен тас көтер, т.б.; фразеологизмдер: ақылдың сөзіндей ойлы-күй; түйенің танитыны жапырақ; басы жұмыс істейді; ақылдан шайнам жоқ; ақымақ санады; ақылы алқымынан аспаған; ақылынан адасты: ақылға келмеген; ақылы тапшы, т.б. Ақыл-есер, интеллект, ақылсыз, т.б. адамның естілігін көрсететін сөздердің мәнмәтіндерде қолданылуын қараңыз: сол екі ақымақтың есіне бола елді бір-бірімен атыстырып қойған да ақылдылық болмайтын сияқты.

Өнер жолында көрген-білгенін танып, сезгенін саралап, өз жолын табу – үлкен зерделілік (Жасын белес). Еркеліктен естелік басым түсіп, кей істі әкесіз-ақ өзі шешті (Б. Тұлғажанов). Сұлтанмахмұт та нәзік сезімді, ұшқыр қиялды, ақыл-ой иесі сияқты (Б. Кенжебаев); Қанат – біздің сыныптағы топтан озық шыққан интеллектуал (Б. Қойшыбаев): Е, шырағым, бақытсыз елді қашан да бассыздар билейді, ел сорына ол да болыс бола қалыпты (Ө. Әбішев); Оған бұл сұрық алаңғасарлау ойсыз адамның сөзі сияқты көрінеді (Қ. Тоқаев). «Тұлғалық конструкторды құрастыру» тәсілі де интеллектуалдық дағдыларды қарастыруға септігін тигізеді. Тұлғалық конструкторлар Д. Келлидің еңбектерінде ұғымдық жүйелер ретінде қарастырылған. Тұлғалық конструктор, Дж. Келлидің ойынша, адамға бір нәрсені түсіндіру үшін пайдаланылатын ойлардың жиынтығы. Солар арқылы адам өз тәжірибесінің нәтижесін болжайды, не түсіндіре алады. Тұлғалық конструкторлар ұқсастық не қарама-қайшылық қатынастарға негізделген. Олар дүниенің кейбір тұғырларын түсіндіруге септігін тигізетін, тұрақты

әдістер ретінде де қолданылады, мәселен, «жақсы-жаман», «есті-ессіз», «ақылды-ақымақ», «еркектікі-әйелдікі», «қайырымды-қайырымсыз» тұлғалық конструкторлары арқылы да адамның интеллектуалдық қасиеттерін сипаттауға болады [12].

Осындай тұлғалық конструкторлардың негізінде категоризациялау ойша операцияларын өткеруге болады, яғни ұқсастық не конструктивтік белгілер бойынша адамның интеллектуалдық қабілеттігін сипаттайтын ұғымдарды категорияларға (топтарға) жіктеуге болады. Категориялар адамның танымдық іс-әрекетінің нәтижесін тапшылдайтын сараптамалық топтар. Категоризациялау нәтижесінде адамның интеллектуалдық қасиеттерін көрсетуге болады, қараңыз: зерделі, данышпан, кемеңгер, ойшыл, мило, интеллектуалды, басы бар, түсінігі бар, данагөй, ақылгөй, көмелетке жеткен, т.б. сөздерді жатқызуға болады. «Ақымақ» топтарға: мисыз, түйсіксіз, ессіз, ойсыз, топас, миғұла, бассыз, есер, жарымес, т.б.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сыни ойлау үрдістің концептуализациялау, тұлғалық конструкторды қолдану категоризациялау стратегияларын пайдалану арқылы талдау, бағалау, топшылдау, ұқсастықтарды, қарама-қайшылықты қасиеттерді табу, салыстыру, бастапқы ақпаратты табу интеллектуалдық ептіліктерді дамытуға болады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Баубекова, Г. Д., Бекбаева, Ж. С.** Проблемы развития творческого мышления. – Астана : Дарын, 2007. – 120 с.
- 2 **Брушлинский, А. В.** Субъект. Мышление учение, воображение. – Воронеж : НПО, 2003. – 220 с.
- 3 **Морозов, А. В., Чернышевский, Д. В.** Креативная педагогика и психология. – М. : Академический проспект, 2004. – 180 с.
- 4 **Эсаулов, А. Ф.** Активизация учебно-познавательной деятельности студентов. – М. : Высшая школа, 1982. – 169 с.
- 5 **Халперн, Д.** Психология критического мышления. – Спб., 2000. – 56 с.
- 6 **Полат, Е.С., Бухаркина, М. Ю.** Современные педагогические информационные технологии в системе образования. – М.: Издательский центр «Академия», 2008. – 210 с.
- 7 **Дьюи, Дж.** Психология и педагогика мышления (как мы мыслим). – М. : Изд-во Лабиринт, 1999. – 185 с.
- 8 **Брунер, Д.** Психология познания. – М., 1977. – 240 с.

9 Веккер, Л. М. Психические процессы. Мышления и интеллект. – Л. : ЛГУ, 1976. – Т. 2. – 210 с.

10 Краткий словарь когнитивных терминов. – М., 1996. – 160 с.

11 Столяренко, Л. Д. Педагогическая психология. – Ростов-на-Дону : Феникс, 2006. – С. 279-280.

13 Келли, Дж. Когнитивная теория личности // Хьелл Л., Зиглер Д. Теория личности. – СПб. : Питер, 2007. – С. 142-149.

Материал 23.08.17 баспаға түсті.

А. Ш. Танирбергенова, К. М. Абишева, С. А. Барлыбаева

Развитие интеллектуальных способностей учащихся через применение стратегии критического мышления

Университет «Туран-Астана», г. Астана.

Материал поступил в редакцию 23.08.17.

A. Sh. Tanirbergenova, K. M. Abisheva, S. A. Barlybayeva

Development of intellectual abilities of students through the application of the strategy of critical thinking

University «Turan-Astana», Astana.

Material received on 23.08.17.

Критическое мышление в трудах ученых рассматривалось и раньше. Критическое мышление оказало влияние на формирование нового знания. Процесс критического мышления – это процесс, направленный на понимание, использование, анализ, оценку разнотипной информации.

Critical thinking in the writings of scientists has been considered before. Critical thinking influenced the formation of new knowledge. The process of critical thinking is a process aimed at understanding, using, analyzing, evaluating different information.

ӘОЖ 811.512.122`37

С. Е. Тапанова¹, К. М. Әбішева², М. С. Байкадамова³

¹п.ғ.д., профессор, Л. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Астана қ.; ²ф.ғ.д., профессор, ³к.ф.н., доцент, «Туран-Астана»

университеті, Астана қ.

e-mail: ¹tapanova@mail.ru

ІСКЕРИ ЖӘНЕ САЯСИ ӘРЕКЕТТЕГІ МАНИПУЛЯТИВТІК ЫҚПАЛДЫҢ ТҮРЛЕРІ

Мақалада іскери, саяси қауышу түрлері әлеуметтік-психологиялық, когнитивтік құбылыс ретінде қарастырылады. Іскери, саяси қауышу түрлері жалпы, не бірін-бірі толықтыратын қажеттіліктерді қамтитын адамдардың өзара әрекеттесуі деп көрсетіледі.

Кілтті сөздері: ықпал, әрекет, қажеттілік, коммуникация, тәсіл.

КІРІСПЕ

Бүгінгі күнде іскери қауышудағы әрекеттесу түрлері (бірлесу, соқтығысу, манипулятивтік ықпал жасау, т.б.) зерттеушілердің назарын ерекше аударды. Сондай ғылыми ынтаның арттырылуының, ғалымдардың қызығушылығын тудырудың бірнеше себептерін атауға болады. Оларға келесілерді жатқызамыз: 1) ғылыми қолданысқа кең деңгейде ендірілген интегративтік тәсіл бұрын психология ғылымының шеңберінде ғана қарастырылатын әрекеттесу үрдісін жан-жақты әртүрлі ғалымдардың білімдерін, тәсілдерін қосып, зерделеуге толық мүмкіншілік тудырады. Осы әдісті қолдану барысында объектілер бір ғана ғылымның шеңберінде зерттелмей, оларды талдау негізінде басқа салалардағы білімдерді пайдаланады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Әртүрлі салалардағы білімдерді біріктіру нәтижесінде зерделенетін нысан күрделі, көпжақты объект ретінде қарастырылады. Іскери қауышуды зерттеу барысында сан-қилы білімдерді, солардың ішінде психологиялық (қауышудың құрамалары, түрлері, қабылдау, түсіну, әрекеттесу типтері), когнитивтік психология (перцепция, концепт, менталдық репрезентациялардың түрлері), әлеуметтік лингвистика (мәртебе, әлеуметтік қатынастар, әлеуметтік роль), тіл білімі (вербалдық және бейвербалдық тәсілдер, тілдік материал), прагматика (қатысу постулаттары, серіктестіктердің мінезіне әсер ету жолдары),

коммуникация (*коммуникация, сөздік акт, олар арқылы коммуниканттардың қатысуы*) біріктіріп зерттеу нысанының әртүрлі жағынан сипаттап, айрықша белгілерін тауып зерттеу пәнінің толық анықтамасын беруге болады.

Г. М. Андреева қауышуды әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан қарастырып, оны тек қана қатынастық түріне жатқызбай, қауышу үдерісін серіктестердің өзара әрекеттесуі деп санайды [1].

Б. Ф. Ломов, Г. М. Андрееваның пайымдауынша, қауышуды әлеуметтік психологиялық құбылыс ретінде сипаттап, үш құрамасын: 1) интерактивтік (қауышатын адамдар бір-бірімен әрекеттеседі); коммуникативтік (қауышу кезінде ақпаратпен алмасу қамтылады); перцептивтік (қауышу серіктестердің түсінуін, бірін-бірі қабылдауын да қамтиды), сол тұрғыдан зерттеген жөн [2].

Іскери, саяси қауышу түрлерін де әлеуметтік-психологиялық, когнитивтік құбылыс ретінде қарастыруға болады. Оның когнитивтік-әлеуметтік табиғаты іскери, саяси салаларда тіршілік ететін адамдардың хал-әрекетін жүзеге асырумен, осындай қауышу түрлерді интерактивтік құрамасын мазмұны және формасы жағынан қарастыруға болады. Интеракцияның мазмұны – оның сыртқы сипаты. Ол адамдардың әлеуметтік қатынастарында, мәртебелерінде әлеуметтік рөлдерінде көрініс береді. Ал формасы адамдардың қауышуының кезінде көрсеткен мінез-сипаты (қарама-қарсылықтық іс-әрекет, соқтығыстық іс-әрекет, бірлескен іс-әрекет (кооперация), манипулятивтік іс-әрекет). Өзара іскери, саяси әрекеттесу қажеттілігі адамның негізгі қажеттіліктерінің бірі, ол адамдардың арасында жүзеге асырылатын әлеуметтік ақпаратпен, ақыл-естің өнімімен, тәжірибемен алмасу мақсатын орындауды көздеп, тілдік, бейвербалдық тәсілдер арқылы өткеріледі.

Іскери, саяси қауышу түрлері жалпы, не бірін-бірі толықтыратын мүдделері, қажеттіліктерін қамтитын адамдардың өзара әрекеттесуі. Іскери қажеттіліктердің ішінде іскери қатынастарды орнату, іскери ақпаратпен, тәжірибемен алмасу, бір зат, іс-әрекет туралы келісімге келу. Іскери қауышу тұлғаралық қауышудың бір түрі, ол «заттық уағдаластыққа жетуге бағытталған» [3, 130 б.].

Осындай қауышу түрлерінің заттық іс-әрекет ретінде іске асырылуын, оның әрекеттік, яғни интерактивтік табиғатын дәлелдейді. Қауышу интерактивтік жағымен шектелмейді. А. А. Леонтьевтің пікірінше, оның әрекеттік табиғаты біріншіден, оның интенционалдық (өзгешелік мақсатты көздеу, уәждердің болуы), сөйленімін асырумен; екіншіден, нәтижелілігімен; үшіншіден, әдептілік нормаларды қадағалаумен (қауышуды әдептілілік ережелері реттейді) арқылы дәлелденеді [4].

Өзара әрекеттесу кезінде серіктестер әртүрлі мақсаттарды көздейді: біреуді сендіру, оған әсер ету, айтқанына көндіру, т.б. Сондықтан әрекеттесудің әртүрлерін сипаттауға болады. Солардың ішінде бірлескен әрекеттесуді (бұл жағдайда бір серіктес өзінің көзқарасын ашық білдіреді де, басқалардың көзқарасын да ескеруге тырысады), мәселен:

№ 1 серіктес: *мен Норвегиядан келіп отырмын. Сіздің азмөлшерлік кемелерді шығаратын кәсіпорындарыңыздан үш кеме сатып алғым келеді. Сіздердің мүдделеріңізді, қазақ, орыс, шетелдік серіктестікті құру жосындағы ұсыныстарыңызды ескеріп отырмын.*

№ 2 серіктес: *әлбетте, сіздің сұранысыңыз бізді қуантады. Сіз ұсынған бағамен келісеміз. Дегенмен, аздап, 10 пайызға түсірім жасасаңыз жөн болар еді.*

№ 1 серіктес: *әрине, болашақ қазақ-орыс, норвегиялық серіктестігін құрып, қоян-қолтық жұмыс істеу туралы келісім-шарттың негізгі ұстанымдарын қолдаймыз. Келешектегі бірлескен жұмысымызды ескере отырып, соманың 10 пайызын түсіруге келісемін.*

№ 2 серіктес: *мен сізге риясыз сенемін, себебі біз көп уақыт бірге бірлесіп жұмыс істеп келеміз. Біздің фирмалар тығыз қарым-қатынаста, байланысымыз үзілмейді (А. Потемкин. Орыс емделушісі). Өзара әрекеттесудің екінші түрі – қарама-қайшы әрекеттестік. Бұл жағдайда серіктестер келісімге келе алмайды, себебі бір-біріне қарсы шығып, өздерінің көздеген жеке мақсаттарын орындай алмайды, мәселен:*

№ 1 серіктес: (фирманың сауда-саттық менеджері): *қайырлы таң, Илиадис мырза! Сізді біздің офисте көргенімізге қуаныштымыз. Осымен төртінші рет кездесіп отырмыз. Осы күнге дейін келісімге келе алмадық. Сіз тағы 11 пайыздық түсірімді сұрап отырсыз ба?*

№ 2 серіктес: (Илиадис мырза)! *ия, мен келген сайын 11 пайыз сұраймын. Сіздер келісім бермегендіктен, басқа амалды қолдануға мәжбүрмін. Сізге құпия түрде бір ұсыныс жасайын. Егер сіз осы жалты сомалық төлемін 11 пайызға түсірсеңіз, сізге қолма-қол 30 мың доллар ұстатамын. Бұл сома сіздің сый-ақыңыздан 3 есе артық.*

№ 1 серіктес: *жоқ, құрметті Илиадис мырза! Мен клиенттермен фирмалардан тыс, өз мүддеміңді жақтап, келісім жасай алмаймын. Фирманың мүддесін қорғаймын. Осы сұрақты талқыламай-ақ қояйық, гафу етіңіз! (А. Потемкин. Орыс емделушісі).*

Өзара әрекеттесудің үшінші түрі – манипулятивтік, біржақты әрекетті жүзеге асыру – бір серіктес басқаға көпжақты әсер етіп, өзінің айтқанына көндіргісі келеді. Екінші серіктес оның ырқына көнгісі келмесе де ол, бірінші серіктес жасаған ықпалына, бағынып, тойтарыс бере алмайды.

Манипуляциялау психологиялық ықпалдың бір түрі, ол біржақтық ұтысқа жету үшін қолданылады [5].

Манипулятивтік ықпал жасау барысында келесі тәсілдер қолданылады: 1) ықпалдың көпбағыттылығы. Манипулятивтік ықпалдың жасырын түрі бірнеше мәселелерді (адресаттың назарын басқа жаққа аудару, адресаттың сыншылдығын төмендету, өзінің беделін арттыру, адресатты басқа адамдардан оқшаулау) қатар шешу арқылы қамтылады; 2) психологиялық қысымды көрсету. Осындай қысымды көрсету үшін ықпалдың барлық түрлері қолданылады (өзіндік бастаманы іліп әкету, өз тақырыбын ендіру, шешім қабылдау үшін қажетті уақытты қысқарту, өзін жарнамалау, отырғандардан жәрдем алу үшін өтінім жасау); 3) сұхбаттастық адресаттың мүддесін, мұқтаждығын ескере отырып, өзін көмек беретін адам ретінде көрсету, қорғаушы, болып қанатының астына алушының рөлін ойнап, дегенін істету); 4) сұхбаттастық жеке қасиеттерін пайдалану (шешімді сұхбаттастың өзі қабылдаған сияқтандыру) [6].

Манипулятивтік ықпалды өткізу үшін когнитивтік стратегиялар қолданылады. барлық ықпал жасайтын тәсілдер екі когнитивтік стратегияларға кіреді: қарқындату және кемітіп көрсету саяды [7].

Қарқындау стратегиясы біреудің кемшіліктерін көбейтіп, өте үлкен гиперболалық деңгейде көрсетуі мүмкін. Сонымен қоса, манипулятивтік ықпал жасайтын адам өзінің қадір-қасиетін айқын көрсетіп, кемшіліктерін азайтады, яғни өзі үшін «өрлету» ойынын, пайдаланып, жақсы жақтарын томпайтады. Ал бөтен үшін бұл «төмендету» ойыны, яғни біреудің жағымсыз жағын күнгірттеу етіп, қарайтып, кемшіліктерін көбейте көрсетеді.

Төменгі мысалда сөйлеуші (директор) манипулятивтік ықпалдың көпвекторлық тәсілін қолданумен қатар қарқындату және азайту, кеміту стратегияларын да пайдаланады. Ол залда отырған халыққа жақсы жұмыс істеген маманды жамандап, өз беделін көтеруге тырысады: «Жанаттың есебін талқылап, сөз сөйлеген мал өсірушілер мен орта буын мамандарының бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай, осы табыстарымызға бас зоотехнигіміздің арқасында қол жеткіздік» дегендерін естіген сайын директордың мазасы кете бастады. *Мыналардың «бас зоотехнигіміз» деген өрікпеген көңілдерін қайтсе де басып тастауы керек. Жан-дүниесі қызғанышпен қуырған қалпы Тельман мінбеге шыққан. Тамағын бір қырпап алған Тельман Жанаттың атқарып келген бәр істерін жоққа шығаруға келіскен. Мен де мал маманымын, – деген Тельман салған жерден. – Тәжірибем сіздердің бас зоотехниктеріңізден әлде қайда артық жатыр. Бір ауданның мал шаруашылығына басымыз жасағанмын. Бұл шаруашылықтың бас зоотехнигі ірі қараның мүйізін кесі, тұяғын жонудан басқа дәңнені білмейті, – деді*

Тельман бір сөзінде. – Етті молайту үшін шошқа өсіру жөніндегі жоғарыдан беріліп айтқан нұсқауды орындау әлі қолға алынбаған. Жанат үндемеді» (Ж. Ергалиев. Бұлтты түнгі толған ай). Бұл үзіндіде манипулятивтік қауышудың екінші тәсілі де – психологиялық қысым қолданған (өзіндік бастаманы қолына алу – мінбеге шығып сөйлеу); өзінің тақырыбын кіргізу (өзін-өзі мақтау, өзіне жарнама жасау).

Партнерге манипулятивтік ықпал жасау кезінде когнитивтік те стратегияларды қолданылады. Олар сөздік ықпалды іске асырады.

Қарқындату тәсілдері тілдік және бейвербалдық болу мүмкін. Тілдік әдістердің ішінде гипербола жиі кездеседі. Сол тәсіл арқылы партнер өзінің қадір-қасиетін асырады: «Мен сізге іскери ұсыныс жасағым келеді. Деменштейнді тастап, менің тапсырмамды орындаңыз. Ол жай гана ұждансыз адам емес, ол әрекетсіз сұмдайы, алаяқ, қарабет, жауыз, қылмыскер. Екеуіміз 90-жылдарда бірге істегенбіз. Металлургиялық комбинатта компания бойынша серіктес болдық. Ол не істеді десеңші? Мені алдап-сулап, ойда жоқ құлығын істе арттырып, компаниядан керек емес шүберек сияқты лақтырып тастады. Өзі металлургиялық комбинатқа ие болды. Ол мені сатып кетті. Мен қолымдағы істен айрылып, қайыршылық күйге түсіп қалдым. Кейін сауда-саттық бизнесімен шұғылданып, қор жинап алдым. Құдайға шүкір, қазір қолымда миллиардтық қор бар. Сізге төрт есе төлеймін. Айтқаныма көніңіз, өкінбейсіз».

Азайту стратегиясы – өзінің кемшіліктерін, біреудің қадір-қасиетін бүркемелеу. Бұл жағдайда манипулятор біреудің жақсы қасиеттерін бүркеп, көзге түсірмейді. Жарнамада да сататын тауардың кемшіліктерін жасырады, мәселен, тағамдардың құрамында консерванттар бар. Ал қазір тұтынушылар «консервант» деген жазуы бар тауарларды алмайды. Сондықтан жарнама берушілер, өнімді шығарушылар «консервант» деген сөзді бүркемелеп, оның орнына басқа тіркесті қолданады: ароматталынған калий сорбаты.

Манипулятивтік қауышудың бір түрі – *соқтығыстық әрекеттесу*. Бұл жағдайда бірінші серіктес сұхбаттасының жетілмегенін, кемшіліктерінің бар екенін көрсетіп, өзінің артықшылығын айқындайды. Сөйлеуші сұхбаттас екінші адамның санасына жасырын түрде ықпал жасап, психологиялық дискомфорт жағдайына келтіруге тырысады. Психологиялық дискомфортқа Платонов К. К. келесі анықтаманы береді: «Тұлғаның бағыттылығы мен объективтік мүмкіншіліктері арасында жүзеге асырылатын ішкі соқтығыс» [8]. Соқтығыстық манипуляция – сөздік әрекет, оның мақсаты: екінші серіктестің алдында өзінің артықшылығын, маңыздылығын көрсетіп, оны кеміту, соның арқасында айтқанына көндіріп, өзін танытқысы келеді. Мәселен,

Сұхбаттас № 1. Қызметкер: *Жұмысқа тұру үшін өмірбаянымды, түйіндемемді сізге жібердім. Сіздің шешіміңізді білгім келеді.*

Сұхбаттас № 2. *Тәжірибеңіз бар ма? Ептіліктерің ше, дағдыларың ше? Мен бұл жұмысты талай жыл атқарамын: Тәжірибем мол, білімдерім де жеткілікті. Жұмыста менің қадір-қасиетімді бағалап, менеджер жұмысын атқаруға бұйрық берді. Ал сен кімсің? Кеше ғана ЖООның бітірдің! Тәжірибең жоқ, біліміңнің деңгейі жоғары емес, дағдыларың да, икемің де жоқ.*

Соқтығыстық манипуляция коммуникативтік қысым түрінде де көрініс береді. Бұл жағдайда сұхбаттас қойған сұраққа тыңдаушы сұрақпен жауап береді (дүкенде: *Ірімшік қанша тұрады?/ Немене, көзіңді шел басқан ба? Бағасын қормейсің бе?*). Осындай манипулятивтік ықпал жасайтын әрекеттерге тойтарыс берген жөн. Ол үшін жалтару стратегиясын қолдануға болады. Осындай стратегияны коммуникативтік стратегияларға жатқызамыз. Ол әрекеттесу барысында коммуниканттардың әртүрлі сөздік ниеттері қактығысып, олардың интенцияларын әртүрлі интерпретациялау жағдайында қолданылады. Әрекеттесу барысында біреу манипулятивтік ықпалын өткізіп, коммуникативтік қысым жасайды. Сонымен қоса, тыңдаушы сөздік ниеттің мақсатын білмесе, не сөйленімнің мәнмәтіні туралы ақпары болмаса онда, О. С. Исерстің айтуынша, «Стратегиялық эксплуатация жағдайы жүзеге асырылуы мүмкін» [9, 112 б.].

Эксплуатациялық стратегияға жалтару стратегиясы қарсы тұрады. Осындай стратегияға келесі анықтаманы беруге болады. «Жалтару стратегиясы сөздік мінез-сипаттың тәсілі. ол сұхбаттастың сұрағына лезде жауап қайтаруға талап етпейді. Жалтару стратегиясы сұраққа бүркелген жауапты қайтаруға да итермелейді [10, 78 б.].

